Ресейлік зерттеуші Д.В. Кузнецов жоғары сынып оқушыларының құндылық-семантикалық саласын қалыптастыру және жеке тұлғаның өзін-өзі анықтау мәселесін шешу үшін психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуді жан-жақты қарастырса [4], Канадалық зерттеуші Карен Гудноу «Ғылыми білім беру контекстіндегі Іс-әрекетті зерттеуді жеңілдетудің мектеп мұғалімдерінің рефлексиясылық тәжірибеде жүзеге асыруға болатынын және ол мұғалімдердің біліктілігін арттырудың берден-бір тиімді жолы деп түсіндіреді[5]. Қазақстандық зерттеуші О.Т. Хамитова өз еңбегінде қазақтың ағартушы, ақындары мен философтарының еңбектеріндегі полиэтникалық толеранттылықты дамытуда фасилитация механизмдерін қолдану жайлы айтады. Сонау Жүсіп Баласағұнның еңбектерінен бастап Ш.Уалиханов, А.Құнанбаев өз шығармаларында фасилитация туралы барлық балаға тең құқықта олардың жеке басын құрметтей отырып, олардың әрбір ісіне қолдау көрсетіп, өзекті мәселелерді шешудің жолдарын жеңілдету арқылы олардың еңбектеріне фасилитация жасауға болатынына баса аударды [6].

Белгілі психолог Джон Дьюи (1929 -1984) оқытушының білім берудегі маңызды рөлін атай отырып, ол білім мен іс-әрекеттің бөлінуіне сын көзбен қарап оқытушылар өздерінің теорияларын іс жүзінде тексеріп, растауы керек деп сендірді. Ол мұғалімдерді рефлексия практиктері болуға және педагогикалық пайымдаулар мен өз тәжірибелерін зерттеуге негізделген тәуелсіз шешімдер қабылдауға шақырды[7]. Джон Коллиер Action Research терминін енгізді (Holly, Arhar, & Kasten, 2009). Алайда, әлеуметтік психолог Курт Левинді көбінесе Action Research негізін қалаушы деп атайды. К.Левин 1930-1940 жылдары Action Research әдіснамасын демократиялық әлеуметтік өзгерістер құралы ретінде жасады [8] (Herr & Nihlen, 2007; Somekh & Zeichner, 2009). Ол Action Research тәсілін зерттеудің өзгеретін (зерттелетін) жағдайының бөлігі болып табылатын әлеуметтік топ мүшелерінің қатысуымен жүргізілуі керек,- деп түйіндеді. Ол жасаған Action Research моделі циклдік процеске негізделген өзекті мәселелердің зерттеу сұрағын анықтау, іс-әрекетті жоспарлау, одан әрі әрекет ету және зерттеу нәтижелерін бағалау деп берсе, (Левин, 1946). Стивен Кори 1950 жылдары Action Research-ті білім беру саласында енгізді. Кори өзінің "мектеп тәжірибесін жақсарту жөніндегі іс-әрекетті зерттеу" (1953) атты негізгі кітабында, егер практик-мұғалімдер эмпирикалық негізде оқу бағдарламалары мен оқу тәжірибелерін әзірлеуге қатыспаса, білім берудегі өзгерістер болмайды және олардың осы іс-әрекеттегі зерттеу арқылы біліктіліктері артады деп тұжырымдады[9].

Зерттеуші – психолог ғалымдардың тұжырымдарын талдай келе, психологиялық-педагогикалық фасилитациялауды «континуумды дамыту» тұрғысынан қарастырып, жас ғалымдардың зерттеу іс-әрекетіне, университеттің басқа да оқытушыларының кәсіби тәжірибелеріне action research сынды бейформалды зерттеу тәсілдерін интеграциялауды құру және оны қолдауды мақсат еттік. Психологиялық-педагогикалық фасилитация зерттеушілердің кәсіби табысты болудың қажетті шарты ретінде олардың зерттеушілік белсенділігі артып, өзін-өзі жүзеге асыруы үшін психологиялық кедергілерді жоюдың маңызды міндеті шешіледі.

ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ.

Фасилитация тұжырымдамасын іске асыру оқытушылар мен жас ғалымдардың зерттеу белсенділігін арттыру жүйесіне жаңа сапалық сипаттамалар беруге және оның тиімділігін қамтамасыз етуге қабілетті нәтижеге бағытталған. Педагогикалық–психологиялық фасилитация зерттеулердің бейформалды түрі ретінде Action Reseah-ті (Іс-әрекеттегі зерттеу) университет тәжірибесіне енгізу негізінде оқытушылардың зерттеу белсенділігін арттыру, кәсіби тәжірибесін жақсартуға ғылыми және әдістемелік тұрғыдан қолдау көрсету болып тұрады. Нәтиженің сапасы зерттеу көрсеткіштерге байланысты. Бірінші әрекетте жақсы нәрсені сапалы түрде жасау өте қиын және сирек сәтті болады.

Университет оқытушыларымен жас ғалымдардың зерттеу белсенділігін дамыту тетігі ретінде фасилитация мәселесі қазіргі білім беру контекстінде өте өзекті болып табылады. Себебі, зерттеу талаптары үнемі жаңартылып тұрады, ғылыми зерттеу саласында зерттеушілер заманауи білім беру талаптарын тиімді орындауда (өзіндік тәжірибесіндегі проблемаларды зерттеп, оның шешу жолдарын қарастыруда университет тарапынан қолдау көрсету, әр саладан ниеттес жандар жиналып арнайы коллаборативті орта құрып, бірлестікте жапы білім берудегі зерттелетін сұрақты жан-жақты қарастыруда тиімді түрде ықпал ету т.б.) өздерінің кәсіби тәжірибесін жақсартып отыруы керек.

Action research-пен айналысуға ниет білдірген жас ғалымдарға қолдау көрсетудің көптеген түрлері бар. Олар: тәлімгерлік, тьютор, коучинг, ментор, сыншы дос, тәуелсіз сарапшы, т.б. Бұл рөлдегі адамдар жас зерттеушілерге зерттеу барысында қажетті қолдау көрсетіп, оларға басшылық етеді. Бұл өз кезегінде олардың кәсіби тәжірибесін жақсартуда зерттеу құзыреттіліктерін үнемі арттыруға және жетілдіруге мүмкіндік береді.

Тәлімгер оқушыларға жағдайды сырттан қарайтын тәжірибелі маманнан көмек пен қолдау алуға көмектесе алады. Ол бір қандай да бір саланы жақсы түсінеді, ол кәсіпті жаңадан бастаушыдан кәсіпқойға дейінгі жолды жүріп өткен адам және оның тәжірибесі

басқа адамдардың қателіктерінен сабақ алу үшін және мүмкін болса велосипед ойлап таппау үшін көптеген қиыншылықтардан аулақ болуға көмектеседі. *Тәлімгерлік (Наставник)* - бұл жас мамандарға қолдау мен тәлімгерлікті қамтамасыз ететін білім беру үдерісіндегі маңызды құрал. Оның мақсаты - жас мамандар, жас зерттеушілердің кәсіби ортаға сәтті бейімделуіне, педагогикалық-психологиялық іскерліктері мен дағдыларын дамытуға көмектесу. Тәлімгерлік міндеттерге магистранттар мен докторанттардың зерттеу белсенділігін арттыру мақсатында ғылыми семинарларда баяндама жасау, диссертацияларына қатысты зерттеу сұрақтарын құруға кәсіби тұрғыда ықпал ету, кері байланыс беруге болады. Бұл зерттеп жүрген іс-әрекетін - *Action Research* -ті дұрыс талдауға көмектеседі[10].

Бүгінгі педагогикалық тәжірибеде тьюторлық сияқты құбылысқа көбірек көңіл бөлінеді. *Тьютор* – бастапқы кезден зерттеудің нәтижелі болуына оң ықпал ететін, қолайлы жағдай тудырып, жұмысты жеңілдетуге көмектеседі. Бұл тәсілдің арқасында кәсіби жолын енді бастаған жас мамандар тәжірибелі әріптестерінің тәжірибесі мен біліміне сүйене отырып, білім алуға және өзін-өзі дамытуға мүмкіндік алады. *Action Research* - Іс-әрекетті зерттеудегі тьюторлықтың мәні мен функцияларын түсіну оның әлеуетін білім сапасын жақсарту және жас зерттеушілердің кәсіби өсуін қолдау үшін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Коучинг (ағылш. коучинг) сөзбе-сөз аударма – тәлім беру, дайындау, жаттықтыру. Бұл әріптестердің өзара әрекеттесуінің құпия, креативті, белсенді және жасампаз процесі, оның барысында оқытудың, идеялармен алмасудың, коуч тарапынан рефлексивті диалогқа деген ынтаны бірлесіп ойлау негізінде білім алушы мұғалім практиканың жекелеген аспектілерінде өз құзыреттілігін арттыру, сапалық жағынан өзгеге көшу мақсатында кәсіби білімді, бар дағдылар мен тәжірибені жетілдіреді, оларды түсінудің терең деңгейі және оларды іс жүзінде жүзеге асыру туралы шешім қабылдау[11]. *Зерттеу іс-әрекеті нақтыланған жас мамандар Action Research тәсілі негізінде өзіндік зерттеу нәтижелерін жариялауда сыни рефлексивті диалогқа шынайы түсе білетін жаттықтырушының маңызы зор. Оларды психологиялық тұрғыда зерттеу дағдыларын қалыптастырып, проблеманы шешуге көмектеседі.*

Ментор – бұл кеңесші рөлін уақытша атқаратын тәлімгер. Оның міндеті - білімі мен тәжірибесімен бөлісіп көмектесу. Ол дұрыс басымдық беруге және өмірді немесе дағдыларды дамыту стратегиясын таңдауға көмектеседі. *Ментор* - бұл жай ғана маман емес, ол сондай-ақ қандай да бір саланы жақсы білетін және практикалық тәжірибесі бар адам.

Менторинг (анг. mentoring) – ментор мен менти арасындағы сенімді, жеке мүдделі қарым-қатынастарды құрудың ұзақ процесі. Жас зерттеушілердің кәсіби қалыптасуы үшін тұтас педагогикалық тұлға ретінде өз саласындағы терең білімін, критериалды ойлауын, практикалық іс-әрекеттерінің тиімділігін жетілдірудегі маңызды динамикаға қол жеткізуге бағытталған тәсіл[12]. Аталмыш процесте ментор өз еркімен тәжірибесімен және білімімен бөліседі, ал тәлімгер өзінің кәсіби дағдыларын дамытады және мансаптағы елеулі өзгерістерге қол жеткізу мақсатында проблемаларды шешуді іздейді. *Action Research-ке менторлық әсер етудің де маңызы зор. Себебі, жас зерттеуші өзінің зерттеу сұрағының инсайттарымен бөліседі, оларға тиімді түрде талдау жасап оны ары қарай өз тәжірибесінде ұтымды қолдануға ықпал етеді.*

Сыни достық қарым-қатынастың негізінде оқытушының кәсіби дамуына терең әсер ететін әртүрлі психологиялық динамика жатыр. Біріншіден, сыни досының болуы *Психологиялық қауіпсіздік* сезімін дамытады, бұл мұғалімдерге тәуекелге баруға, жаңа стратегиялармен тәжірибе жасауға және сотталудан қорықпай мәселелерді ашық талқылауға мүмкіндік береді. Бұл қауіпсіздік жүйесі мағыналы ойлау мен өсу үшін маңызды осалдықты ынталандырады. Сонымен қатар, сыни дос ұсынған кері байланыс когнитивті диссонансты ынталандырады, бұл педагогты олардың қазіргі тәжірибесі мен қалаған нәтижелері арасындағы сәйкессіздіктерге қарсы тұруға итермелейді[13].

Сыни дос – жас ғалымдардың *Action Research* бойынша ғылыми зерттеу барысында сындарлы сын және шабыт беретін қолдаушы екені белгілі. Бұл тек зерттеу бағыттарын анықтауға ғана емес, сонымен қатар олардың нәтижелерін сыни тұрғыдан бағалауға

көмектеседі, ғылыми жұмыстардың сапасын жақсартып, зерттеу белсенділігін дамытуға ықпал етеді. Ал зерттеуші-педагог үшін сыни дос болудың маңызы кері байланыс беру, сыни ойлауды ынталандыру және қолдау мен мотивациядан тұрады.

Кері байланыс: Сыни дос жас зерттеушілердің жұмыстарына кері байланыс береді, бұл зерттеу әдістемесін оның дәйектілігі мен нәтижелерін нақтылауға және жақсартуға көмектеседі.

Сыни ойлауды ынталандыру: Сыни дос жас зерттеушіні сыни ойлауға ынталандырып, оған өз жұмысын талдауға, қосымша туындаған мәселелерді анықтауға және оларды шешудің тиімді стратегияларын жасауға мүмкіндік береді.

Қолдау және мотивация: Сыни дос зерттеу іс-әрекетінің қиын кезеңдерінде жас зерттеушіге эмоционалды қолдау мен психологиялық негізде мотивацияны қамтамасыз етеді, мұндай тәсіл олардың өзіне деген сенімділіктерін сақтауға және ғылыми жетістіктерге жетудегі кедергілерді жеңуге көмектеседі.

Сыни дос жас ғалымдардың зерттеу белсенділігін дамытуға әсер етуі білім берудегі ғылыми қызметтің сәттілігін анықтайтын негізгі психологиялық құбылыс болып табылады. Сыни доспен өзара әрекеттесу сыни ойлауды дамытуға, ғылыми зерттеулердің сапасын арттыруға ықпал етеді және зерттеуші оқытушыны ғылыми мақсаттарға жету үшін қажетті қолдау мен мотивациямен қамтамасыз етеді. Нәтижесінде, сыни дос оқытушылардың білім берудегі кәсіби және ғылыми даму процесінің ажырамас бөлігіне айналады. Сонымен, сыни достық рефлексиялық тәжірибені күшейтіп, жас зерттеушіге өз-өзіне деген сенімділігін арттырып, зерттеу құндылықтарын және оқу шешімдерін сыни тұрғыдан талдауға мүмкіндік береді.

Әрбір ғалым-оқытушы үшін іс-шаралар жиынтығы әр түрлі болады: кейбіреулер жиналыстарда сөйлеуге ыңғайсыз болуы мүмкін, ал басқалары жазу қабілеттеріне сенімді болмауы мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда жас зерттеушілердің ғылыми жұмысын *Action Research* арқылы тереңірек зерттеу үшін *тәуелсіз сарапшының ықпалы зор*. Ол білім мен тәжірибені берудің әртүрлі нысандарын ынталандыру көбірек қызығушылық пен ынтымақтастыққа жол ашады. Бұл әртүрлі форматтар мен тәсілдердің үйлесімі немесе тек бірнеше негізгі бағыттарға назар аудару керек. Жас ғалымдардың іс-тәжірибесін фасилитация түрлері ұсынылады:

- жұмыс талқылауларын жеңілдету (кездесу бөлімі).
- топтар мен командаларды жеңілдету (team facilitation).
- Тәжірибедегі өзгерістер бойынша фасилитациялық сессиялар (organisational facilitation).

Тиімді шешім қабылдау процесін алу үшін жас зерттеушілерге фасилитатор қажет. Бұл сыртқы маман, университеттің ішкі қызметкері, фасилитатор рөлін басқа рөлмен біріктіретін қызметкер немесе фасилитация дағдылары бар қызметкер болуы мүмкін.

Фасилитация процесін басқару келесі аспектілерді қамтиды:



Сызба – 1. Фасилитация процесіндегі іс-шара кезеңдері

Фасилитацияны басқаруда зерттеу сұрағына мақсат қойып ол бойынша ақпараттарды жинап тіркейді, талқылайды және шешім қабылдайды. Нәтижеден қосымша туындаған мәселелерді зерттеу үшін қайта жоспарлау, консенсусқа қол жеткізеді. Топтық динамиканы басқару – бұл топтық жұмыс үшін оңтайлы ерекше атмосфераны құру, әр қатысушының қатысуы, конструктивті емес мінез-құлықтарын басқару, жиналғандар арасында психологиялық энергияны сақтайды[14]. Іс-әрекеттегі зерттеу арқылы түрлі топтармен жұмыс істеуде 3 тен 15 қатысушыға дейін қамтылады және Action Research -тың циклдік айналымына сәйкес келесі аспектілерді құрайды:

Тиімді зерттеу негіздері: жоспарлау, әрекет ету, бақылау және рефлексияның циклдік процесі сияқты тиімді зерттеудің тұжырымдамасы мен негізгі принциптерін түсіну.

Зерттеу әдістемесі мен әдістері: сұхбат, бақылау, сауалнама, фокус-топтар және құжаттарды талдау сияқты тиімді зерттеуде қолданылатын деректерді жинау мен талдаудың әртүрлі әдістерін білу.

Практикалық дағдылар: іс-қимыл жоспарын әзірлеу мен жүзеге асыруды, зерттеуге қатысушылармен өзара іс-қимылды, деректерді талдауды және нәтижелерді түсіндіруді қоса алғанда, іс-әрекетті зерттеулерді іс жүзінде жоспарлау және іске асыру қабілеті.

Этикалық аспектілер: қатысуға келісуді, деректердің құпиялылығын және қатысушылардың құқықтарын қорғауды қоса алғанда, адамдардың қатысуымен зерттеулер жүргізуге байланысты этикалық принциптерді түсіну.

Қарым-қатынас дағдылары: әртүрлі мүдделі тараптармен тиімді қарым-қатынас жасау, зерттеу нәтижелерін ұсыну және қоғаммен қарым-қатынас жасау қабілеті.

Мамандандыру контексті: зерттеу жүргізілетін саланың ерекшелігін түсіну, сондай-ақ осы салаға қатысушылар кездесетін өзекті мәселелер мен қиындықтарды білу.

Рефлексия және интроспекция дағдылары: зерттеу процесінде өз әрекеттері мен қабылданған шешімдерін талдай білу, сондай-ақ өзін-өзі сынға алу және үнемі өзін-өзі жетілдіру қабілеті.

Жобаның мақсаты зерттеу университетінің оқытушылары мен жас ғалымдар тобын құрып, оларға өз тәжірибелерін зерттеуге аталмыш принциптері негізінде көмектесу. Өзіндік

тәжірибені зерттеп, оған рефлексия жасау іс-әрекеттегі зерттеудің тиімді тәсілі болып табылады. НЗМ практик-мұғалімдерінің тәжірибесінен дәстүрлі зерттеу мен іс-әрекеттегі зерттеудің айырмашылығы 1 кестеде берілді[2].

№	Дәстүрлі зерттеу іс-әрекеті	Іс-әрекеттегі зерттеу (AR)
1	Зерттеудің мақсаты теорияны дамыту және жалпыланған (жалпы) принциптерді ашу	Зерттеудің мақсаты тәжірибені жетілдіру
2	Зерттеу субъективті, біржақты, шектеулі процесс арқылы іске асады	Зерттеу объективті, оқшауланған, қашықтықтан және бейтарап процесі жүреді
2	Зерттеуді сыртқы сарапшылар жүргізеді	Зерттеуді контекстке қатысатын инсайдерлер жүргізеді
3	Білім беру зерттеушілері басқаларға зерттеу жүргізеді	Action Research зерттеушілері өздерін және өз тәжірибелерін зерттейді
4	Зерттеу сұрақтары жергілікті оқиғалардан, мәселелерден және қажеттіліктерден туындайды	Ғылыми-зерттеу сұрақтары алдын-ала анықталған және сыртқы зерттеушілердің (аутсайдерлердің) ғылыми қызығушылықтарын көрсетеді
5	Зерттеу ортасының жалпыланған ережелер мен тәжірибелер, басқа білім беру жағдайларында қолданылады	Action Research нәтижелері өз тәжірибесінде тікелей қолданылады
6	Білім беру өзгерістері иерархиялық тәртіпте жоғарыдан төменге қарай жүреді	Білім берудегі өзгерістер демократиялық тәртіпте төменнен жоғарыға қарай жүреді
7	Теория мен іс-әрекет, сондай-ақ ғылыми зерттеулер мен практика арасында алшақтық бар	Теория, зерттеу және практика арасындағы шекаралар бұлыңғыр

Кесте 1. Зерттеу іс-әрекетінің салыстырмалы көрсеткіші

Кестедегі салыстырмалы көрсеткіштер дәстүрлі жүйеде де іс-әрекеттегі зерттеуде де белгісізді анықтау үшін зерттеу сұрағы мен смарт мақсат қоюдан басталады. Дәстүрлі зерттеуде ізденіс бір жақты, иерархиялық тәртіпте жоғарыдан төмен қарай, сырттай сарапшының бақылауымен жүріп, практика теориядан алшақ болса, Іс-әрекеттегі зерттеу (AR)-де объективті, бейтарап, қашықтықтан және инсайдерлердің бастамасымен бақылау жүреді. Сондай-ақ зерттеушілер өзіндік кәсіби практикасында тиімді өзгерістер жасау үшін өзінің тәжірибесін зерттейді. Бұдан шығатын тұжырым, іс-әрекеттегі зерттеу (AR) -дің зерттеушілерге тиімді екенін білдіреді.

Абай университетінің оқытушылары Action Research тәсілімен өзіндік тәжірибесімен айналысу эксперименті жүзеге асырылы. Мұнда дәстүрлі зерттеулермен бірге бейформалды зерттеу тәсілдерін өз тәжірибелеріне интеграция жүйесін қолданды. Жоба мүшелері фокус-топтарды құрып олардың көшбасшыларына зерттеу сұрағындағы басты қажеттіліктерді талдауға, топпен инновациялық идеяларды құруға және олардың сапасын тексеруге, жылдам және сенімді нәтижеге қол жеткізуге және олардың зерттеу салалары мен бүкіл зерттеу процесінің тиімділігін арттыруға, жеңілдетілген зерттеудің мақсаты және оның нәтижелерін анықтауға көмектесті. Ал университет тарапынан оларға зерттеу нәтижелерін өкілетті орган ұсынған хабаршы журналдарына кезектен тыс зерттеу нәтижелерін жариялауға, скопус базасына тегін кіру мүмкіндіктерін ұсыну секілді фасилитациялық қызмет көрсетілуде. Сондай-ақ, НЗМ мен коллаборативті орта құрылып, бірқатар практик мұғалімдер өз тәжірибесін зерттеп, өздерінің зерттеу нәтижелерімен бөлісті.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУ.

Университет оқытушыларын психологиялық-педагогикалық фасилитациялау – бұл оқытушыларға кәсіби құзыреттіліктерін, ғылыми зерттеудің кәсіби өсуіне және ғалымдар арасында өзара іс-қимылды дамытуда қолдау және көмек көрсету процесі. Бұл тәсіл

мұғалімдерге өз дағдыларын жетілдіруге және оқу процесін жақсартуға көмектесу үшін психологиялық және педагогикалық әдістерді қолдануды қамтиды.

Біздің зерттеуіміз 3 этаптан тұрды:



Біз ғылыми фасилитацияны ғылыми ынтымақтастық пен тұлғааралық қатынастар тәжірибесінің қиылысында болатын кәсіби құзыреттіліктің ерекше түрі ретінде қарастырамыз. Ерекше ғылыми мәселелерді бірлесіп шешу үшін тұлғааралық дағдылар мен фасилитация практикасы қолданылады. Зерттеу жұмысының табысты болуы оны қашан және қалай мақсатты түрде әрекет етуіне байланысты. Strober бойынша, білімді құру (шешім қабылдаудан немесе жанжалдарды шешуден айырмашылығы) және әртүрлі ғылыми мәдениеттер арасындағы байланыс ғылыми фасилитацияның бірегей сипаты болып табылады [15].

Университет оқытушыларын психологиялық-педагогикалық фасилитациялаудың негізгі аспектілері:

Өзін-өзі дамытуды қолдау: оқытушыларға кәсіби мақсаттарын анықтауға және оларға жету Стратегияларын жасауға көмектесу. Бұл тренингтерді, семинарларды, жеке кеңес беруді және тәлімгерлікті ұйымдастыруды қамтуы мүмкін.

Кері байланыс және рефлексия: оқытушылар жұмысының нәтижелері бойынша сындарлы кері байланыс беру және оларға өз тәжірибелерінде рефлексияға көмектесу. Бұл мұғалімдерге өздерінің күшті және әлсіз жақтарын білуге, сондай-ақ жақсартуды қажет ететін аймақтарды анықтауға көмектеседі.

Кәсіби дағдыларды дамыту: педагогикалық әдістемелерді, оқыту технологияларын дамытуда және оқу процесін ұйымдастыруда қолдау. Бұл оқытудың тиімді стратегияларын үйретуді, инновациялық білім беру технологияларын қолдануды және тұлғааралық дағдыларды дамытуды қамтуы мүмкін.

Топты басқару: студенттердің мінез-құлқын басқаруға, қолдау көрсететін оқу ортасын құруға және сыныптағы жанжалды жағдайларды шешуге көмектесу. Бұл оқытудың тиімділігін қамтамасыз етудің және студенттердің оқу процесіне белсенді қатысуын ынталандырудың маңызды аспектісі.

Студенттердің әртүрлілігіне бейімделу: студенттердің жеке қажеттіліктерін, оқу стильдерін және мәдени ерекшеліктерін ескеретін оқыту стратегияларын әзірлеуге қолдау көрсету. Бұл барлық оқушылардың жетістіктеріне ықпал ететін Инклюзивті ортаны құруға көмектеседі.

ЖОО оқытушыларын психологиялық-педагогикалық фасилитациялау білім беру сапасын арттыруда және оқу процесінің табысты болуын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Бұл оқытушылардың кәсіби өсуіне және студенттердің оқуға деген ынтасын арттыруға ықпал етеді.

Жас ғалымдардың зерттеу белсенділігін арттыруға көмектесетін жеңілдетудің бірнеше әдістері:

✓ **Менторлық және тәлімгерлік:** тәжірибелі зерттеушілер жас ғалымдармен жұмыс істейтін тәлімгерлік бағдарламаларын ұйымдастыру, олардың ғылыми жобаларына Басшы-

лық, Кері байланыс және қолдау көрсету. Бұл жас ғалымдарға ең жақсы тәжірибелерді игеруге, сыни тұрғыдан ойлау мен өзіне деген сенімділікті дамытуға көмектеседі;

✓ Зерттеу дағдыларын оқыту және дамыту: әдістемені, статистикалық деректерді талдауды, жарияланым белсенділігін және зерттеу нәтижелерін жазбаша ұсынуды қоса алғанда, ғылыми зерттеу негіздері бойынша тренингтер мен семинарлар өткізу;

✓ Коллаборацияны ынталандыру: идеялармен алмасу, жобаларды талқылау және жас ғалымдар арасында ынтымақтастық орнату үшін іс-шаралар мен платформаларды ұйымдастыру. Бұған ғылыми симпозиумдар, конференциялар, қызығушылық клубтары және желілік іс-шаралар кіруі мүмкін;

✓ Қаржыландыруды іздеуді қолдау: гранттар, стипендиялар және ғылыми жобаларды қаржыландырудың басқа мүмкіндіктері туралы ақпарат пен кеңес беру. Бұл жас ғалымдарға ғылыми идеяларын жүзеге асыруға және академиялық әлемде өз мүмкіндіктерін кеңейтуге көмектеседі;

✓ Қолайлы орта құру: шығармашылықты, инновацияны және академиялық жетістіктерді ынталандыратын ортаны қалыптастыру. Бұл зерттеу зертханаларын құруды, зерттеу топтарын ұйымдастыруды және идеялармен алмасу үшін тұрақты іс-шараларды өткізуді қамтуы мүмкін;

✓ Ресурстардың қолжетімділігін арттыру: жас ғалымдардың кітапхана дерекқорлары, әдебиеттер, аппараттық құралдар және зерттеу бағдарламалық құралы сияқты қажетті ресурстарға қол жеткізуін қамтамасыз ету;

✓ Жариялау қызметін қолдау: ғылыми мақалаларды дайындауға, рецензиялауға, жариялау үшін журналдарды таңдауға және жариялау процесінің басқа аспектілеріне көмек көрсету.

Осы фасилитациялық әдістер жас ғалымдарға зерттеу қабілеттерін дамытуға, ғылыми өнімділігін арттыруға және ғылыми амбицияларын сәтті жүзеге асыруға көмектеседі.

Педагогтің фасилитациялық қызметі мұғалімнің жаңа психологиялық рөлі және оқу процесінің фасилитаторы ретінде анықталады. Оқыту процесіне үстемдік етеді және студенттердің қызметін жанама түрде зерттеуге бағыттайды, қарым-қатынасты қолдайды, ынталандырады, студенттерді мақұлдайды, олардың пікірлеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды белгілейді, қорытады және синтездейді, тиімді мінез-құлықты ынталандырады, диагноз қояды және түзетеді[3. -986].

Action research зерттеушісіне қойылатын талаптардың бірі – тиімді Action research зерттеушісі белгілі бір мәселелерді шешуге немесе белгілі бір саладағы тәжірибені жақсартуға бағытталған зерттеулерді жүргізу үшін теориялық білімге де, практикалық дағдыларға да ие болуы керек.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың бірқатар оқытушыларына Action research бойынша зерттеу семинарлары мен воркшоптар ұйымдастырылды (зерттеудің өзекті тақырыптары, әдіснамасы, деректерді талдау және ғылыми жұмыстың басқа аспектілері бойынша тұрақты семинарлар мен воркшоптар өткізу. Бұл іс-шаралар жас ғалымдарға әріптестерімен байланыс орнатуға, тәжірибе алмасуға және жаңа білім алуға мүмкіндік береді); Ғылыми нәтижелерді ұсынуда қолдау көрсетілді (жас ғалымдарға ғылыми конференцияларда, симпозиумдар мен семинарларда сөз сөйлеуге, оның ішінде презентациялар, аннотациялар және басқа материалдарды әзірлеуге дайындалуға көмектесу. Бұған көпшілік алдында сөйлеу алдындағы жаттығулар мен презентация сапасына кері байланыс беруі мүмкін); БАҚ-та және ғылыми басылымдарда зерттеу нәтижелерін жариялауға көмек көрсетіліп жатыр (Пресс-релиздер жазу, ғылыми журналдарда Жарияланымдар үшін материалдар дайындау, сондай-ақ БАҚ өкілдерімен қарым-қатынас жасау бойынша оқыту сессиялары мен консультацияларын ұйымдастыру. Басылымдар мен пресс-релиздерді дайындауға көмектесу жас ғалымдарға өздерінің зерттеу нәтижелерін кең аудиторияға тиімді ұсынуға көмектеседі, бұл олардың ғылыми қоғамдастықта және жалпы қоғамда танылуына ықпал етеді).

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу университеттерінің бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға ықпалын күшейту үшін университеттің ғылыми-зерттеу белсенділігінің даму деңгейі оның ғылыми және академиялық артықшылығын қамтамасыз етуден бастау алу керек. Сонда университеттердің зияткерлік капиталын арттыру мүмкіндігі болады, оқытушылардың дербес ғылыми-зерттеуге белсенділігі артып ғылыми-зерттеу еңбегінің мәдениетін таратуға, ғылыми этиканы сақтауға негіз болады.

Іс-әрекеттегі зерттеуді психологиялық-педагогикалық тұрғыда фасилитациялау мәселелерді шешуге жеке көзқарас болып табылады. Ол оқытушылар мен жас ғалымдардың тәжірибесін мойындайды және оларға зерттеу сұрақтарын қоюға және іс-әрекеттегі зерттеудің өзгертілген циклін қолдана отырып, өз тәжірибелерінде мәселені зерттеуге көмектеседі. Ол әсерді бағалау үлгісін қамтиды зерттеушілердің мүдделеріне оң өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді. Бұл модель зерттеушілердің сенімділігін арттыру және олардың зерттеулерін қолдау үшін Action research циклін кезең-кезеңімен енгізетін және фасилитаторлар басқаратын ғылыми семинарларды қамтиды. Абай университетінде Action research виртуалды лабораториясы жұмыс жасайды. Алғаш рет жас ғалымдардың зерттеу белсенділігін дамыту және оларға қолайлы жағдай жасау мақсатында идеялар понарамасы ұйымдастырылды және оның нәтижелері НЗМ практиктері мен ҚазҰПУ жас ғалымдарының постерлік қорғау ретінде идеялар фестивалі өткізілді. Фестивальда қатысушылар өз жобалары мен өзіндік тәжірибелерімен бөлісіп, өзара тәжірибе алмасып, прогресті талқылау және ресурстарға қол жеткізу үшін қауіпсіз кеңістік берудің артықшылығы талқыланды.

Психологиялық-педагогикалық фасилитация процесінің кезеңдерімен және топтық тиімділік моделімен қатар, фасилитаторға топпен жұмыс кезінде ұстануға тиісті бірқатар әдістемелік ұсыныстар жасалады:

- 1) Фокус-топтардағы зерттеушілердің сөйлемдерін нақты тұжырымдау;
- 2) Зерттеу сұрағына қатысты мүмкіндігінше көп ақпарат жинау;
- 3) Позцияларға емес, мүдделерге назар аудару;
- 4) Мысалдарды қолдану;
- 5) Қабылданған ережелерден ауытқу немесе тиімсіз мінез-құлық жағдайында топ мүшелерін түзетіп отыру;
- 6) Ұсыныс жасау кезінде сұрақтар мен түсініктемелерді ынталандыру;
- 7) Топ мүшелерінің талқылау тақырыбынан алшақтамауын қадағалау;
- 8) Консенсус шешімдерін табудан бастау қажет;

Сонымен, психологиялық фасилитацияның негізгі сипаттамаларына - сенім, шынайылық, сәйкестік, эмпатия, төзімділік жатады. Ғылыми ынтымақтастық тәжірибесі негізінде университет оқытушылары мен жас ғалымдардың зерттеулерін психологиялық - педагогикалық тұрғыда фасилитациялауды бейформалды зерттеудің нысаны ретінде кіріктіре отырып, оның болашақта жас мамандардың зерттеу белсенділігін дамытуға үлкен септігін тигізеді деп тұжырымдалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2023-2029 жылға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 2023ж. 28 наурыз № 24 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>
2. Оқытушының өзіндік тәжірибесін зерттеуі. Әдістемелік құрал / Сагинов К.М., Ермагамбетова Г.Н., Атейбек С.Т. – Астана: Педагогикалық шеберлік орталығы. АОО «Назарбаев Зияткерлік мектептері», 2014. – 147 с.
3. Овчарова Р.В. Психолого-педагогическая фасилитация профессиональной деятельности учителя. Уч.пособие. Курган, 2016. Стр. -210.
4. Kuznetsov D.V. Psychological and pedagogical facilitation as a necessary condition of successful self-determination of higher school students. *The Education and science journal*. 2015;(9):120-133. (In Russ.) <https://doi.org/10.17853/1994-5639-2015-9-120-133>

5. Димухаметов Р. С. Фасилитация в системе повышения квалификации педагогов: дис. ... д-ра пед. наук. Магнитогорск, 2006. 398 с.
6. Хаматова И.О. Вестник «Өрлеу- kst. 1(15)/20177 -28б.
7. Berikkhanova A., Sapargaliyeva B., Sarsenbayeva L., Assilbayeva F. *Conceptualising the Integration of Action Research into the Practice of Teacher Education Universities in Kazakhstan. Education Sciences.* – 2023. – Vol. 13, Iss. 10. – Article number 1034. <https://doi.org/10.3390/educsci13101034>
8. Wilson E. *School-based Research.* London: Sage, 2013. - 357 p.
9. Lewin K. *Field theory in social science.* New York: Harper & Row, 1951. –P 169.
10. Egan, G. (1998). *The Skilled Helper. A Problem Management Approach to Helping (6th ed.)* [Квалифицированный помощник. Подход к управлению проблемами для оказания помощи]. Brooks Cole.
11. Rodgers, J. (2004). *Coaching Skills: A Handbook* [Навыки коучинга: руководство]. Open University Press.
12. Oxley, J., Fleming, B., Golding, L., et al. (2003). *Mentoring for Doctors: Enhancing the Benefit* [Менторинг для врачей: Повышение пользы]. A Working Paper on behalf of the Doctors' Forum <http://www.academicmedicine.ac.uk/uploads/Mentor1.pdf>
13. Берикханова А.Е., Асилбаева Ф.Б. Психолого-педагогические основы диагностики исследовательской активности преподавателей вуза на основе Action research. Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Психологические науки» №1 (75), 2023 г. Стр. 186-199. <https://bulletin-sychology.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/1314/682>
14. Чумиков А.Н. Преговоры - фасилитация - медитация. Чехов, Аспект Пресс.: 2014. P-158.
15. Warren Strober. *Immunologic Studies in Humans.* 2010. <https://currentprotocols.onlinelibrary.wiley.com/doi/epdf/10.1002/0471142735.im0700s91>

References:

1. *Qazaqstan Respublikasynyng bilim berudi damyutydyng 2023-2029 zhyлга arналган мемлекеттік бағдарламасы. 2023zh.28 nauryz № 24 qaulysy.* <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>
2. *Оқытушының өзіндік тәжірибесін зерттеуі. Адистемелік қурал / Saginov K.M., Ermagambetova G.N., Atejbek S.T. – Astana: Pedagogikalyq sheberlik ortalыgy. AOO «Nazarbaev Ziyatkerlik mektepteri», 2014. – 147 s.*
3. Ovcharova R.V. *Psihologo-pedagogicheskaya fasilitaciya professional'noj deyatel'nosti uchitelya. Uch.posobie. Kurgan, 2016. Str. -210.*
4. Kuznetsov D.V. *Rpsychological and pedagogical facilitation as a necessary condition of successful self-determination of higher school students. The Education and science journal. 2015;(9):120-133. (In Russ.)* <https://doi.org/10.17853/1994-5639-2015-9-120-133>
5. Dimuhametov R. S. *Fasilitaciya v sisteme povysheniya kvalifikacii pedagogov: dis. ... dra ped. nauk. Magnitogorsk, 2006. 398 s.*
6. Hamatova I.O. *Vestnik «Өrleu- kst. 1(15)/2017. -28b.*
7. Berikkhanova A., Sapargaliyeva B., Sarsenbayeva L., Assilbayeva F. *Conceptualising the Integration of Action Research into the Practice of Teacher Education Universities in Kazakhstan. Education Sciences.* – 2023. – Vol. 13, Iss. 10. – Article number 1034. <https://doi.org/10.3390/educsci13101034>
8. Wilson E. *School-based Research.* London: Sage, 2013. - 357 p.
9. Lewin K. *Field theory in social science.* New York: Harper & Row, 1951. –P 169.
10. Egan, G. (1998). *The Skilled Helper. A Problem Management Approach to Helping (6th ed.)* [Kvalificirovannyj pomoshchnik. Podhod k upravleniyu problemami dlya okazaniya pomoshchi]. Brooks Cole.
11. Rodgers, J. (2004). *Coaching Skills: A Handbook* [Navyki kouchinga: rukovodstvo]. Open University Press.
12. Oxley, J., Fleming, B., Golding, L., et al. (2003). *Mentoring for Doctors: Enhancing the Benefit* [Mentoring dlya vrachej: Povyshenie pol'zy]. A Working Paper on behalf of the Doctors' Forum <http://www.academicmedicine.ac.uk/uploads/Mentor1.pdf>
13. Berikkhanova A.E., Asilbaeva F.B. *Psihologo-pedagogicheskije osnovy diagnostiki issledovatel'skoj aktivnosti prepodavatelej vuza na osnove Action research. Vestnik KazNPU imeni Abaya. Seriya «Psihologicheskije nauki» №1 (75), 2023 g. Str. 186-199.* <https://bulletin-sychology.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/1314/682>

14. CHumikov A.N. *Pregovory - fasilitaciya - meditaciya*. СНеkhov, Aspekt Press.: 2014. R-158.

15. Warren Strober. *Immunologic Studies in Humans*. 2010. <https://currentprotocols.onlinelibrary.wiley.com/doi/epdf/10.1002/0471142735.im0700s91>

МРНТИ: 15.01.11

10.51889/2959-5967.2024.79.2.006

*А.С. Шохамбекова*¹

¹*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті*

ЕРЕКШЕ ҚАЗЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУДА ЛОГОПЕДТІҢ ПӘНАРАЛЫҚ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада педагог-психолог пен логопедтің эмоционалды ерік – жігер аясы бұзылған балалармен пәнаралық жұмыс жүргізуде бірлесіп жұмыс істеудің артықшылығы мен негізгі тәсілдері туралы айтылады. Мүмкіндігі шектеулі балалар арасында мінез-құлық ерекшеліктерімен айқындалған балалар қарым-қатынасқа түсуде және эмоционалды реакцияларын басқаруда нәтижеге бағытталған топтық жұмыстар жүргізуді айтарлықтай қиындатады.

Кейбір жағдайларда баланың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, мамандардың бірлескен мақсатқа бағытталған пәнаралық жұмыстарды өткізудің тиімділігі жоғары болады.

Түйін сөздер: пәнаралық тәсіл, топтық жұмыс, мінез-құлықтың бұзылуы, сөйлеуді дамыту.

*Шохамбекова А.С.*¹

¹*Казахский национальный женский педагогический университет*

ОСОБЕННОСТИ МЕЖДИСЦИПЛИНАРНОЙ РАБОТЫ ЛОГОПЕДА ПРИ ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОМ ОБЕСПЕЧЕНИИ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ

Аннотация

В статье рассказывается о преимуществах и основных способах совместной работы педагога-психолога и логопеда в проведении междисциплинарной работы с детьми с нарушениями эмоциональной волевой сферы. Дети с ограниченными возможностями, определяемые особенностями поведения, значительно затрудняют проведение ориентированной на результат групповой работы в общении и управлении своими эмоциональными реакциями.

В некоторых случаях эффективность проведения междисциплинарной работы специалистов, направленной на совместную цель, с учетом индивидуальных возможностей ребенка будет высокой.

Ключевые слова: междисциплинарный подход, командная работа, расстройства поведения, развитие речи.

Shokhambekova A.S.¹

¹Kazakh National Women's Pedagogical University

FEATURES OF THE INTERDISCIPLINARY WORK OF A SPEECH THERAPIST IN PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL SUPPORT FOR CHILDREN WITH SPECIAL NEEDS

Abstract

The article describes the advantages and main ways of collaboration between a teacher-psychologist and a speech therapist in conducting interdisciplinary work with children with disorders of the emotional volitional sphere. Children with disabilities, determined by behavioral characteristics, make it much more difficult to conduct result-oriented group work in communicating and managing their emotional reactions.

In some cases, the effectiveness of interdisciplinary work of specialists aimed at a common goal, taking into account the individual capabilities of the child, will be high.

Keywords: interdisciplinary approach, group work, behavioral disorders, speech development.

КІРІСПЕ.

Әрбір ата-ана баласының тілалғыш, ұстамды, тәрбиелі болуын қалайды. Алайда үнемі олай бола беру мүмкін емес. Кейбір де нәтижеге қол жеткізе алмаған жағдайда баласының мінез-құлқын жақсы жаққа өзгерту үшін басқа не істеу керектігін білмей құлазу қазіргі кезде мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-анасы арасында өте көп кездесетін психологиялық мәселе.

Мүмкіндігі шектеулі балаларда бұзылыстардың біріктірілген түрі көптеп кездеседі, сондай-ақ эмоционалды ерік аясы және коммуникативті салалары мен сөйлеу тіліндегі бұзылыстар жоғарыда айтылған проблемалардың туындауына негіз болады. Осылардың ішінде балалардағы мінез-құлық бұзылыстарының негізгі себебі психиканы реттеу механизмдерінің бұзылуы болып табылады, нәтижесінде баланың өзін-өзі бақылау деңгейі төмендейді, ішкі ұйымдастырушылық, ұстамдылық, өзін-өзі тәртіпке келтіру, әлеуметтік құбылыстарды қабылдауға дайын болу қабілеті бұзылады.

Мінез-құлықтарында келісідей бұзылыстар көрініс табады:

- Агрессия, өзін-өзі ұстай алмау;
- Стереотипті әрекеттер;
- Деструктивті мінез-құлық;
- Ашулану;
- Іс-әрекеттен бас тарту; [1].

Мұндай бұзылыстары бар балалармен пәнаралық жұмыс жүргізу кейде мінез-құлықтарының қиындықтарына байланысты қол жетімсіз болады. Бір ескеретін жағдай қарым-қатынас жасауға үйрену, кез-келген іс-әрекетке берілу және бөлісу қабілеті өздігінен пайда болмайды. Осы жағдайларды ескерсек, топтық қарым-қатынас және мінез-құлық үлгілерін үйрету тәжірибесі өте қажет болып саналады. Қазіргі кезде орталық жүйке жүйесінің зақымдануымен туылған балалар санының өсуі арнайы педагогтарды алаңдатуға.

ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ.

Ерекше білім алуға қажеттілігі бар балаларға пәнаралық қатынасты ұйымдастыру. Пәнаралық тәсіл – бұл ортақ мақсаттарды көздейтін әртүрлі профильдегі екі немесе одан да көп мамандардың бірлескен жүйелі жұмысы.

Бұл тәсілдің мәні жеке пәндер арасындағы шекараларды еңсеру, олардың қолжетімділігін арттыру, баланың да, мамандардың да әлеуетті мүмкіндіктерін кеңейту және ерекше балаға тұтас, көп салалы көмек көрсетуге мүмкіндік беретін ортақ мақсаттарды көздеу болып табылады. [2].

Психологиялық-педагогикалық қолдауда пәнаралық тәсіл ол топтық жұмыстарда жүргізіледі. Топтық жұмыс үшін жұмыс тобының барлық мүшелері топтағы әр баланың қажеттіліктері мен ресурстық мүмкіндіктерін жақсы білуі керек. Оның күшті және әлсіз жақтарын ескеруі керек. Сабақ тақырыптарын бірлесіп жоспарлап нақты бірлескен мақсаттар қою арқылы жауапкершілікті бөліп, нәтижелерді бірлесіп бағалау керек.

Ерекше білім алудағы қажеттілігі бар балалармен жұмыс жүргізгенде жер бетіндегі тіршілік иесі кірпінің өмірін мысал ретінде елестетіп көруге болады. Бірі алдыға және артқа жүгіреді, екіншісі өзі инъекция жасайды, үшіншісі ештеңеге назар аудармай сөрелерден ұнағанның бәрін алады, ал төртіншісі допқа оралып, ешкімге, ешнәрсеге назар аударғысы да келмейді. Міне, ерекше білім алудағы қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеу де тура осындай әр мақсатта бағытталған жұмысты бір мақсатқа біріктіруға қадам жасау болып табылады. Топтық түзету сабағын өткізгенде жұмыс үшін жұппен жұмыс істейтін педагог – психолог және педагог – логопедтің біртұтас жұмыс механизмі болуы керек. Әрбір маман сөзсіз сол сәтте жауапкершілікті сезініп, мұқтаж балаға дер кезінде көмек көрсетіп, өз қалауынша өз бетінше әрекет етуге мүмкіндік бере отырып ықпал ете алады.

Топтық жұмыс кезінде бір процесте барлық балаларды баурап алу кей жағдайда мүмкін болмай жатады. Егер бала топтағы түзету сабағына ере алмай, топтан шығарылса логопедтің көмекшісі ретінде тәрбиеші яғни логопедтің тақырыбын балаға қолжетімді және қызықты формада қайталайды.

Жылдам шаршауды және белсенділіктен бас тартуды жою немесе қалпына келтіру, іс-әрекет түрлерін, қозғалыс тапсырмаларын және музыкалық сәттерді жылдам өзгерту жағдайында мүмкін болады. Егер бір топтық сабақ психологиялық және логопедиялық блоктарды қамтыса, онда екі блокта негізгі тақырыптық мақсат ортақ болуы мүмкін. [3].

Мінез-құлықты түзетудің міндеттері мен әдістері

1) бейімсіз мінез-құлықтың алдын алу;(көрнекіліктерді көптеп қолдану, кесте, мінез-құлық ережелерін пиктограмма түрінде иллюстрациялау, көрнекі түрде берілген нұсқауларды қолдану т.б.)

2) жаңа мінез-құлықты үйрету (балама мінез-құлықтық тәсілдер арқылы); (өтініш білдіру, назар аудару, бас тартуды білдіру және өзін-өзі адекватты түрде ынталандыру қабілетін қалыптастыру).

3) бейімделгіш мінез-құлықты күшейту; (мақұлдау, мадақтау, қосымша мотивация т.б.)

4) бейімсіз мінез-құлықты күшейтуді біртіндеп азайту; (бұрынғы кезеңдеріндегі ерсі мінез-құлық үлгілерін жою. Тістеу, агрессия т.б.)

5) қауіпсіздікті қамтамасыз ету (қажет болған жағдайда) – баланың агрессивті әрекеттеріне тосқауыл қою және оны басқа балалардан қауіпсіз қашықтықта ұстау. [2].

Бірыңғай коммуникацияға бағытталған алгоритмде барлық мамандардың психологиялық-педагогикалық жұмысының стратегиясын құру «экологиялық» тәсілді қолдану арқылы мүмкін болады. Бұл ретте «қоршаған орта» әрбір баланың сөйлеу және коммуникациялық қабілеттерін дамытуға жағдай жасалған қоғам екені сөзсіз. Сондықтан сөйлеу тілін дамытуда ортасының ықпалы өте зор. Мысалы, шағын топтық сабақтарда бала өз құрдастарының арасында болады, бірақ балалар тобы сөйлеу және эмоционалды статусы бойынша біркелкі емес: дыбыс айтудағы кемшіліктерден бастап, сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде пайдалана алмауға дейінгі балалар тобы, баланың оқшаулануынан шамадан тыс белсенділікке дейінгі балалар бір топта отырады. Әрине мұндай балалар бір-біріне өз әсерін тигізбей қоймайды. Кез-келген, тіпті ең «ауыр» баланың өзінің де күшті жақтары бар, мысалы, орталық жүйке жүйесінің органикалық зақымдануы бар балалар құрдастарына қызығушылық пен эмоционалды байланысты көрсетеді, оларды өзара әрекеттесуге итермелейді, бұл аутистік көріністері бар балалар үшін өте маңызды. Керісінше, аутист балалар көп жағдайда жақсы шығармашылық қабілеттерін (музыкалық, бейнелеу) көрсетеді және сыныпта тиісті салада қиындықтарға тап болған балаларға үлгі бола алады.

Мұндай «біркелкі емес» топта жұмыс істейтін мамандар үшін қосымша міндеттер туындайды: жалпы сабақ процесін барлық балалар қатыса алатындай етіп ұйымдастыру керек және ол барлығына қызықты, пайдалы бола алатындай. Бұл жерде ата-ананың рөлін атап өту маңызды емес, олар да балалар сияқты дамуға ықпал ететін өзара әрекеттестіктің жаңа формаларын және жұмыс тәсілдерін меңгереді. Жұмыстың келесі кезеңдерінде жетекші ақауды барынша түзете алатындай тапсырмаларға назар аудара отырып, әртүрлі қызмет түрлерінің санын және ұзақтығын қысқартуға тырысу керек. Басқаша айтқанда, баланың бүлінбеген белсенділігін ескере отырып, бірінші кезеңде оның зейінін, қабылдауын және есте сақтау қабілетін басқару үйретіледі. Содан кейін, осы негізде когнитивті процестерді түзету және сөйлеуді дамыту бойынша жұмыс жүргізілуі керек. [4].

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУ.

Баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы сабақ процесін барлық балалар қатыса алатындай етіп ұйымдастыру ол барлығына қызықты және пайдалы болады. Ал мамандар бір команда болып жұмыс істей отырып, нәтижеге қол жеткізе алады. Өз пәні бойынша олардың белгілі мақсатқа бағытталған тапсырмалар болуы керек. Осыған байланысты коррекциялық педагогикалық процестің барлық қатысушылары арасындағы өзара әрекеттестіктің жаңа нысандары пайда болады, олардың құрамына медицина, оңалту және ата-аналармен байланыс салаларының мамандары да кіреді.

Пәнаралық жұмыста әр маман импровизациялауды жүзеге асыру аса маңызды. Сол кезде жұмыс нақты нәтижеге бағытталады. Сабақ барысындағы бір тапсырма немесе бір ойын әртүрлі балаларға арналған түрлі мәселелерді шешуге қызмет ете алады. Бұл маманға шығармашылықпен айналысуға, әртүрлі ойындар мен тапсырмаларды іздеуге, түзету аймағын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Кіші топтағы пәнаралық сабақтарға кіріспес бұрын жағымды атмосфера мен сабаққа сәтті мотивация үшін жағдай жасауды үнемі ескеру керек. Бұл жерде қарым-қатынастың психологиялық құрамдас бөлігі бірінші орынға шығады: ол жағымды атмосфера құру. Бұл қарым-қатынасты бастаудың кілті! Мотивациялық сфераның жағдайын зерттей отырып, баланы сабақтың барлық кезеңдерінде, әр түрлі іс-әрекет түрлерінде бақылау жүргізіп отыруға тырысу керек. Мұндай динамикалық бақылаулар біртұтас педагогикалық жүйені іске асыруға мүмкіндік береді. Осылайша, логопедиялық блокта сөйлеу қабілетінің ауыр бұзылыстары бар балалармен жұмыс істеуге келесі мақсаттар қойылады: сөйлеуді белсендіру, түсінікті және ойнауға болатын еңжар және белсенді сөздік қорын қалыптастыру, сонымен қатар сөйлеудің психофизикалық алғышарттарын қалыптастыру және бастапқы қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

Ерекше білім алуда қажеттілігі бар балалардың психологиялық кедергілерін жоюға және жалпы әрекетке қосылуға мүмкіндік беретін «Шеңбер» әдісі. Шеңберде бала басқа балаларға қарама-қарсы тұрады, бұл оған бет-әлпетіне назар аударуға және көрнекі және эмоционалды байланыс орнатуға көмектеседі. «Шеңбер» балалардың бір-бірін көріп, амандасуына мүмкіндік береді, топтағы эмоционалдық фонды көтереді, әр балаға эмоционалдық қуат береді. Ойындарда кезектесіп немесе бірігіп, бір-біріне жанасу арқылы балалар өздерінің ұжымға қатысуын түсінеді және қарым-қатынасқа бейімделеді. Мұның бәрі коммуникацияны қалыптастырудағы және белсенді сөйлеу әрекетіне жағдай жасаудағы маңызды жетістік. «Шеңберді» өткізудің қажетті шарты оның эмоционалды және сенсорлық қабілетін дамытуға әсер ететіндігінде. Балалармен үнемі байланыста болатын мамандар ойын барысын эмоционалды түрде түсіндіреді және балаларды эмоцияларымен жігерлендіреді. Сенсорлық және эмоционалды тәжірибелер кез-келген бала үшін қолжетімді болып табылады, олар оған назар аударуға және қарым-қатынасты сақтауға мүмкіндік береді және бүкіл топпен эмоционалды бірлікті сезінуге көмектеседі. [3].

Көбінесе мамандар сабақта балалардың ұйымдаспауына және олардың тез шаршауына байланысты түзету жұмысында қиындықтарға тап болады. Мәселені шешу үшін көрнекілік әдісі қолданылады. Бірінші қолданылатын ол көрнекі кесте - бұл белгілі бір қызмет түрін

бейнелейтін карточкалар – пиктограммалар жиынтығы. Сабақ басталар алдында көрнекі кесте ілінеді. Солдан оңға қарай пиктограммалық карталар бірінен соң бірі орналасады. Әр жолы картада көрсетілген ойын немесе жаттығу аяқталғаннан кейін мұғалім мен бала ойынның суреті бар картаны аударады. Осылайша, балалар белгілі бір оқиғалар тізбегін ұстануға үйренеді. Бұл әдіс топта аутизмі бар балалар болса солар үшін тиімді, оларда жақсы жұмыс істейді. Бұл балалардың көпшілігі көрнекі ақпаратты жақсы қабылдайды. Көрнекі кесте бір оқиғаны екіншісіне өзгерту фактісі баладағы қысылу, жасқану т.б. проблемаларды жеңуге көмектеседі. Алдағы оқиғаның суреттің алдын ала ұсыну «өтпелі кезеңдегі» мәселені оңтайлы шешу жолдары болып табылады. Кесте баланың болашақта тәуелсіз болуына және жақын ересектерге тәуелділігін азайтуға мүмкіндік береді. Көрнекі кестенің ең үлкен артықшылықтарының бірі, біздің көзқарасымыз бойынша, оның көмегімен сенсорлық автостимуляцияның ең қолайсыз нысандарын біртіндеп ығыстыру мүмкіндігі, өйткені ол баланың белсенділігін құрылымдауға және оның мінез-құлқын әлеуметтік маңызды әрекеттермен толтыруға мүмкіндік береді. Сыныпта карточкаларды – пиктограммаларды пайдалану негізгі функционалдық коммуникация дағдыларын қалыптастыруға және өз іс-әрекетінің процесін құрылымдауға мүмкіндік береді: бала инициативаны алуға және сөздерді өздігінен айтуға тез үйренеді, айналасындағы адамдармен қарым-қатынас түсінікті және қолжетімді болады, және меңгерілген ауызша дағдыларды жалпылауға да көмектеседі. [5].

ҚОРЫТЫНДЫ

Түзету-тәрбиелеу үдерісінің барлық қатысушыларының әдістемелік ұйымдастырылған өзара іс-қимылы, мамандардың ұйымдастырған жұмысты және сабақтың барлық кезеңдерінде ата-аналардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету мүмкіндігі шектеулі балаларды ең жоғары тиімділікпен алып жүруге мүмкіндік береді. Жоғары да берілген әдістемелер түзету сабақтарында пәнаралық тәсілді қолдана отырып, өзара әрекеттестік нысандарының даму динамикасын арттырады, отбасындағы бала мен ата-ана қарым-қатынасын жақсартады және баланың бұзылған функцияларын түзетеді, соның ішінде оны әлеуметтік және білім беруде мүмкіндігінше ыңғайлы етіп түзететіні туралы алғашқы қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. *Перепечень Н.А., Дорожкина И.В. Междисциплинарный подход в работе педагога-психолога и учителя-логопеда при проведении групповых занятий с детьми, имеющих особые потребности. <https://nsportal.ru/>*
2. *Манвелов С.Г. Конструирование современного урока. М: Просвещение,*
3. *Гузеев В.В. Методы и организационные формы обучения. – М., 2001*
4. *Усманкулов, Ш.У. Применение интегративного обучения при преподавании дисциплины «Информатика и информационные технологии» / Ш. У.*
5. *Докутович, В.В., Кыласова, Л.Е. Логопедическая служба дошкольного образовательного учреждения [Текст] / В.В. Докутович, Л.Е. Кыласова. — Волгоград: Учитель, 2013.*

References:

1. *Perepechen' N.A., Dorozhkina I.V. Mezhdisciplinarnyj podhod v rabote pedagoga-psihologa i uchitelya-logopeda pri provedenii gruppovyh zanyatij s det'mi, imeyushchih osobye potrebnosti. <https://nsportal.ru/>*
2. *Manvelov S.G. Konstruirovaniye sovremennogo uroka. M: Prosveshchenie,*
3. *Guzeev V.V. Metody i organizacionnyye formy obucheniya. – M., 2001*
4. *Usmankulov, SH. U. Primeneniye integrativnogo obucheniya pri prepodavanii discipliny «Informatika i informacionnyye tekhnologii» / Sh.U.*
5. *Dokutovich, V.V., Kylasova, L.E. Logopedicheskaya sluzhba doshkol'nogo obrazovatel'nogo uchrezhdeniya [Tekst] / V.V. Dokutovich, L.E. Kylasova. – Volgograd: Uchitel', 2013.*

Kossybay A.K.¹, Menlibekova G.Zh¹, Nagymzhanova K.M.*¹.

¹Eurasian National University named after L.N.Gumilev, Astana, Kazakhstan

PERSONAL RESOURCES OF CREATIVE POTENTIAL: TOLERANCE OF UNCERTAINTY

Abstract

The article presents the results of an experimental study of the state of tolerance to uncertainty, the relevance of which is related to the problem of developing creativity in a university. During the study, a modified version of the McLane Uncertainty Tolerance Scale (Multiple Stimulus Types Ambiguity Tolerance Scale-I, MSTAT-I), developed by E.N. Osin, was used for both groups of subjects. Gender differences among master's students on the subscales of the general D. McLane Scale were identified, and prospects for further study were identified. The main goal of this study was to study the state of tolerance to uncertainty and its connection with creativity among undergraduates. According to the overall indicator and the values of the three subscales, it was revealed that in men the level of tolerance is significantly higher at a statistically significant level.

Key words: creativity, creative potential, tolerance for uncertainty, attitude towards novelty, complex tasks, and uncertain situations.

А.Қ. Косыбай¹, Г.Ж. Менлибекова¹, К.М. Нагымжанова *¹

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан

КРЕАТИВТІК ПОТЕНЦИАЛДЫҢ ЖЕКЕ РЕСУРСТАРЫ: БЕЛГІСІЗДІККЕ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ

Аңдатпа

Мақалада өзектілігі университеттегі креативтілікті дамыту проблемасымен байланысты белгісіздікке толеранттылық жағдайын эксперименттік зерттеу нәтижелері келтірілген. Зерттеу барысында Е.Н.Осин әзірлеген Маклейннің белгісіздікке толеранттылық шкаласының (multiple Stimulus Types Ambiguity Tolerance Scale-I, MSTAT-I) өзгертілген нұсқасы субъектілердің екі тобына да қолданылды. Д.Маклейннің жалпы шкаласының кіші шкаласы бойынша магистранттарда гендерлік айырмашылықтар анықталды, әрі қарай оқу перспективалары анықталды. Бұл зерттеудің негізгі мақсаты белгісіздікке толеранттылық жағдайын және оның магистранттардағы креативтілік потенциалымен байланысын зерттеу болды. Үш кіші шкаланың жалпы көрсеткіші мен мәндері бойынша ерлерде толеранттылық деңгейі статистикалық маңызды деңгейде едәуір жоғары екендігі анықталды.

Түйін сөздер: креативтілік, креативтік потенциал, белгісіздікке толеранттылық, жаңалыққа көзқарас, күрделі міндеттерге және белгісіз жағдайларға көзқарас.

Косыбай А.Қ.¹, Менлибекова Г.Ж.¹, Нагымжанова К.М.*¹
¹ Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан

ЛИЧНОСТНЫЕ РЕСУРСЫ КРЕАТИВНОГО ПОТЕНЦИАЛА: ТОЛЕРАНТНОСТЬ К НЕОПРЕДЕЛЕННОСТИ

Аннотация

В статье приводятся результаты экспериментального исследования состояния толерантности к неопределенности, актуальность которой связана с проблемой развития креативности в вузе. В ходе исследования для обеих групп испытуемых была применена модифицированная версия Шкалы толерантности к неопределенности МакЛейна (Multiple Stimulus Types Ambiguity Tolerance Scale-I, MSTAT-I), разработанная Е.Н.Осиным. Выявлены гендерные различия у магистрантов по субшкалам общей Шкалы Д.Маклейна, определены перспективы дальнейшего изучения. Главная цель данного исследования заключалась в изучении состояния толерантности к неопределенности и ее связи с креативным потенциалом у магистрантов. По общему показателю и значениям трех субшкал было выявлено, что у мужчин уровень толерантности значительно выше на статистически значимом уровне.

Ключевые слова: креативность, креативный потенциал, толерантность к неопределенности, отношение к новизне, сложным задачам, неопределенным ситуациям.

INTRODUCTION

The need to change the approach to training future specialists at a university is due to the fact that their professional activities will take place in radically new conditions. The post-industrial era that came as a result of the fourth industrial revolution is distinguished by the value of intellectual capital and unprecedented exponential growth, the introduction of new technologies, including information technologies, which affect all spheres of life. Its consequences are manifested in the fact that information, knowledge and skills rapidly become outdated, making them unsuitable for solving constantly emerging new situations, and even more so for innovation [1], [2].

Thus, the features of the post-industrial era created the “face” of the new VUCA world. No one doubts that its constituent characteristics (volatility, uncertainty, complexity, ambiguity) have left no room for the former certainty, linear determination and simplicity of the world [3].

It is because of the high uncertainty, complexity and ambiguity of the modern world that the concept of 21st century skills has emerged, in which creativity is one of the four central skills. Never have skills been given such a decisive role in personal adaptation. The concept arose as a response from the global scientific community, adequate to these challenges.

According to the objective conclusion of A.G. Asmolov, the incredible pace of change and the comprehensive nature of the growing uncertainty have become such that overcoming it no longer requires adaptation, but pre-adaptation [4]. One of the important ways of such pre-adaptation to a new and constantly changing world is G.P. Pirlík and D.B. Bogoyavlenskaya consider creativity. In contrast to ordinary cognitive activity, it makes a person potentially ready to overcome the uncertainty that will manifest itself in the future in encounters with unexpected, previously unknown and variously new situations [5]. The results of psychological research have confirmed the fact that any creative search begins only in conditions of uncertainty, when convergent thinking loses its productive power. It naturally follows that creativity is impossible without tolerance of uncertainty. By developing it, the individual thereby strengthens and increases his creative potential.

The concept of tolerance for ambiguity, introduced into scientific circulation in the middle of the last century by E. Frenkel-Brunswik, as a person’s attitude towards uncertainty, has hardly changed in content. However, during this time it became more specific, thanks to experimental research. For example: in the definition of the author of the famous Tolerance of Uncertainty Scale by D.McLane, it is understood as the ability to perceive and understand uncertainty containing

contradictory or deficient, unclear content [6]. The attitude towards it, according to D. McLane, is manifested in the way a person reacts to unusual, previously unknown, changeable and complex situations that cannot be clearly understood. The methods themselves constitute a continuum from avoidance to attraction to them [7, p.4]. In other words, the choice of response method depends on a person's subjective attitude to the situation of uncertainty, as threatening or desirable, attractive.

Numerous empirical data have revealed a significant relationship between creativity and tolerance for uncertainty. For example, T.J. Hwang, & J.N. Choi report that tolerance for uncertainty is a mediator in the relationship between mood modalities and creative productivity [8]. Results of C.A.Toh & S.R. Miller confirmed a strong tendency to choose new ideas and solutions by employees with a high level of tolerance for uncertainty [9]. Data from X.Wu, X.Gu, H.Zhang highlight a significant advantage for a person tolerant of uncertainty in the process of developing new ideas and creative problem solving [10]. F.Zenasni, M.Besançon, T.Lubart, as well as K. Stoycheva and T.Lubart share this position. Their results showed the important role of uncertainty tolerance in the heuristic decision-making process at all stages from generation to practical implementation [11], [12]. Bearing in mind the importance that tolerance to uncertainty has as a resource of creative potential, information about its current state is needed. The domestic scientific community is presented with an article by S.T. Bapaeva and B.Khalym on the experience of tolerance to uncertainty during a pandemic from the point of view of research prospects. There are no actual experimental studies of this issue, and especially in the context of creativity resources. Meanwhile, such empirical data obtained from the Kazakh sample have practical significance for organizing the development of creative abilities.

MAIN PART

The purpose of the experimental study was to study the level of tolerance to uncertainty in young men and girls.

Tasks;

1. Conduct an exploratory study of tolerance to uncertainty among undergraduates.
2. Conduct a comparative analysis of differences in the structure of tolerance to uncertainty among young men and girls.
3. Carry out a statistical assessment of the significance of the differences.

Two experimental groups based on gender consisted of undergraduates in technical and humanitarian specialties of L.N. Gumilyov ENU. Accordingly, the first group included 70 young men, and the second - 51 girls.

The validity of the results obtained was ensured by: a) the equivalence of experimental samples by age and gender; b) equal testing conditions; c) anonymous answers to questions on the Tolerance Scale; d) testing statistical hypotheses about the significance of differences using the Student's test.

METHODOLOGY AND METHODS

In the study, for both samples, the McLane Uncertainty Tolerance Scale (Multiple Stimulus Types Ambiguity Tolerance Scale-I, MSTAT-I), a modified version of E.N. Osin, was used.

D. McLane's original scale includes 22 statements. Adaptation on the Russian sample, carried out by E.N. Osin, excluded three of them. In the new composition of the "tolerance of uncertainty" construct, 19 statements remained, reflecting the content of the following five subscales: attitude towards novelty, attitude towards complex tasks, attitude towards uncertain situations, preference for uncertainty and tolerance/avoidance of uncertainty. In addition to the listed subscales, the technique allows you to determine the general level of tolerance to uncertainty [13].

The master's students used the instructions, expressing the degree of their attitude to the statements on a Likert scale from "completely disagree" to "completely agree" (1-7 points).

RESEARCH RESULTS

A general analysis of the average level indicators of all subscales shows that they do not exceed the average values of psychometric indicators according to E.N. Osin, which he determined on a sample of Russian students, graduate students and researchers (Table 1). [13, p.78]. When comparing the results obtained with his data, the greatest similarity was found in the values of three

subscales - attitude to novelty, attitude to complex tasks and attitude to uncertain situations. Psychometric indicators for subscales reflecting preference for uncertainty and tolerance for uncertainty were below average values.

Table 1. Average values of indicators of tolerance to uncertainty among ENU master's students L.N. Gumilyov and E.N. Osin

Subscales	Young men	Girls	E.Osin
Attitude to novelty	13,92	13,54	(13,92)
Attitude to complex tasks	32,98	31,27	(33,64)
Attitude to uncertain situations	38,27	36,8	(38,57)
Preference for uncertainty	46,88	41,76	(52,61)
Tolerance of uncertainty	42,6	39,72	(47,4)
General TU indicator	89,04	81,56	(100)

Further differentiated comparative analysis was carried out based on the average values of young men and girls - master's students of L.N. Gumilyov ENU. The results revealed the following differences in psychometric properties (Figure 1).




Figure 1. Level differences in tolerance subscales to uncertainty

Firstly, both young men and girls have almost the same “average” attitude towards novelty. This is the only subscale for which the values do not differ statistically. The questions that make up this subscale examine the individual’s position regarding the preference for the unknown and new over the familiar, and the attractiveness of everything new. Its content is very close in meaning to such a personal quality from the Big Five model as openness to experience, which correlates with all indicators of creativity. For example, according to R.M. Caligiuri, tolerance is positively correlated with openness [14]. F.Zenasni, M.Besanson, and T.Lubart also reported significant associations between openness to experience and divergent thinking [11].

Secondly, a slight but significant difference according to Student’s test was found in attitude to complex tasks ($t = 5.7$; $p \leq 0.01$). In terms of the content of the subscale, young men are less

likely than girls to avoid questions that are difficult to understand. On the contrary, they are more attracted and enjoy understanding and solving problems that cause difficulties for other people.

A similar difference was revealed in relation to uncertain situations ($t_{em} = 6.1$; $p \leq 0.01$). The subscale questions reflect the degree of tolerance and ease of response to uncertain situations, the success of overcoming them, the emotional background and involvement in finding a way out of an uncertain situation, etc. Young men, to a greater extent than girls, do not perceive uncertain situations as potentially threatening, do not experience frustration and do not try to avoid them, and also believe that they often cope with them.

Thirdly, the maximum difference was established in the prevalence of preference for uncertainty among young men compared to girls

($t_{em} = 21.4$; $p \leq 0.01$). In general, young men consider any uncertainty that necessitates studying an issue or situation from several points of view and not having a single solution attractive. Hence, it is natural that young men are superior in the subscale of tolerance to uncertainty ($t_{em} = 9.1$; $p \leq 0.01$) and, accordingly, in its general indicator ($t_{em} = 21.9$; $p \leq 0.01$).

DISCUSSION

The purpose of the study was to study the state of tolerance to uncertainty as a resource of creative potential among undergraduates. According to the overall indicator and the values of the three subscales, tolerance in young men is higher at a statistically significant level.

There is no unanimous opinion in the scientific community on the issue of the influence of sexual dimorphism. Our results confirm the empirical data of N.Seidi, R.Srivastava, A.M. Maubach & S.I. Morgan and others that men have a higher tolerance to uncertainty and associated stress compared to women. At the same time, they disagree with other results, for example, S.K. Kamran, according to which there are no statistically significant differences. A number of researchers have suggested that the cause of inconsistency may be the context of the situation in which uncertainty and the influence of ethnic culture and stereotypes arise.

According to the author, it is important that the level of tolerance to uncertainty in both young men and girls does not exceed average values. In the broad context of influences, it indicates the priority of undergraduates, and especially girls, of the value of psychological safety over the value of creativity.

It is known that the basic need of an individual for psychological safety has a direct impact on the willingness to take risks, which has significant correlations with the level of creativity and all stages of the creative process. We are talking about the readiness to take intellectual and social risks associated with the possibility of failure in situations of searching for a creative solution. Willingness to risk stops and restrains the influence of negative emotional states that arise in connection with the perception of uncertainty as frightening or threatening and expands the range of reactions to overcome it. Thus, fear and anxiety noticeably narrow the range of ways of reacting, even to the point of avoidance, which prevents the disclosure of creative potential.

According to the results obtained, in general, girls more than young men strive for psychological safety using escapism. They more often move away from uncertainty towards the familiar and familiar, i.e. into the psychological comfort zone. Young men, being more tolerant of uncertainty, experience psychological well-being and feel confident in uncertain, difficult situations. Moreover, they attract young men. The unusual, vague and incomprehensible are perceived as complex and interesting by them to a greater extent than by girls.

The differences may be due to the characteristics of the experimental sample. For example: among young men there are more of those who are characterized by low anxiety. In the future, it is possible to study a larger representative sample, which would also include the measurement of psychometric indicators of risk readiness and anxiety. Factors such as gender stereotypes can also have an influence. For example: the socialization of young men within the framework of a traditional ethical stereotype encourages and reinforces tolerance of uncertainty in their behavior through encouraging research activity, courage, willingness to take risks, etc.

CONCLUSION

The current level of tolerance to uncertainty indicates the need to strengthen it as a resource of creative potential among undergraduates. This need is dictated by the need to develop creativity, which is a key skill of the 21st century - competence and the key to the success of university graduates in future professional activities.

Currently, in psychological science, the problem of research aimed at the practical solution of the issue of preparing graduates for adaptation and activity in the new VUCA world, increasing personal resources of creativity, is being updated. In relation to such a resource as tolerance for uncertainty, research is being conducted in educational psychology, combining the ideas of social-cognitive and positive psychology. An example is the research of V. M. De Roma and R. A. Beghetto. They indicate the practical significance of such an organization of educational activities, during which desensitization occurs - a reduction in fear and anxiety of uncertainty as a condition for the actualization of creative abilities.

List of used literature:

1. Sorokin S. *Thriving in a World of Knowledge Half-Life*. [Электрон.ресурс]. – URL: <https://www.cio.com/article/219940/thriving-in-a-world-of-knowledge-half-life.html#:~:text=In%201982%2C%20futurist%20and%20inventor,doubling%20every%2012%2D13%20months> (дата обращения 07.01.2024)
2. Abe E., Abe I., Adisa O. *Future of work – skill obsolescence, acquisition of new skill and upkilling in the 4ir/* In book: *Future of Work, Work-Family Satisfaction, and Employee Well-Being in the Fourth Industrial Revolution*. doi:10.4018/978-1-7998-3347-5.ch015
3. VUCA. [Электрон.ресурс]. – URL: https://en.wikipedia.org/wiki/VUCA#Social_categorization (дата обращения 07.01.2024)
4. Асмолов А. Г., Шехтер Е. Д., Черноризов А. М. *Преадаптация к неопределенности как стратегия навигации развивающихся систем: маршруты эволюции./Mobilis in mobili: личность в эпоху перемен / Под общ. ред. А.Асмолова. — М.: Издательский Дом ЯСК, 2018. — С.76-101.*
5. Пирлик Г.П. и Богоявленская Д.Б. *Творчество как путь преодоления неопределенности*. [Электрон.ресурс]. – URL: https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=38724 (дата обращения 08.01.2024)
6. McLain D. L., Kefallonitis E., & Armani K. *Ambiguity tolerance in organizations: definitional clarification and perspectives on future research*. *Frontiers in psychology*. – 2015.- № 6 – P. 344. doi:10.3389/fpsyg.2015.00344
7. McLain D. L. *The MSTAT-I: A new measure of an individual's tolerance for ambiguity// Educational and Psychological Measurement*. – 1993. – 53(1).- P.183–189. <https://doi.org/10.1177/0013164493053001020>
8. Hwang T. J., & Choi J. N. *Different moods lead to different creativity: Mediating roles of ambiguity tolerance and team identification.*//*Creativity Research Journal*. -20202. - 32(2). P.161–173. <https://doi.org/10.1080/10400419.2020.1751542>
9. Toh C.A., Miller S.R.: *Creativity in design teams: the influence of personality traits and risk attitudes on creative concept selection.*// *Res. Eng. Design*. – 2016. - 27(1). – P.73–89.
10. Wu X., Gu X., Zhang H. *The facilitative effects of ambiguous figures on creative solution.*//*The Journal of Creative Behavior*. 2016. - 53(1). – P.44–51. doi:10.1002/jocb.161
11. Zenasni F., Besanson M., Lubart T. *Creativity and tolerance of ambiguity: An empirical study.*//*Journal of Creative Behavior*. – 2008. - 42(1). – P. 61-73.
12. Stoycheva K., Lubart T. *The nature of creative decision making./In C. M. Allwood, M. Selart (Eds.). Decision Making: Social and Creative Dimensions (pp. 15-33). - Dordrecht, The Netherlands: Kluwer Academic Publishers, 2001.*
13. Осин Е. Н. *Факторная структура русскоязычной версии шкалы общей толерантности к неопределенности Д. Маклейна // Психологическая диагностика. - 2010.- № 2. - С. 65–86.*
14. Caligiuri P.M., Rick R. J., J.L. Farr. *The Attitudinal and Behavioral Openness Scale: Scale development and construct validation.*// *International Journal of Intercultural Relations* - 2000. - №24. – P. 27–46.

References:

1. Sorokin S. *Thriving in a World of Knowledge Half-Life*. [e-resource]. – URL: <https://www.cio.com/article/219940/thriving-in-a-world-of-knowledge-half-life.html#:~:text=In%201982%2C%20futurist%20and%20inventor,doubling%20every%2012%2D13%20months> (date of the application 07.01.2024)
2. Abe E., Abe I., Adisa O. *Future of work – skill obsolescence, acquisition of new skill and upkilling in the 4ir./ In book: Future of Work, Work-Family Satisfaction, and Employee Well-Being in the Fourth Industrial Revolution*. doi:10.4018/978-1-7998-3347-5.ch015
3. VUCA. [e-resource]. – URL: https://en.wikipedia.org/wiki/VUCA#Social_categorization (date of the application 07.01.2024)
4. Asmolov A.G., Shekhter E.D., Chernorizov A.M., *Pereadaptaciya k neopredelennosti kak strategiya navigacii razvivayushikhsya sistem: marshruty evolucii./Mobilis in mobili: lichnost v epokhu peremen / Pod obsh.red. A.Asmolova. — M.: Izdatelskiy dom YSK, 2018. — s.76-101.*
5. Pirlík G.P. I Bogoyavlenskaia D.B. *Tvorchestvo kak put preodoleniya neopredelennosti* [e-resource]. – URL: https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=38724 (date of the application 08.01.2024)
6. McLain D. L., Kefallonitis E., & Armani K. *Ambiguity tolerance in organizations: definitional clarification and perspectives on future research*. *Frontiers in psychology*. – 2015.- № 6 – P. 344. doi:10.3389/fpsyg.2015.00344
7. McLain D. L. *The MSTAT-I: A new measure of an individual's tolerance for ambiguity// Educational and Psychological Measurement*. – 1993. - 53(1).- P.183–189. <https://doi.org/10.1177/0013164493053001020>
8. Hwang T. J., & Choi J. N. *Different moods lead to different creativity: Mediating roles of ambiguity tolerance and team identification.*//*Creativity Research Journal*. -2020. - 32(2). P.161–173. <https://doi.org/10.1080/10400419.2020.1751542>
9. Toh C.A., Miller S.R.: *Creativity in design teams: the influence of personality traits and risk attitudes on creative concept selection.*// *Res. Eng. Design*. – 2016. - 27(1). – P.73–89.
10. Wu X., Gu X., Zhang H. *The facilitative effects of ambiguous figures on creative solution.*//*The Journal of Creative Behavior*. 2016. - 53(1). – P.44–51. doi:10.1002/jocb.161
11. Zenasni F., Besanson M., Lubart T. *Creativity and tolerance of ambiguity: An empirical study.*//*Journal of Creative Behavior*. – 2008. - 42(1). – P. 61-73.
12. Stoycheva K., Lubart T. *The nature of creative decision making./In C. M. Allwood, M. Selart (Eds.). Decision Making: Social and Creative Dimensions (pp. 15-33). - Dordrecht, The Netherlands: Kluwer Academic Publishers, 2001.*
13. Osin E.N. *Faktornaia struktura russkoj azichnoi versii shkaly obshei tolerantnosti k neopredelennosti D.Makleina // Psikhologicheskaia diagnostik. - 2010.- № 2. - s. 65–86.*
14. Caligiuri P.M., Rick R. J., J.L. Farr. *The Attitudinal and Behavioral Openness Scale: Scale development and construct validation.*// *International Journal of Intercultural Relations* - 2000. - №24. – P. 27–46.

МРНТИ: 15.21.45

10.51889/2959-5967.2024.79.2.008

Б.Е. Сабырбай^{1}, Г.Қ. Айқинбаева¹, С.Қ. Бердібаева², А.С. Нурадинов¹*

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан

**СТУДЕНТТЕРДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЭМОЦИЯЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТ
ДАМУЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН ОНЫҢ ОҚУДАҒЫ ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТУ
МОТИВАЦИЯСЫНА ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ**

Аңдатпа

Мақалада студенттердегі әлеуметтік және эмоциялық интеллектінің дамуының маңыздылығы айқындалып, оның оқудағы жетістікке жету мотивациясына әсері зерделенеді. Теория-

лық зерттеу негізінде еліміздегі, ресейлік және шетелдік ғылыми еңбектерге талдау жасау арқылы әлеуметтік интеллект түсінігінің тарихи даму тұжырымдары жүйелене отырып, нақты кестелік тұрғыда салыстырмалы деректер дәйектеледі. Әлеуметтік ұғымына қатысты авторлық анықтама ұсынылады. Әлеуметтік интеллект адамдар арасындағы тиімді қарым-қатынас пен әлеуметтік-психологиялық жағдайға бейімделе отырып, жетістікке жетуде көрінетін тұлғаның интегралды, әрі интеллектуалды қабілеті ретінде тұжырымдамаланып, оның дамуы адамның өмірі мен іс-әрекетіндегі маңыздылығын айқындайды. Сондай-ақ, эксперименттік зерттеулер жүргізу негізінде эмоциялық интеллектінің әрбір шкаласы, әлеуметтік интеллектінің әрбір шкалалары мен жетістікке жетудегі экстернал мен интерналдар арасындағы байланыс Пирсонның корреляциялық коэффициенті негізінде анықталады. Эмоциялық интеллект пен өзін-өзі реттеу және эмпатия арасында оң мәнді күшті байланыс бар. Ал, өзіндік мотивация мен эмоциялық интеллект және өзара әрекеттесу дағдысы арасында оң мәнді, бірақ аз ғана байланыс бар екендігі анықталды. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелері эмоциялық интеллект пен жетістікке жетудің интернал көрсеткіші арасында күшті байланыс бар екендігі дәлелденеді.

Кілтті сөздер: студенттік кезең, эмоциялық интеллект, әлеуметтік интеллект, оқудағы жетістікке жету, әлеуметтік-эмоциялық оқыту, жетістікке жету мотивациясы.

*Сабырбай Б.Е.¹ *, Айкинбаева Г.К.,¹ Бердибаева С.К.², Нураддинов А.С.¹*

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

ИЗУЧИТЬ ЗНАЧЕНИЕ РАЗВИТИЯ СОЦИАЛЬНОГО И ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА У СТУДЕНТОВ И ЕГО ВЛИЯНИЕ НА МОТИВАЦИЮ ДОСТИЖЕНИЯ АКАДЕМИЧЕСКИХ УСПЕХОВ

Аннотация

В статье определено значение развития социального и эмоционального интеллекта в студенческом возрасте, изучено влияние эмоционального и социального интеллекта у студентов на мотивацию достижения успеха. На основе теоретических исследований, путем анализа отечественных, российских и зарубежных научных работ систематизированы выводы исторического развития концепции социального интеллекта, а сравнительные данные сведены в конкретную таблицу. Предлагается авторское определение данного понятия. Социальный интеллект концептуализируется как целостная интеллектуальная способность человека, проявляющаяся в достижении успеха путем адаптации к эффективному общению между людьми и социально-психологическим условиям, и определяется значение его развития в жизни и деятельности человека. Также на основе проведения экспериментальных исследований на основе коэффициента корреляции Пирсона определена связь между каждой шкалой эмоционального интеллекта, каждой шкалой социального интеллекта, внешними и внутренними факторами достижения успеха. Было обнаружено, что существует сильная положительная связь между эмоциональным интеллектом, само-регуляцией и эмпатией, а также положительная, но небольшая связь между самомотивацией, эмоциональным интеллектом и навыками межличностного общения. Также результаты исследования доказывают, что существует сильная связь между эмоциональным интеллектом и внутренними показателями достижений.

Ключевые слова: студенческий период, эмоциональный интеллект, социальный интеллект, академическая успеваемость, социально-эмоциональное обучение, мотивация достижения успеха.

Sabyrbay B.Y.*¹, Aikinbayeva G.K.², Berdibayeva S.K.¹, Nuraddinov A.S.¹

¹Eurasian National University. L.N. Gumilyov, Astana, Kazakhstan

²Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

TO STUDY THE IMPORTANCE OF THE DEVELOPMENT OF SOCIAL AND EMOTIONAL INTELLIGENCE IN THE STUDENT AGE PERIOD AND ITS INFLUENCE ON THE MOTIVATION TO ACHIEVE ACADEMIC SUCCESS

Abstract

The article defines the importance of the development of social and emotional intelligence in the student age period, the influence of emotional intelligence and social intelligence in students on the motivation to achieve success is studied. On the basis of theoretical research, by analyzing domestic, Russian and foreign scientific works, the findings of the historical development of the concept of social intelligence are systematized, and comparative data are summarized in a specific table. An author's definition of this concept is offered. Social intelligence is conceptualized as an integral intellectual ability of a person, which is manifested in achieving success by adapting to effective communication between people and social-psychological conditions, and the importance of its development in human life and activities is determined. Also, on the basis of conducting experimental studies, the relationship between each scale of emotional intelligence, each scale of social intelligence, and external and internal factors in achieving success is determined on the basis of Pearson's correlation coefficient. It was found that there is a strong positive relationship between emotional intelligence and self-regulation and empathy, and a positive but small relationship between self-motivation and emotional intelligence and interpersonal skills. Also, the results of the study prove that there is a strong relationship between emotional intelligence and internal indicators of achievement.

Keywords: student period, emotional intelligence, social intelligence, academic success, socio-emotional learning, motivation to achieve success.

КІРІСПЕ

Жалпы адам өмірінде әлеуметтік интеллектінің де, эмоциялық интеллектінің де маңызы зор. Біз балаларды кішкентайынан ақылды болуға бағыттаймыз. Ақылды бала өз эмоциясын реттей алады (эмоциялық интеллект), басқа адамдармен де дұрыс қатынас құра алады (әлеуметтік интеллект), әрі деп есептейміз. Ақылды болу үшін баланың психикасының дамуына, миының қызмет ету қасиетін жетілдіруге жағдай жасаймыз. Балаларға болсын, ересектерге болсын, эмоциялық жағдайда әсер ету мүмкіншілігі басым. Олай дейтін себебіміз, жақсы, көтеріңкі көңіл-күйді немесе керісінше қорқыту, жазалау жағдайындағы әсер ету күшті болады, бұл эмоцияның энергетикалық күші. Сол сияқты адамға жақсы қатынас құру арқылы, қолдау көрсетіп, мейірімділік танытып, оңтайлы қарым-қатынас негізінде күшті әсер етуге болады, ал бұл әлеуметтік құбылыстың энергетикалық күші. Осы орайда, әлеуметтік және эмоциялық энергетикалық күштің өзара тығыз сабақтасып жатқанын, екеуінің ара жігін ажырату, айқындау қиын екенін көруге болады.

Зерттеу мақсаттары мен міндеттері.

- Теориялық зерттеулер негізінде эмоциялық интеллект, әлеуметтік интеллект және жетістікке жету мотивациясы туралы тұжырымдарға талдау жасау.

- Студенттердегі әлеуметтік және эмоциялық көріністерін айқындау, өзара байланысын көрсету;

- Әлеуметтік және эмоциялық интеллект пен жетістікке жету мотивациясы арасындағы өзара байланысты нақтылау;

- Студенттерді оқу жетістіктері мен ЭИ, ӘИ және жетістікке жету мотивациялары бойынша корреляциялық байланысты анықтау.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Адамның жалпы эмоциялық және әлеуметтік сферасы адам психикасының күрделі құрылымындағы реттеушілік жүйеден тұрады, потенциалды мүмкіншіліктерді белсендіреді, болашаққа бағдарлайды (Б.М. Теплов, П.М. Якобсон, Б.М. Неменский, Б.И. Додонов, А.Н. Лутошкин), тұлғаның шығармашылық қабілетін шыңдайды, адамның қорғаныс (Л.И. Божович), реттеушілік (Е.П. Ильин), мотивациялық механизмін жүзеге асырады.

Әлеуметтік интеллект (бұдан әрі ӘИ) адамдар арасындағы қарым-қатынас пен әлеуметтік тұрғыда бейімделу арқылы табысқа жетуде көрінетін интегралды интеллектуалды қабілет. Әлеуметтік қабілеттің көрсеткіштеріне, қалыптасу процестеріне әлеуметтік сезімталдылық, адамдардың бірін-бірі қабылдауы, әлеуметтік есте сақтау және әлеуметтік ойлау жатады, - деп көрсетеді О.В. Лунева [1]

Ресей ғалымы О.В. Лунева «әлеуметтік интеллект» адамның басқа адамдармен және белгілі бір адамдар тобымен өзара әрекеттесуінде жүзеге асатын адамның ішкі субъективті-тұлғалық құрылымдық компоненттерден тұрады деп көрсетеді. Әрі оны үш ішкі құрылымға бөліп қарастырады:

- Әлеуметтік когнитивтілік және басқа адамдармен өзара тиімді әрекеттесу бейнесін құра алу қабілеті;

- Әлеуметтік интеллект – бұл тұлғаның өзіндік әлеуметтік психологиялық даралық ерекшелігі;

- Әлеуметтік жүріс-тұрысын өзіндік реттей алу мен тұлға аралық өзара әрекеттесу жағдайларында өзін-өзі басқара алу қабілеті. Басқаша айтқанда ӘИ – тұлғаның субъективтілік ерекшелігін сипаттайтын даралық қабілеттерінің көріну белгілері болып табылады.

Отандық, Ресейлік және шетелдік зерттеулерге талдау жасау негізінде ӘИ ұғымында ортақ түсініктер мен негізгі идеялар ұқсас болып келеді. *ӘИ негізгі тұжырымы мынадай ойды ұстанады: адамдардың басқа адамдармен қарым-қатынас барысында өзін және өзгелерді түсіне білу, соның арқасында сәтті әлеуметтік бейімділікке қол жеткізу, оған қоса өзара түсіністіктің арқасында қоғамда табысты қызмет етуге жетелейтін әлеуметтік өзара нәтижелі әрекеттесу қабілеті.* ӘИ зерттеуде Батыс психологиясында ертеректен зерттелініп келе жатса, Ресей тарихында аса ұзақ уақытты қамтымайды [2]. Ал Қазақстандағы зерттеулерге сүйенсек, әлеуметтік интеллект жалпы қарым-қатынас психологиясының құрамдас белгісі ретінде жалпылама қарастырылған. Дегенмен, соңғы жылдары бұл феномен арнайы зерттеулердің объектісіне айналып келеді. А.И. Курманова және басқалар студенттердегі әлеуметтік интеллектінің даму моделін адамның тұлғалық ішкі өзгерістерді, ерекшеліктерді және оның кәсіби педагогикалық іс-әрекетке, педагогикалық қарым-қатынасқа әсері салдарын сипаттайды [3]. Ал, А.Ж. Дюсенова және басқалар білім алушы қандастардың әлеуметтік интеллектісінің психологиялық өзіндік ерекшеліктерін эксперименттік түрде зерттеп сипаттап көрсетеді [4].

Әлеуметтік интеллект ұғымы сонау 1920 жылдардағы Э. Торндайктың анықтамасынан бастау алады. Оның айтуы бойынша адамдарды түсіну және басқару қабілеті, адами қарым-қатынаста ақылмен әрекет ету [5]. Өртүрлі психологиялық әдебиеттерге шолу жасау негізінде [6, 7, 8]. ӘИ ұғымын түсіндіруге байланысты бірқатар тұжырымдарды көрсетуге болады. Кесте 1.

Кесте 1. ӘИ ұғымын түсіндіретін тұжырымдар мен авторлар

к/с	Әлеуметтік интеллект түсінігі	Авторлар
1	Тұлға аралық қарым-қатынас кезінде басқа адамдарды түсіну қабілеті, олармен ақылды әрекет ете білудегі көрегенділік	Э.Торндайк
2	Адамның қоғамдық өмірге бейімделу дәрежесі, яғни өмірлік жағдаяттарда дұрыс әрекет ете алу ептілігі	Д.Векслер
3	Әлеуметтік өзара әрекеттесуде жүзеге асырылатын және	Дж.Гилфорд, Г.Олпорт,

	жалпы интеллектіге тәуелсіз танымдық және мінез-құлық қабілеттерінің жиынтығы	Г.П. Геранюшкина және т.б.
4	Әлеуметтік ойлаудың синонимі ретінде	Дж.Годфруа, Д.Майерс
5	Әлеуметтік шындыққа бағдарлануды қамтамасыз ететін, тәжірибе арқылы меңгерілетін адамның «психикалық» құралы, формасы	Р.Селман
6	Академиялық интеллект негізінде қалыптасатын және онымен тығыз байланысты интеллект	Л.И. Анцыферова, Н.В. Бачманов, М.И. Бобнева, Н.А. Стафурина, А.Л. Южанинова, О.Б. Чеснакова және басқалар
7	Даналық және практикалық ойлау ұғымдарының синонимі ретінде	С.Халлидей, М.Чандлер, П. Балтес, Б.М. Теплов, Л.И. Уманский, М.А. Холодная және басқалар
8	Эмоциялық интеллектінің құрамдас бөлігі ретінде	Д.Гоулман, Бауэр
9	Табысты тұлға аралық қарым-қатынастың негізі ретінде	Ю.Н. Емельянов, В.Н. Куницына, Е.С. Михайлова
10	Жаңа өмірлік жағдайларға жалпы бейімділігінде көрінетін, адамның ішкі жоспарымен әрекет етудегі мінез-құлықтық ептілік	В. Штерн
11	Қоғамдағы басқа адамның бейімделуіне және танылуына бағытталған интеллект түрі	Х.Гарднер, Р.Стернберг, В.Н. Дружинин, К.А. Кудрявцева, В. А. Лабунская және басқалар
12	Әлеуметтік-мәдени жағдайлар әсерінен әлеуметтену барысында қалыптасатын индивидтің интеллектісі	Г. Айзенк,
13	Тұлға аралық таным факторы ретінде	А.С. Самекин
14	Өзін-өзі реттеу процестерінің энергетикалық қауіпсіздігі деңгейіне қоса, зияткерлік, тұлғалық, коммуникативтілік және мінез-құлықтық қасиеттер жиынтығы	В.Н. Куницына
15	Адамдардың әлеуметтік ережелерді саналы тұрғыда түсіне білу, оларды сақтау, тиімді әлеуметтік байланыстар құра алу, достық сипаттағы қарым-қатынаста эмоциялық жылылықты сақтай алу қабілеті	П. Джон, С. Космитский, Г.
	Қарым-қатынас барысында басқа адамдардың әрекеттерін, сезімдерін, көңіл-күйлерін, мотивациясын сыни тұрғыда адекватты бағалау қабілеті	Д. Ведек
16	Эмоциялық, мінез-құлықтық, тұлға аралық, бейімдеушілік қабілеттермен сәйкестендіру ретінде	А.Р. Ерментасева, Х.Т. Шерязданова, Н.Қ. Тоқсанбаева және басқалар ,
17	Әлеуметтік интеллект – бұл адамның басқа адамдармен табысты әрекеттесуде көрінетін, қарым-қатынас кезінде жүзеге асатын ақыл-ой қабілеттілігі. Мұнда басты фактор – адамның ақылы, даналығы.	Автор: Б.Е. Сабырбай, Г.Қ. Айкинбаева

Эмоциялық интеллект (бұдан әрі ЭИ) – бұл эмоцияның көрінуі, оны бағалауы және жеткізе алу, эмоцияны түсіну және эмоцияны танып білу және эмоцияларды басқара алу қабілеттілігі ретінде сипатталады. ЭИ адамның өзінің және өзгелердің эмоциясын түсіну, өзіндік эмоциялық сферасы мен мотивациясын басқара алу сияқты әлеуметтік және эмоциялық қабілеттердің бірлігін білдіреді.

«Эмоциялық интеллект» ұғымы (Salovey P. and Mayer J.D 1990.) Саловей және Майер енгізген болатын [9]. Олар ЭИ негізгі үш сала бойынша сипаттады: өзінің және өзгелердің эмоциясын бағалау; өзінің және өзгелердің эмоциясын реттеу; әрекеттерді орындау кезінде эмоцияларды қолдану.

Эмоциялық интеллект туралы Н.Холл моделі компоненттеріне эмоциялық сауаттылық, өз эмоцияларын басқара алу, өзіндік мотивация, эмпатия, басқалардың эмоциясын басқару жатады. Д.В. Люсиннің эмоциялық интеллект туралы теориялық моделі төмендегідей сипаттамалардың бірлігінен тұрады:

- эмоциядан туындайтын ақпараттарды өңдеудің когнитивтілік қабілеттілігі;
- өзі және өзгелер туралы ақпараттың негізі ретінде эмоция туралы ой-пікірлері;

- эмоциялылықтың даралық көрінісі;
- эмоциялық сезімталдық;
- эмоциялық тұрақтылық.

ЭИ көріністері веральды және вербальды емес белгілердің көмегімен эмоцияны тану, басқалардың вербальды емес белгілерін қабылдау, әрі оған сәйкес эмоциялық қатынас арқылы көрінеді. Оған қоса, өз эмоциясын реттей алу, өз эмоциясын өзгелердің эмоциясына орай бақылау, қалыпқа келтіру көріністерімен сипатталады. Алдында тұрған міндеттерді орындау немесе күрделі мәселелерді шешу кезінде эмоцияларды қолдану, шығармашылық мотивацияның туындауы, икемді жоспарлау әрекеттерінен көрінеді. (Schutte N.S., және басқалар, 1998) [10].

М.Акбариләх және басқалар студенттердің ЭИ мен сыни ойлау академиялық үлгерімі арасында өзара байланыс бар екендігін ескере отырып, университеттегі соңғы курс болса да, сыни ойлауды және ЭИ дамытуға бағытталған жағымды, әрі оңтайлы ортаны құра отырып, сарапшыларды шақыру арқылы студенттердің сыни ойлауы мен ЭИ бекітуге, сол арқылы жалпы жетістіктерге жетуге ықпал жасау мүмкіншіліктерін баса көрсетеді [11]. Сондықтан, эмоциялық интеллектіні дамыту арқылы университетте студенттердің академиялық және мінез-құлықтық жетістіктерін бағалау маңызды болып табылады.

Соңғы жылдары бүкіл әлемдік әлеуметтік-эмоциялық оқыту (SEL, бұдан әрі ЭЭО) концепциясы өз нәтижесін беріп жатқандығын ескерсек, онда оқу жүйесінде SEL дамытуды қамтамасыз ететін практикалық міндеттерге көп көңіл бөлу қажет. ЭЭО (SEL) мән беру білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде (колледж, университет, кәсіби, үздіксіз білім беру) қарқынды дамып келеді.

С.Elmi бойынша, студенттердің эмоциялық интеллектісі неғұрлым жоғары болған сайын, олардың басқа да интеллектілерін ынталандыру мен қызығушылығы арта түседі. Тіпті студенттердің ғылымға деген қызығушылықты қамтамасыз ететін өмірлік стратегиялардың қалыптасуына, стресске тұрақтылықтың артуына, басқа адамдармен мүмкіндігінше позитивті өзара әрекеттесу стратегияларына әсер етеді [12]. Осы орайда, студенттердің академиялық нәтижелерінің жоғарылауына ықпал ететін әлеуметтік сауаттылық пен өзін-өзі бақылауды қамтамасыз ететін оқыту әдістерін өңдеу қажеттілігі артып отыр. Ал мұның барлығы жастардың кәсіби және тұлғалық жетістіктердің бастауы десек болады..

Дурлак және басқалар (Durlak, J.A және басқалар 2011) 148 000 студенттерге зерттеу жүргізу арқылы зерттеушілердің тек 29 пайызы ғана оқу орындарындағы мақтау, қолдау мен қамқорлық бар екенін көрсеткен [13]. Әрине мұндай ортаны құрушы басты тұлға оқу үдерісін ұйымдастыратын оқытушылардың ролі зор. Anderson және басқалардың (Anderson, V және басқалар, 2019) пайымдаулары бойынша өз пәніне, өз оқушыларына, ерекше қамқорлық танытатын оқытушыларға сипаттама бере отырып, олар студенттерге күшті әсер ете отырып, пәнге деген қызығушылықты арттыру, оқуға деген энтузиазмді дамыту, болашаққа талпынушылықты белсендіру мүмкіншілігін тудырады. Аталмыш авторлар ЖОО оқытушылықтың танымдық, эмоциялық және тәндік қызметін ерекше атап өту керектігін көрсетеді [14].

SEL – сапалы оқыту мен білім берудің ажырамас бөлігі болып табылады. (Srinivasan, M. 2019), (Tantillo Philibert және басқалар 2018) ЭЭО (SEL) нәтижелілігі аудиториядағы өзара әрекеттесу сапасын жақсартады, академиялық талпынысты дамытады, оқуға деген мотивацияны арттырады, оқу үдерісі барысында орындалатын эмпирикалық тәжірибелер көмегімен студент пен оқытушы арасындағы өзара әрекеттесуді жақсартады, ал мұның барлығы оқытушы мен студент арасындағы өзара әрекеттесудегі әлеуметтік-эмоциялық күзіреттілікті жетілдіре түседі (Reicher, H., 2010).

Бірқатар зерттеулерге сүйенетін болсақ, жоғары білім беру жүйесінде студенттердің әлеуметтік және эмоциялық бейімделуі жағымды академиялық нәтижелермен байланысты. Академиялық үлгерімді жақсартады және сақтап қалады. Оған қоса, әлеуметтік және эмоциялық дағдылар тек академиялық нәтижелерге ғана әсер етпейді, сонымен қатар

жұмыстағы жетістіктерге, позитивті тұлға аралық қатынастарға, психикалық саулықты қамтамасыз етуге, жалпы психологиялық әл-ауқатқа әсер ететіндігі дәлелденеді. Сондықтан ЖОО ӘЭО (SEL) құндылығы өмірлік маңызы зор болып табылады. ӘЭО (SEL) эмоциялық интеллект дағдыларын дамытуға қатысты болғандықтан, өзіндік сана, өзіндік бақылау, әлеуметтік сауаттылық, өзара қарым-қатынас дағдысы және жауапты шешім қабылдауды қамтиды (Lubit, R.2019).

Зерттеулер көрсеткендей, әлеуметтік және эмоциялық құзіреттіліктің бұл бес саласы ӘЭО (SEL) бойынша ЖОО студенттерінің бейімділігін, жетістікке жетуі мен дамуында шешуші мәнге ие. АҚШ-тың бірнеше штаттары мен округтерінде ӘЭО (SEL) орта және жоғары мектептер бағдарламаларына арналған стандарттары едәуір өңделгенімен, ЖОО бұл әлі жақсы ұйымдастырылмағанын, әлі құрылымдалмағанын, сондай-ақ жас ғалымдарға біртекті қолданып жатқандығы туралы деректер келтіреді (Conley, C.S., 2015). Сондықтан ЖОО ӘЭО (SEL) стратегиясын тиімді жүзеге асыру, ӘЭО (SEL) қолданудың студенттердің академиялық және мінез-құлықтық нәтижелерге әсеріне көп көңіл бөлу қажеттілігі артып отыр.

Е.Кarpouza және А.Emvalotis (Karpouza E. and Emvalotis A., 2019) ЖОО студент-оқыту арасындағы қатынастың оқу үдерісінде мәні зор бола тұра қажетті деңгейде зерттелінбегенін айтады. Студенттердің оқытушыға дегені сенім оқытушының кәсіби құзіреттілігіне байланысты. Оқытушының өз пәніне қатысты мықты біліміне қоса, күрделі оқу материалын түсіндіруде, студенттер тобын тиімді басқару дағдысына және студенттердің қойған сұрақтарына жауап беруіне де байланысты сенім орнайды (King R.B. және Chen J., 2019). Егер оқытушы баға қою кезінде үйлесімділікті қамтамасыз ете алмаса, студенттермен әділетсіз қатынаста болса, онда нәтижелі кері байланыс бірден пайда бола қоймайды, оған қоса, студенттерге деген эмоциялық тұрақсыздығын байқатады, соның салдарынан студенттердің сенімінен шығып қалады. Оқу үдерісіндегі эмоциялық тұрақсыздық студенттердің эмоциялық қажуына әкеп соғады, педагогикалық өзара әрекеттесудің күтілетін нәтижелеріне зиян келеді. Әдетте студенттер оқытушылардың құзіреттіліктерін олардың оқыту үдерісін әлеуметтік және эмоциялық сипатта ұйымдастыруына байланысты жетістіктеріне қарай бағалайды (Han Y. және Nyland F., 2019). Осылайша, егер оқытушы оқу үдерісінде жылылық пен эмоциялық қолдау көрсете білсе, онда бұл студенттердің бойынша сенімділік сезімін тудырады, жаңа ілімдерді оқып-үйренуде, тәуекелділікке қатысты шешім қабылдауда қауіпсіздікті сезінеді, мотивациясы жоғарылайды, академиялық жетістікке жетеді, оқудан қанағат алу сезімі тұрақталады, оқу ортасындағы жағымды ахуалды сезінеді, ал мұның барлығы ЖОО кәсіби біліктіліктің негізі болып табылады.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ

Заманауи жағдайда, студенттер ЖОО бәсекеге қабілетті болып қалу үшін қол жеткізген білім мен дағдыларының арқасында өзіндік құндылықтарын қалыптастыруға тырысады. Соңғы жылдары қоғамда ЭИ бірінші орынға ие болып отырғандықтан, оқу нәтижелеріне қол жеткізудің қажетті механизмдерін өңдеу үшін, ЭИ жоғары қызметкерлерді жұмысқа қабылдау мәселелерін шешуде. ЭИ жоғары қызметкердің арқасында студенттер кез-келген күрделі, қиын жағдаяттарға қарсы тұра алатындай, өзекті мәселелерден жеңіл шығу ептілігін меңгереді, өз мақсатына жетудің тиімді жолдарын айқындай алады. S. Everett және G. Oswald пайымдаулары бойынша (Everett S.; Oswald G., 2018) ЖОО ЭИ-ді дамыту арқылы студенттерде оқу жетістіктерін жоғарылата алу мүмкіндігіне ие болады, стресстік күйзелістерді жақсы еңсере алу артады.

Студенттер ЭИ дамытуға байланысты өзара қарым-қатынас барысында өздерінің ЭИ дамыту, оқу нәтижелеріне максимальды жету және академиялық көрсеткіштің нәтижелігін арттыру үшін өздерінде бар ресурстарын барынша қолдануда бастамашылдықтарын көрсетеді. Оқытушылармен және бірге оқитын құрбыларымен өзара әрекеттесу арқылы оқу тапсырмаларын сапалы, нәтижелі орындау белсенділігін арттыру үшін сенімді, достық атмосферасын құру қажеттілігінің мәнін түсінеді.

Эмоциялық интеллектуалды дуэт, яғни студенттер мен оқытушылар оқу және бәсекелестік үшін барлық мүмкіншіліктерді қолдана отырып, кәсіби өсу жағдайын құрады. Студенттердің бойында осы уақытқа дейін қалыптасып келе жатқан ЭИ қорын тиімді пайдалану, ЭИ потенциалын дұрыс бағытқа бағдарлау, ЭИ дағдысын жетілдіру арқылы іске асатын кәсіби оқу үдерісі ЭЭО негізделуі қажет.

Бірқатар психологиялық зерттеулердің басты тұжырымдары баланың ЭИ және ЭИ кішкентайынан бастап дамуын басшылыққа ала отырып, арнайы дамытушылық жұмыстардың көмегімен ЭИ мамандарына көмек көрсетіп, қолдау жасау керек деп санайды.

Зерттеу тақырыбы мен мақсатына орай, эксперименттік зерттеу барысында ЭИ және ЭИ анықтау үшін төмендегідей әдістемелер қолданылды:

- төрт шкала бойынша эмоциялық интеллектің даму деңгейін анықтайтын ресейлік психодиагностикалық әдіс – Д.В. Люсиннің эмоциялық интеллект сауалнамасы;
- бес шкаладан тұратын Н.Холлдың модификациялық «Өлеуметтік интеллект» әдістемесі;
- С.А. Пакулинаның «ЖОО-да студенттердің жетістікке жету мотивациясы»;
- Студенттердің жетістікке жету көрсеткіші ретінде академиялық үлгерім көрсеткіштері.

Зерттеуге Қазақстандағы жоғары оқу орындарындағы 1-4 курс студенттері қатысты. 1 курс студенттері – 72,3 %, 2 курс студенттері – 10 %, 3 курс студенттері – 6,9 % және 4 курс студенттері – 10,8 % құрады. Зерттеу әдістемелері жауаптары студенттерге Google-форма форматында алынды.

Студенттердің жетістікке жету көрсеткіштері ретінде сабақ үлгерімі оқудағы баға бойынша «тек 5 пен» «4 және 5 пен», «тек 4 пен», «4 пен және 3 пен» оқитын студенттер деп жіктелінді. Академиялық үлгерімі бойынша мәліметтер келесі кестеде көрсетілген.

1 кесте. Студенттердің академиялық үлгерімі туралы ақпарат

Үлгерімі	Саны	Пайыздық көрсеткіші
Тек 5 деген баға	7	5.4%
4 пен 5 деген бағалар	101	77.7%
тек 4 деген бағалар	11	8.5%
4 пен 3 деген бағалар	11	8.5%

Д.В. Люсиннің «Эмоциялық интеллект» сауалнамасындағы тұлға аралық, тұлға ішілік, эмоцияны түсіну және эмоцияны басқару шкалалары бойынша «өте жоғары» – 33,1 %, «жоғары» - 39,2 %, «орташа» - 23.1 %, «төмен» - 3,1 %, «өте төмен» - 1,5 % анықталды.

Кесте 2. Зерттелінушілердің эмоциялық интеллект даму деңгейлері

Шкала атаулары	өте жоғары		жоғары		орташа		төмен		өте төмен	
	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%
Тұлғааралық эмоциялық интеллект	43	33.1%	51	39.2%	30	23.1%	4	3.1%	2	1.5%
Тұлға ішілік эмоциялық интеллект	29	22.3%	37	28.5%	58	44.6%	5	3.8%	1	0,8%
Эмоцияларды түсіну	50	38.5%	51	39.2%	25	19.2%	3	2.3%	1	0.8%
Эмоцияларды басқару	17	13.1%	44	33.8%	57	43.8%	9	6.9%	3	2.3
Жалпы көрсеткіштері	43	33.1%	51	39.2%	30	23.1%	4	3.1%	2	1.5%

Кестеден көріп отырғанымыздай, эмоциялық интеллектің қай шкаласы болса да, студенттердегі эмоциялық интеллектінің даму деңгейі жоғары көрсеткіштерге ие екендігі байқалады.

Келесі диаграммада Н.Холлдың «Әлеуметтік интеллект» сауалнамасына сәйкес әрбір шкала көрсеткіштері бойынша мәліметтер келтіріледі.




Диаграмма. Студенттердегі әлеуметтік интеллектінің даму көрсеткіштері

Диаграммдан көріп отырғанымыздай, студенттердің әлеуметтік интеллект әдістемелсі бойынша «Өзіндік сана», «өзіндік мотивация» және «Өзін-өзі реттеу» шкалалары бойынша даму деңгейі жоғары екендігі, сондай-ақ, «Өзара әрекеттеу дағдысы» мен «Эмпатия» шкалалары бойынша даму деңгейлері орташа екендігі байқалады.

Келесі әдістеме С.А. Пакулинаның «ЖОО студенттердің жетістікке жету мотивациясы» әдістемесі бойынша әрбір шкала бойынша төмендегідей деректер алынды.

Кесте 3. Студенттердің жетістікке жету мотивациясының көріну деңгейлері

Жетістікке жету мотивациясының негізгі категориялары	Жоғары	Орта	Төмен
Жетістік – сәттілік	36	62	32
Жетістік материалдық өмір деңгейі ретінде	45	51	34
Жетістік – танымалдылық	34	48	48
Жетістік – өктемділік	16	31	83
Жетістік өз қызметінің нәтижесі ретінде	79	34	17
Жеке жетістік	62	45	23
Жетістік психикалық күй ретінде	75	30	25
Жетістік кедергілерді жеңу ретінде	54	54	22
Жетістік – кәсібилік	66	45	19

Кесте 4. Жетістікке жету әдістемесі бойынша жалпы пайыздық көрсеткіштері

	Саны	Пайыздық көрсеткіші
Жетістікті экстерииоризациялау	14	11%
Жетістікті интеериоризациялау	103	79%
Екеуі тең	13	10%
Барлығы	130	100%

Ендігі кезекте зерттеу мақсаты мен міндеттеріне орай, акамедиялық үлгеріміне байланысты эмоциялық интеллект көрсеткіштері келесі кесте бойынша мәліметтер келтіріледі.

Кесте 5. Студенттердің сабақ үлгерімі мен эмоциялық интеллект көрсеткіштері

Оқу үлгерімі	Эмоциялық интеллект					Барлығы
	Өте жоғары	Жоғары	Орташа	Төмен	Өте төмен	
Тек 5 деген баға	1	4	2	0	0	7
4 пен 5 деген баға	34	28	33	4	2	101
Тек 4 деген баға	6	4	1	0	0	11
4 пен 3 деген баға	6	4	1	0	0	11
Барлығы	47	40	37	4	2	130

Төмендегі кестеде студенттердің жетістікке мотивациясының негізгі категориялары бойынша көрсеткіштері мен эмоциялық интеллект бойынша көрсеткіштер келтіріледі.

Кесте 6. Жетістікке жету мотивациясы мен эмоциялық интеллект даму деңгейі бойынша студенттердің сандық көрсеткіштері

		Эмоциялық интеллект				
		Өте жоғары	Жоғары	Орташа	Төмен	Өте төмен
Жетістік сәттілік	Жоғары	9	15	8	3	1
	Орта	23	15	23	1	0
	Төмен	15	10	6	0	1
Жетістік материалдық өмір деңгейі ретінде	Жоғары	11	20	11	2	1
	Орта	20	12	17	2	0
	Төмен	16	8	9	0	1
Жетістік танымалдық	Жоғары	5	16	11	1	1
	Орта	22	11	12	3	0
The article changes the problems of psychological and pedagogical support for adolescents with educational diseases caused by educational processes at the university. In the process of studying at a university, students face a number of difficulties associated with the need to integrate into a new team with different social levels, to independently search and process a large amount of scientific information, and plan time for the implementation of educational and professional tasks. Adaptation is the most important process of self-organization of society, providing self-education and self-development through the inheritance of the socio-cultural experience of mankind, which is carried out in the course of the development of social experience by individuals and its reproduction in activity. The need to realize their capabilities in professional and labor activities in accordance with many years of experience in training specialists and personal interests in striving for independence in the choice of academic disciplines should follow the curriculum. Successful development of educational and professional activities requires high intellectual preparation, mobilization of voluntary efforts, and cohesion.

Keywords: personality with educationally ill students, inclusive education, adaptation, support, psychological and pedagogical support, institution of higher education.

КІРІСПЕ

Қазақстан тәжірибесінде инклюзивті білім беру адамның әлеуметтік, мәдени, табиғи ерекшеліктеріне қарамастан барлығына білім беру ретінде айқындалған. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттерді нақты білім беру жүйесіне қосуға бағытталған іс-әрекеттер қазіргі заманғы білім беру жүйесінің негізіне алынған іргелі реформалар мен кенестік заманнан қалған әдістер контекстінде қабылдануда. Осы орайда еліміздегі инклюзивті білім беруді жетілдіруді қамтамасыздандыруға мүмкіндік беретін нормативтік құқықтық құжаттарға талдау жасалады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында (2017ж.) «ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалар (балалар)» ұғымы: «денсаулыққа байланысты білім алуда тұрақты немесе уақытша қиындықтар көретін, арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен

қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын қажет ететін адамдар (балалар)» деп түсіндіріледі [1].

«Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру – білім беру ұйымдарында іске асырылатын, процесінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) ойдағыдай оқыту және дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйелі-ұйымдастырылған қызмет» – деп анықталады [2].

Жалпы әлемдік тәжірибедегі инклюзивті білім беру, білім беруге ерекше қажеттіліктері бар адамдарды оқыту мен тәрбиелеуде жекелей оқыту ұстанымын жүзеге асыруға негізделген.

Қазақстанның білім беру жүйесінің экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымдары (ЭЫДҰ) стандарттарына бағдарлау ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды анықтауға бірыңғай тәсілдерді қамтамасыз етудің маңыздылығын атап көрсетеді.

ЭЫДҰ елдерінде «ерекше білім беру қажеттіліктері» термині дене, психикалық ерекшеліктері, қабылдау мен мінез-құлқының бұзылуы бар балаларға, созылмалы аурулары бар балаларға, ауруханада немесе үйде ұзақ уақыт емделіп жатқан балаларға, эмоциялық проблемалары бар балаларға, қолайсыз отбасылардың балаларына, жетім балаларға немесе ата-анасының қамқорлығынан айырылған балаларға, зорлық-зомбылықты бастан кешірген балаларға, әскери қақтығыстар аймақтарындағы балаларға, босқындарға және орын ауыстырған адамдарға қолданылады [3, б.6].

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымдары ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды үш санатқа бөледі:

– А санаты (Disabilities – денсаулықтың бұзылуы): медициналық тұрғыдан қаралатын мүмкіндіктері шектеулі немесе денсаулығы бұзылған адамдар (мысалы, сенсорлық, қозғалыс, неврологиялық бұзылулар);

– В санаты (Difficulties – қиындықтар): мінез-құлық немесе эмоциялық проблемалары бар тұлғалар және оқытудағы ерекше қиындықтары бар тұлғалар;

– С санаты (Disadvantages – әлсіз, қорғалмаған топ): әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық, мәдени себептерге байланысты ерекше білім беру қажеттіліктері пайда болатын адамдар [4, б. 30].

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының елдері оқу барысында қиындықтар туғызатын тұлғалар мен олардың салдары ерекше білім беру қажеттілігі себептерінің үш тобын қарастыруды ұсынады: психофизикалық дамудың бұзылуы; мінез-құлық және эмоциялық мәселелер; өмірдің қолайсыз жағдайлары (әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық және т.б. мәселелер).

Сондықтан ЖОО-ның алдында ерекше білім алуға қажеттілігі бар студенттерді оқу процесіне бейімдеуді психологиялық-педагогикалық қолдау міндеті тұр. Ерекше білім алуға қажеттілігі бар студенттердің жаңа әлеуметтік рөлдерді меңгеруімен байланысты өмірлік іс-әрекетінің маңызды кезеңдерінде, атап айтқанда, жоғары оқу орнында кәсіби білім алуын және студенттік кезеңде білім беру ортасына бейімделуін зерттеу қажет.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

ЖОО-да ерекше білім алуға қажеттілігі бар студенттерді оқу процесіне бейімдеуді психологиялық-педагогикалық қолдаудың мынадай негізгі әдістері қолданылады:

– психологиялық кеңес беру ерекше білім алуға қажеттілігі бар студенттердің қиындықтарды шешу үшін педагог-психологқа жүгінуі кезінде жүзеге асырылады. Жеке дара және топтық түрде, сонымен бірге қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып, онлайн және офлайн форматта да көмек көрсетіледі. Кеңес беру кезінде тренингтің әртүрлі элементтерін қолданылып, ұсыныстар беру арқылы студенттерді өз мәселелерін шешуге бағыттауға болады;

– психологиялық-педагогикалық диагностика жүйелі жүргізілуі тиіс, ол ерекше білім алуға қажеттілігі бар студенттердің жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін, университет

жағдайына әлеуметтік бейімделудегі бұзушылықтардың себептері мен механизмдерін анықтауға көмектеседі. Диагностикалық зерттеудің нәтижелері көбінесе ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттермен түзету және дамыту жұмыстарын ұйымдастыруға негіз болады;

– психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі құрамдас бөлігі түзету және дамыту жұмыстары ерекше білім алуға қажеттілігі бар студенттердің танымдық, эмоционалды-ерікті және жеке саласындағы мәселелерді жоюға бағытталған уақтылы мамандандырылған көмекті қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, білім беру бағдарламасында қарастырылған білімді меңгерудегі қиындықтарды, теріс әсер ететін факторларды анықтауды және тұлғааралық мәселелерді түзетуді де қамтиды. Түзету және дамыту жұмыстары топтық жұмыс, тренингтер түрінде ұйымдастырылуы мүмкін, оқу іс-әрекеттерінің дағдыларын жетілдіруге және оқу іс-әрекетіне мотивацияны арттыруға ықпал етеді;

– психологиялық ағарту ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім студенттерді және оның отбасының құқықтарын қорғайтын заңнамалық актілер, әлеуметтік кепілдіктер, түрлі қызмет көрсететін қоғамдық және мемлекеттік ұйымдар туралы ақпараттар беруді көздейді.

– профилактикалық қызмет ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттерді инклюзивті білім беру жағдайларына бейімдеу процесінде әлеуметтік және психологиялық дезадаптация құбылыстарының алдын алуға бағытталады.

Мақаламыздың негізгі мақсаты ЖОО-да ерекше білім алуға қажеттілігі бар студенттерді оқу процесіне бейімдеудің ерекшеліктерін айқындау болып табылады. Осы орайда ЖОО-да ерекше білім алуға қажеттілігі бар студенттерді оқу процесіне бейімдеуді психологиялық-педагогикалық қолдауды зерттеу барысында алғашқы эксперименттік тәжірибе жұмыстарын ұйымдастыру жоспарланады.

Зерттеу мәселесі бойынша эксперименттік тәжірибе жұмыстары М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті базасында жүргізілді. Зерттеуге «Тарих және педагогика» факультетінің «БВ03130 – «Психология» Білім беру бағдарламасы бойынша 1 курс студенттері қатыстырылды, жалпы саны – 40 студент.

Зерттеуімізде Дж. Мореноның «Топтағы тұлғааралық қатынастарды диагностикалаудың социометриялық әдісі» қолданылады. Студенттерге бұл әдістің мынадай нұсқаулығы ұсынылады: Сіздің студенттік тобыңыз құрылған кезде, әрине, әрқайсыңыздың тілектеріңізді ескеру мүмкін болмайды. Қазіргі уақытта тобыңызда қарым-қатынас сіз үшін жеткілікті түрде дамыды, сондықтан сіздің қалауыңызды ескере отырып, студенттік қауымдастықтың жақсы жұмыс істеуін ұйымдастыруды анықтайтын сұрақтарға жауап беріңіз. Сұрақтарға жауап бере отырып, студенттік топ мүшелерінің үшеуінің аты-жөнін, тегін жазыңыз (әр түрлі сұрақтарға жауаптардағы фамилиялар қайталануы мүмкін). Студенттік топтардың санына сүйене отырып, артықшылықтар санын 3 адамға дейін шектеу шарты ұсынылады.

Қойылған сұрақтарға жауаптарда шынайы болыңыз, сіздің жауаптарыңыздың құпиялығына зерттеушілер кепілдік береді.

1. Сіздің топтағы студенттердің қайсысын сабаққа дайындалуға көмек сұрар едіңіз?

- а) біріншіден, –
- б) екіншіден, –
- в) үшіншіден, –

2. Сіздің тобыңыздағы студенттердің қайсысын туған күніңізге шақырар едіңіз?


- а) біріншіден, –
- б) екіншіден, –
- в) үшіншіден, –

3. Егер сіздің тобыңыз таратылса, сіз кіммен бірге жаңа ұжымда бірге оқуды жалғастырғыңыз келеді?

- а) біріншіден, –
- б) екіншіден, –
- в) үшіншіден, –


Осы әдісті қолдану барысындағы диагностика нәтижелерін талдайтын болсақ, төмендегідей мәліметтер алынды: студенттердің топтағы өзараәрекеттестік пен қарым-қатынас сипатына басты назар аударытыны анықталады.

Топтағы өзараәрекеттестік сипатын «топ ұнайды және студенттер оны тату деп санайды, өйткені бір-біріне көмектеседі» (18%), «топ жеткілікті ынтымақты» (14%), «топтың кейбір бөлігі ынтымақты» (24%), «топта бірнеше адам ұнайды» (16%), «топтың ауыз бірлігі жоқ» (12%), «топ ұнамайды және студенттер бір-біріне көмектеспейді» (16%) пайымдайды (1-сурет).



Сурет 1 – Топтағы өзара әрекеттестік сипаты

Топтағы қарым-қатынас сипатын келесідей тұжырымдар айғақтайды: «мен өзіме ұнайтын адаммен сөйлесемін» (32%), «топтағы барлық адамдармен сөйлесу қызықты» (24%), «топтың жартысымен сөйлесемін» (14%), «мен тек достық қарым-қатынаста болған адаммен сөйлесемін» (30%) (2-сурет).



Сурет 2 – Топтағы қарым-қатынас сипаты

Сонымен бірге студенттермен жүргізілген сауалнама нәтижесі студенттік ұжымның қанағаттануына көбінесе олардың топтарымен, курстастарымен, оқытушыларымен, деканатпен қарым-қатынасы әсер ететіндігін көрсетеді. Студенттердің 50% студенттік топтардың кураторларымен қалыптасқан қарым-қатынастарға риза екенін білдірсе, ал қалған 50% қарым-қатынасқа риза емес екенін айтады.

ЖОО-да ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттерді оқу процесіне бейімдеуді психологиялық-педагогикалық қолдау барысындағы жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде келесідей ұсыныстар жасалады: тиімді тұлғааралық қарым-қатынасты ұйымдастыру; студенттер тобында қолайлы психологиялық атмосфераны құру; стресске төзімділікті арттыру және стресстік жағдайларда тиімді мінез-құлыққа, психоэмоционалдық шиеленісті жеңілдету әдістерін үйрету, мазасыздықтың алдын алуға және өзін-өзі ұйымдастыруға дағдыландыру.

НӘТИЖЕЛЕР МЕН ТАЛҚЫЛАУЛАР

ЖОО-да ерекше білім алуға қажеттілігі бар студенттерді оқу процесіне бейімдеуді психологиялық-педагогикалық қолдау мәселесін зерттеуде әдіснамалық талдаудың категориялық кеңістігі анықталады. Осы орайда алдымен «бейімделу», «ерекше білім беру қабілеттілігі бар тұлға», «психологиялық-педагогикалық қолдау», «инклюзивті білім беру» ұғымдарының мазмұнын нақтылау қажет. Психологиялық және педагогикалық ғылыми еңбектерде адамның жаңа ортаға бейімделуі өзекті мәселелердің біріне саналады.

«Бейімделу» ұғымын XVIII ғасырдың екінші жартысында Х.Ауберт ғылыми қолданысқа енгізді, ол жарықтың өзгеруі (жарыққа және қараңғыға бейімделу) кезінде жарық сезімталдығының жоғарылауына және төмендеуіне сілтеме жасау үшін қолданды. Ары қарай «бейімделу» ұғымы физиология ғылымында тірі ағзаның қоршаған ортаның тұрақты өзгеретін жағдайларына бейімделуін анықтау үшін қолданылады. Бұл ұғым латынның «adaptio» сөзінен шыққан, кең мағынада өзгеретін сыртқы және ішкі жағдайларға бейімделу [5, б. 109].

«Бейімделу» процессуалдық, құрылымдық, функционалдық және нәтижелі аспектілерді қамтитын күрделі көпкомпонентті және көпаспектілі пәнаралық категория ретінде ғылым салаларында әртүрлі мағынада түсіндіріледі.

Әлеуметтану ғылымында бейімделу тұлғаның негізгі қоғамдық құндылықтары мен нормаларын меңгеруі деп түсіндіріледі. Э.Дюркгейм бейімделуді әлеуметтік нормалардың адамның мінез-құлқына әсер етуі позициясы тұрғысынан қарастырды. Оның пікірінше, бейімделу – қосарлы сипаттағы (күштеу-ерікті) жалпы әлеуметтік нормалары индивидтің жүзеге асыруы [6, б.352].

Мәдениеттану ғылымында мәдениет бейімделудің негізгі тетігі ретінде қарастырылады. Ғалымдар мәдениетті адамның мінез-құлқы, яғни өмір сүру моделі оның тұрмысын түзетіп, климаттық жағдайларға бейімделуіне мүмкіндік береді деп тұжырымдайды [7, б.127].

Педагогика ғылымында бейімделу «жасөспірімнің тұлғалық ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін тереңірек зерттеу арқылы әлеуметтік мінез-құлық нормаларына үйрету және оның өз бетінше жетілуге дайындығын қалыптастыруға негізінделген оқыту мен тәрбиелеу үдерісіндегі тұлғалардың өзара әрекеттестік» деп түсіндіріледі [8, б.24].

Психология ғылымында бейімделу қоршаған ортаның объективті факторлары әсерінен адам психикасының қайта құрылуы, сондай-ақ адамның сан алуан түрлі орта талаптарына еш ыңғайсыздық сезінбей бейімделу қабілеті деп түсіндіріледі. Психологиялық тұжырымдамаларда тұлғаны бейімдеу, бір жағынан, белсенді бейімделу үдерісі ретінде әрекет етеді, топтың немесе жеке тұлғаның белгілі бір, тұрақты, сыртқы жағдайларға үйренуі, екінші жағынан, бейімделудің мәні адам мен ортаның белсенді өзара әрекеттесуі ретінде түсіндіріледі, егер адам қоршаған ортаның талаптарына «бейімделіп» қана қоймай, соның әсерінен қоршаған ортаның өзгеруіне алып келеді [9, б.18]

Жалпы алғанда, бейімделу – бұл тірі организмнің қажеттіліктері және оның тіршілік ету ортасының ерекшеліктері арасындағы өзара әрекеттесу үдерісі. Қоршаған орта жағдай-

ларының өзгеруі тірі организмдерге қойылатын талаптардың өзгеруіне алып келсе, ал қоршаған ортаның «талаптарына» жауап ретінде организмдердің өзгеруі оның мазмұны мен қажеттіліктерінің өзгерістерін сипаттайды.

Бейімделу мінез-құлықты динамикалық үдеріс деп түсіндіреді, соның арқасында тірі организмдердің қозғалмалы жүйелері жағдайлардың өзгергіштігіне қарамастан, ұрпақтың өмір сүруіне, дамуына және жалғасуына қажетті тұрақтылықты сақтайды. Бейімделу үдерісінің екі компонентінің болуы міндетті шарт болып табылады: кім бейімделеді және бейімделу не үшін жүзеге асырылады.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттер ЖОО-ның ортасына бейресми және формальды деңгейде бейімделеді, әртүрлі адамдармен қарым-қатынаста жағымсыз эмоционалдық тәжірибелерді жиі сезінеді, олардың әсерінен импульсивті әрекет етеді, ауызша агрессияны көрсетеді немесе басқа адамдармен байланыстан алшақтайды. Бұл жағдайлар ерекше білім алуға қажеттілігі бар студенттердің мінез-құлқының жағымсыз эмоционалдық жағдайын күшейтеді және психологиялық бейімделу қиындықтарын арттырады, тұлғалық өсуіне теріс әсер етуі жеке мәселелерде бағдарлауын баяулатады.

Сондықтан ЖОО-ның жағдайларына бейімделу кезеңіндегі жағымсыз эмоцияларын жеңуге үйрету қажет. Өйткені, ол жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларын толық игеруіне ықпал етпеуі мүмкін, бірақ кәсіби қалыптасу үдерісіне және жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін де кәсіби тиімділікке теріс әсер етуі ықтимал.

Қарастырылып отырған мәселені отандық ғалымдар (З.А. Мовкебаева, Р.А. Сулейменова, А.К. Сатова, А.К. Оралбекова, А.Б. Дузелбаева, А.С. Мағауова, З.М. Садвакасова және т.б.) зерттеген.

З.А. Мовкебаеваның пікірінше, инклюзивті білім беру жалпы білім берудің қолжетімділігін және барлық балалардың, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалардың әртүрлі білім алу қажеттіліктеріне бейімделуін білдіретін жалпы білім берудің даму үдерісі [10, б. 165].

И.А. Оралканова бастауыш сынып мұғалімдерінің инклюзивті білім беру жағдайындағы жұмыстарға дайындығын қалыптастыру мәселесін зерттей отырып, инклюзивті білім беру балалардың әртүрлі білім алу қажеттіліктерін түсіну, білім беру үдерісіне қатыстыру арқылы қажеттіліктеріне сай қызметтер көрсету деп анықтайды [11, б.210].

А.С. Мағауова инклюзивті білім беру жағдайында университеттің ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларына арналған психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді модельдеу мәселесін зерттей отырып, қазіргі тәжірибесі әлі де шектеулі, оған басқарушылық, экономикалық және әдістемелік қолдау жүйесі қажет. Инклюзивті жоғары мектепте сүйемелдеу кешенді көмек көрсетудің оңтайлы моделін құру педагог-психолог пен тьютордың жұмысынан көрінеді. Мүгедектігі бар адамдарды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді университеттің білім беру қызметіне енгізбестен іс жүзінде олардың білім алуына инклюзивті тәсілдерді жүзеге асыру мүмкін емес деп тұжырымдайды [12, б.72].

З.М. Садвакасова әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия және саясаттану факультетінің педагогикалық мамандықтарындағы ерекше қажеттіліктері бар студенттердің бейімделу тәжірибесін қарастыра отырып, жоғары оқу орындарындағы мүмкіндігі шектеулі студенттерді табысты бейімдеуге және сүйемелдеуге ықпал ететін кешенді тұжырымдама дайындайды. Кешенді және жүйелі тұрғыларға сәйкес дайындалған тұжырымдама «тәуекел тобындағы» студенттердің табысты бейімделуіне қажетті: инклюзия кабинеті, «Әлеуметтік үлгілеу» технологиясы, «Тьютор» технологиясы, «Жол картасы» («Кездесу» формасы) «Педагогикалық қолдау» технологиясы, «Серуендеу» технологиясы, «Командалық ынтымақтастық» технологиясы, «Кеңес беру» технологиясы, «Мобильді жылжымалы мектеп» технологиясы сияқты құралдар мен технологияларды қамтиды. Көрсетілген үлгіде курстастар арасынан «Тьютор» көмекші және ассистент-көмекші (еріктілер) рөлдері байқауын өткізеді. Автор сипатталған технологиялар инклюзивті білім беруде жеке тұлғаны

дамытуда кешенді тәсілді қолданатын адамдар үшін белгілі бір құндылық болуы мүмкін деп есептейді [13, б.56].

Ресей ғалымдары (К.А. Абульханова-Славская, В.И. Байденко, Е.А. Климов, Н.С. Пряжников және т.б.) жоғары оқу орнында студенттің кәсіби тұлғалық қалыптасуы, білім арудың бастапқы кезеңінде жастардың студенттік өмірге психологиялық бейімделу қиындықтары мәселесін зерттеді.

Д.А. Андреева студенттердің университетке психологиялық бейімделу мәселесін зерттей отырып, бейімделуді білім беру ортасының белсенді өзара әрекеттесу үдерісі ретінде қарастырады. Авторлардың пікірінше, бірінші курс студенті университеттің талаптарына бейімделіп қана қоймай, оларға әсер етіп, сол арқылы қоршаған ортаның өзгеруіне де алып келуі мүмкін. Жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайлар мен кәсіби іс-әрекетке көшу іс жүзінде стресстік әсер және жағымсыз эмоционалдық тәжірибе де тудырады, ол бұрын кездеспеген қиын өмірлік жағдайлардың тізбегі ретінде әрекет етеді [14, б.151].

А.А. Реан бейімделуді индивидтің ішкі өзгерістерінің үдерісі мен нәтижесі, сыртқы ортаға белсенді бейімделуі мен өмір сүрудің жаңа шарттарына байланысты өзін-өзі өзгертуі деп тұжырымдайды. ЖОО-ға бейімделу процесі студенттің өзін-өзі өзгерту спектрін және жаңа жеке қасиеттерін дамытуды қамтитын ісіктердің көзі болып табылады, өйткені бұл жерде оның белсенді бейімделуі, белсенді өзін-өзі өзгерту, университеттің талаптарына сәйкес өзін-өзі түзету қажет [15, б.17].

Жалпы адамның бейімделуінің бес негізгі түрі бар: биологиялық, физиологиялық, психологиялық, мәдени және әлеуметтік. Әлеуметтік-психологиялық бейімделу жеке тұлға мен әлеуметтік орта арасындағы үйлесімділік күйі, мұнда бір жағынан жеке адамның қажеттіліктері, екінші жағынан қоршаған орта талаптары толығымен қанағаттандырылады, осы күйге қол жеткізілетін күрделі тұтас үдеріс. Оның мәні іс-әрекеттің жаңа жағдайларын сәтті игеру, жаңа ресми және одан да маңыздысы бейресми қатынастар жүйесіне «ену», белгілі бір мәртебенің жаңа микроортасында болу және айналысу, эмоционалдық жайлы, перспективалық үміт күттіретін позицияда өзін-өзі растау болып табылады.

Бейімделу үдерісін қамтамасыз ететін жеке қасиеттердің біріне бейімділік жатады. Бейімділік тұлғаның өзгертін қоршаған орта жағдайларына бейімделу қасиеті және бейімделу қабілетінің жоғалуы (бұзылуы) ретінде қарастырылады, жалпы қорғаныс сипатына ие және күші мен ұзақтығы бойынша айтарлықтай жағымсыз әсерлерге – стресс факторлары жауап ретінде пайда болады.

Студенттердің психологиялық бейімделу құбылысын сипаттаудан бұрын, адамның кәсіби дамуы мен қалыптасуының маңызды кезеңі ретінде ЖОО-да оқудың бастапқы кезеңін қарастыру қажет. В.М. Кузьминаның пікірінше, студент жаңа әлеуметтік жағдайларға, ұжымға, студенттердің әлеуметтік топ ретіндегі нормалары мен құндылықтарына неғұрлым сәтті бейімделсе, соғұрлым ол әлеуметтік-психологиялық бейімделудің келесі кезеңімен байланысты кәсіби іс-әрекет үшін жеке тәжірибе жинақтайды [16, б.].

Е.Е. Федорова «студенттерді оқу-кәсіби іс-әрекетке бейімдеу» ұғымын студенттердің жоғары оқу орнының білім беру ортасына белсенді ену, кәсіби білімді, дағдыларды игеру қажеттілігін дамыту, кәсіби іс-әрекеттің нормалары мен құндылықтарын иемдену негізінде өмірді ұйымдастыру (бейімделу қажеттілігі) және жаңа мәртебеге қанағаттану, болашақ маманның жеке басын өзін-өзі дамытуға бағытталған (бейімделу) үдерісі ретінде ашып көрсетеді [17, б.24].

О.С. Газманның пікірінше, психологиялық-педагогикалық қолдау тұлғаның физикалық және психикалық даму қиындықтарына байланысты өмірлік өзін-өзі анықтауы, тұлғааралық қарым-қатынас жасауы мақсатында оң эмоцияларын білдіруі, нақты тұлғаның мәселесін шешуге көмектесуі [18, б. 64].

Сонымен, ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттерді жоғары оқу орында білім алу барысында психологиялық-педагогикалық қолдау біртұтас, жүйелі ұйымдастырылған іс-әрекет, оның барысында әрбір білім алушының университеттің білім беру ортасында

табысты білім алуы және дамуы үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалады.

Жоғары оқу орындағы психологиялық-педагогикалық қолдаудың мәні білім алушы жастарға жағымсыз факторлардың әсерін азайту, оларды адам өмірінің мәні мен мақсатына қатысты сұрақтарға тәуелсіз, көп арналы жауап іздестіруге қосу арқылы әлемге және өзіне гуманистік көзқарастар жүйесін саналы түрде қалыптастыру деп есептелінеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, университетте студенттер кездесетін қиындықтар мен проблемаларды екі салаға бөлуге болады:

Бірінші сала тұлғааралық адамдар арасындағы әлеуметтік қатынастар, оны екі кіші салаға бөлуге болады: формальды немесе конвенциялық, қатынастардың ішкі саласы және бейресми немесе тұлғааралық қатынастардың ішкі саласы. Ресми әлеуметтік қатынастар жүйесі адамдардың мінез-құлқы мен ойлауының жалпы қабылданған нормаларының жүйесі. Бейресми қатынастар жүйесі жағдайлар мағыналарының жүйесі. Бұл адамдармен қарым-қатынастың жеке тәжірибесінің нәтижесі, адамдарға эмоционалды түрде сезінетін қатынастарға және олармен қарым-қатынас жағдайларына, яғни сезімдерге негізделген.

Екінші сала академиялық, ол оқу іс-әрекетін тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін іс-әрекеттердің, іскерліктердің, дағдылардың және мінез-құлық тәсілдерінің жеке жүйелерін қалыптастыруды қамтиды. Студенттік кезең тұлғаның қалыптасуының орталық кезеңі ретінде әрекет ететіндігін және оның адамгершілік және эстетикалық сезімдерді дамытуда, мінезді қалыптастыру мен тұрақтандыруда, ересек адамның әлеуметтік рөлдерінің толық жиынтығын игеруде ең белсенді деп санайды: азаматтық, кәсіби және еңбек және т.б.

Осы үдерістердің негізгі аспектілері арқылы жалпы бейімделу, әлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық және университеттік бейімделу тәсілдерін талдауға негізделген тұлғалық және кәсіби даму кезеңі ЖОО-дағы психологиялық-педагогикалық бейімделу үдерісі ретінде қарастырылады.

Қорыта келгенде, психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі мақсаты білім беруде өз бетінше ілгерілеу кедергілерін жою болып табылады. Мұнда ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттер көмек көрсету шешімін қабылдау тұрғысынан дербестікті, мәселені шешу жолын таңдау еркіндігін, ал педагог білім беру бағытын таңдауға және оның өтуін сүйемелдеуге көмектесетін кеңесші рөлін атқарауы тиіс.

ЖОО-да ерекше білім алуға қажеттілігі бар студенттерді оқу процесіне бейімдеуді психологиялық-педагогикалық қолдау білім беру үдерісі субъектілері - студенттердің кәсіби өзін-өзі анықтауына, тұлғалық кәсіби дамуына ықпал ететін көпдеңгейлі өзара әрекеттесу ретінде қарастырылады. Мұнда арнайы ұйымдастырылған және бақыланатын үдерістің маңызды аспектілері - мәселелік жағдаятты шешуге бағытталған өзара әрекеттестікке қатыстыру, «кәсіби дамудың бағдарлы өрісін» құруға ықпал етеді.

Бейімдеу үдерісін қарастыратын тұжырымдамаларды талдау нәтижесінде мынадай қорытынды жасалады:

– бейімдеу жеке тұлға мен ортаның пассивті-бейімделгіш және белсенді түрлендіретін қатынастарын сипаттайтын үдеріс ретінде қарастырылады;

– бейімдеу үдеріс ретінде де, адамның қоршаған орта жағдайларына бейімделу жағдайында көрсетілген оның түпкілікті нәтижесі ретінде де қарастырылады;

– бейімдеу үдерісі ішкі тепе-теңдік күйін бұзатын сыртқы жағдайлар өзгерген кезде басталады, мақсаты оны қалпына келтіру, яғни бейімделу күйіне жеткізу;

– бейімдеу үдерісінің нәтижесінде тұлғаның дамуы жүреді.

ЖОО-да ерекше білім алуға қажеттілігі бар студенттердің оқу-кәсіби іс-әрекетті меңгеруі кәсіби мотивацияны, өзін-өзі тануды, кәсіби маңызды қасиеттер мен қабілеттерді қалыптастыруды анықтайды. Сондықтан психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу функциялары білім алушыларға қоғамдық өмірде өзін-өзі тануға және өзін-өзі растауға

көмек көрсетуге, олардың дағдыларының спектрін кеңейтуге және әлеуметтік өмірге қатысу мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттерді мамандандырылған психологиялық-педагогикалық қолдау олардың кәсіби білім беруді игеруде жақсы нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған бағдарламаларды дайындаудың қажеттілігін көрсетеді.

Пайдалаған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (05.07.2017. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) I тарау, статья I, тт 21-4.
2. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ.
3. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: метод. рекомендации/ Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. - Алматы: ННПЦ КП, 2019. - 118с.
4. Рамка мониторинга инклюзивного образования в Республике Казахстан /Г.Ногайбаева, С.Жумажанова, Е.Коротких. – Астана: АО «Информационно-аналитический центр», 2017. – 185с.
5. Тюлькина Ю.С. Сущность и принципы адаптации персонала//Вестник ВГУ. – 2008. – №1: Экономика и управление. – С. 109-113
6. Дюркгейм Э. Социология. Ее предмет, метод, предназначение/пер. с франц. А. Б. Гофмана. - М., 1995. - С. 352.
7. Лурье С.В. Историческая этнология: учебное пособие для вузов. - 2-е изд. – М., Аспект Пресс, 1998. - 448с.
8. Педагогический словарь. Т.1. – М.: Изд. Академии пед. наук, 1960. - С.24.
9. Постовалова Г.И. О факторах, определяющих адаптационную способность человека//Психологические и социально-психологические особенности адаптации студентов. – Ереван, 1973. - С.18-19.
10. Мовкебаева З.А., Денисова З.А., Оралканова И.А., Жакупова Д.С. Методические рекомендации по подготовке педагогов к внедрению инклюзивного образования. - Алматы: Дайкпресс, 2013. - 165с.
11. Оралканова И.А. Формирование готовности учителей начальных классов к работе в условиях инклюзивного образования: дис. ... докт. философии (PhD). – Алматы, 2014. - 210с.
12. Мағауова А.С., Талипова Н.А., Махамбетова Ж.Т. Моделирование психолого-педагогического сопровождения студентов с особыми образовательными потребностями в вузе в условиях инклюзивного образования// КазНПУ имени Абая Вестник Серия «Психология». <https://bulletin-psychology.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/472/463>
<https://doi.org/10.51889/2021-4.1728-7847.09>
13. Садвакасова З.М. Инклюзии в образовании: технологии успешной адаптации студентов «Группы риска»// Казахский национальный университет имени аль-Фараби Вестник. Серия «Педагогические науки». №2 (55). 2018 - С.56-64
14. Андреева Д.А. О понятии адаптации: Исследование адаптации студентов к условиям обучения в вузе. – Москва: Человек и общество, 2006. – 451с.
15. Реан А.А. Психология адаптации личности. Анализ. Теория. Практика. - СПб.: Прайм-Еврознак, 2006. - С.17.
16. Кузьмина В.М. Эмпатия в студенческом возрасте// <https://cyberleninka.ru/article/n/empatiya-v-studencheskom-vozraste/viewer>
17. Федорова Е.Е. Адаптация студентов сузов к учебно-профессиональной деятельности: автореф. дисс. – Магнитогорск 2007. – 24с.
18. Газман О.С. Неклассическое воспитание: От авторитарной педагогики к педагогике свободы. – М.: МИРОС, 2002. - 296 с.

References:

1. Qazaqstan Respwblikasınıñ «Bilim twralı» Zañı (05.07.2017. berilgen özgerister men tolıqtırwlar men) 1 taraw, statya 1, tt 21-4.
2. Qazaqstan Respwblikasınıñ keybir zañnamalıq aktilerine inklyuzivti bilim berw мәseleleri boyınша өзgerister men tolıqtırwlar engizw twralı Qazaqstan Respwblikasınıñ Zañı 2021 jilǵı 26 mawsımdaǵı № 56-VII QRZ.
3. Psikhologo-pedagogicheskoye soprovozhdeniye detey s osobymi obrazovatel'nymi potrebnostyami v obshcheobrazovatel'noy shkole: metod. rekomendatsii [Psychological and pedagogical support for children with special educational needs in a general education school: a method. recommendations]/ Yeliseyeva I.G., Yersarina A.K. - Almaty: NNPTS KP, 2019. - 118s.
4. Ramka monitoringa inklyuzivnogo obrazovaniya v Respublike Kazakhstan [Monitoring framework for inclusive education in the Republic of Kazakhstan] /G.Nogaybayeva, S.Zhumazhanova, Ye.Korotkikh. – Astana: AO «Informatsionno-analiticheskiy tsentr», 2017. – 185s.
5. Tyulkina Yu.S. Sushchnost' i printsipy adaptatsii personala [Essence and principles of personnel adaptation] //Vestnik VGU. – 2008. – №1: Ekonomika i upravleniye. – S. 109-113
6. Durkheim E. Sotsiologiya. Yeye predmet, metod, prednaznacheniyе [Sociology. Its subject, method, purpose]/per. s frants A. B. Gofmana. - Moscow, 1995. - S. 352.
7. Lurie S.V. Istoricheskaya etnologiya: uchebnoye posobiye dlya vuzov [Historical ethnology: textbook for universities.]. - 2-ye izd. – Moscow: Aspekt Press, 1998. - 448s.
8. Pedagogicheskiy slovar' [Pedagogical dictionary]. T.1. – Moscow: Izd. Akademii ped. nauk, 1960. - S.24.
9. Postovalova G.I. O faktorakh, opredelyayushchikh adaptatsionnuyu sposobnost' cheloveka [On the factors that determine the adaptive ability of a person] //Psikhologicheskkiye i sotsial'no-psikhologicheskkiye osobennosti adaptatsii studentov. – Yerevan, 1973. - S.18-19.
10. Movkebayeva Z.A., Denisova Z.A., Oralkanova I.A., Zhakupova D.S. Metodicheskkiye rekomendatsii po podgotovke pedagogov k vnedreniyu inklyuzivnogo obrazovaniya [Guidelines for preparing teachers for the introduction of inclusive education]. - Almaty: Daykpress, 2013. - 165s.
11. Oralkanova I.A. Formirovaniye gotovnosti uchiteley nachal'nykh klassov k rabote v usloviyakh inklyuzivnogo obrazovaniya [Formation of readiness of primary school teachers to work in conditions of inclusive education]: dis. ... dokt. filosofii (PhD). – Almaty, 2014. - 210s.
12. Magauova A.S., Talipova N.A., Makhambetova Zh.T. Modelirovaniye psikhologo-pedagogicheskogo soprovozhdeniya studentov s osobymi obrazovatel'nymi potrebnostyami v vuze v usloviyakh inklyuzivnogo obrazovaniya [Modeling of psychological and pedagogical support of students with special educational needs at the university in the context of inclusive education]// KazNPU imeni Abaya Vestnik Seriya «Psikhologiya».
13. Sadvakasova Z.M. Inklyuzii v obrazovanii: tekhnologii uspeshnoy adaptatsii studentov «Gruppy riska» [Inclusions in education: technologies for successful adaptation of students of the "Risk Group"]// Kazakhskiy natsional'nyy universitet imeni al'-Farabi Vestnik. Seriya «Pedagogicheskkiye nauki». №2 (55). 2018 - S.56-64
14. Andreyeva D.A. O ponyatii adaptatsii: Issledovaniye adaptatsii studentov k usloviyam obucheniya v vuze [On the concept of adaptation: Study of the adaptation of students to the conditions of study at the university]. – Moscow: Cheloyevk i obshchestvo, 2006. – 451s.
15. Rean A.A. Psikhologiya adaptatsii lichnosti. Analiz. Teoriya. Praktika [Psychology of personality adaptation. Analysis. Theory. Practice]. - SPb.: Praym-Yevroznak, 2006. - S.17.
16. Kuzmina V.M. Empatiya v studencheskom vozraste [Empathy at student age] <https://cyberleninka.ru/article/n/empatiya-v-studencheskom-vozraste/viewer>
17. Fedorova Ye.Ye. Adaptatsiya studentov suzov k uchebno-professional'noy deyatel'nosti [Adaptation of Suzov students to educational and professional activities]: avtoref. diss. – Magnitogorsk 2007. – 24s.

18. Gazman O.S. *Neklassicheskoye vospitaniye: Ot avtoritarnoy pedagogiki k pedagogike svobody* [Non-classical education: From authoritarian pedagogy to the pedagogy of freedom]. – Moscow: MIROS, 2002. - 296 s.

МРНТИ 15.31.41

10.51889/2959-5967.2024.79.2.015

Низамудин М.А.¹, Гарбер А.И.², Скляр С.В.³, Хон Н.Н.¹, Гусейнова Н.Н.⁴

¹Университет Туран, г. Алматы, Казахстан

²Реабилитационная клиника «Reinhardshöhe», г. Бад-Вильдунген, Германия

³Центр психотерапии Сергея Скляра, г. Алматы, Казахстан

⁴Центр активного долголетия, г. Алматы, Казахстан

ИЗМЕРЕНИЕ КАЧЕСТВА ЖИЗНИ У ПОЖИЛЫХ ЛЮДЕЙ С ПОМОЩЬЮ ОПРОСНИКА МОКЖ-ГЕР

Аннотация

В связи с мировой тенденцией старения населения возрастает актуальность поддержания качества жизни и здоровья людей пожилого возраста. В данной статье описано исследование, целью которого была адаптация и стандартизация опросника «Mannheimer Inteval der lebensverhältnisse im Alter» (Мангеймерский опросник качества жизни в пожилом возрасте) для русскоязычной выборки Казахстанцев. На основе изучения опыта оценки качества жизни пожилых людей в Германии нами предложен адаптированный на русском языке вариант данного опросника, который мы назвали МОКЖ-гер (Мангеймский опросник качества жизни для использования в гериатрической практике). Опросник направлен на изучение различных параметров качества жизни пожилых людей: активности, общения, условий жизни и финансов. Нами была проведена проверка психометрических свойств адаптированной версии опросника, а также изучения возможности ее использования в гериатрической практике в Казахстане.

Опросник может быть использован психологами, социальными работниками и другим персоналом в работе с пожилыми людьми для выявления сложностей и потребностей пожилого человека.

Ключевые слова: опросник, адаптация, качество жизни, диагностика, пожилые, депрессия в пожилом возрасте.

М.А. Низамудин¹, А.И. Гарбер², С.В. Скляр³, Н.Н. Хон¹, Н.Н. Гусейнова⁴

¹Туран университеті, Алматы қ., Қазақстан

²"Reinhardshöhe" оңалту клиникасы, Бад-Вильдунген қ., Германия

³Сергей Скляр психотерапия орталығы, Алматы қ., Қазақстан

⁴Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы, Алматы қ., Қазақстан

МОКЖ-ГЕР САУАЛНАМАСЫ АРҚЫЛЫ ЕГДЕ ЖАСТАҒЫ АДАМДАРДЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫН ӨЛШЕУ

Аннотация

Халықтың қартаюының әлемдік үрдісіне байланысты егде жастағы адамдардың өмір сүру сапасы мен денсаулығын сақтаудың өзектілігі артып келеді. Бұл мақалада Қазақстандықтардың орыс тілді үлгісі үшін "Mannheimer intervar der Lebensverhältnisse im Alter" (Қарттықтағы өмір сапасының Мангеймер сауалнамасы) сауалнамасын бейімдеу және стандарттау мақсаты болған зерттеу сипатталған. Германиядағы қарттардың өмір сүру сапасын бағалау тәжірибесін зерделеу негізінде біз осы сауалнаманың орыс тіліне бейімделген нұсқасын ұсындық, оны біз МОКЖ-гер деп атадық

(гериатриялық тәжірибеде қолдануға арналған өмір сапасының Мангейм сауалнамасы). Сауалнама егде жастағы адамдардың өмір сүру сапасының әртүрлі параметрлерін зерттеуге бағытталған: белсенділік, қарым-қатынас, өмір сүру жағдайлары және қаржы. Біз сауалнаманың бейімделген нұсқасының психометриялық қасиеттерін тексердік, сондай-ақ оны Қазақстандағы гериатриялық практикада қолдану мүмкіндігін зерттедік.

Сауалнаманы егде жастағы адамдардың қиындықтары мен қажеттіліктерін анықтау үшін егде адамдармен жұмыс істегенде психологтар, әлеуметтік қызметкерлер және басқа да қызметкерлер пайдалана алады.

Түйін сөздер: сауалнама, бейімделу, өмір сапасы, диагностика, егде жастағы адамдар, егде жастағы депрессия.

M.A. Nizamudin¹, A.I. Garber², S.V. Sklyar³, N.N. Khon¹, N.N. Guseynova⁴

¹ Turan University, Almaty, Kazakhstan

² «Reinhardshöhe» Rehabilitation Clinic, Bad Wildungen, Germany

³ Sergey Sklyar's Psychotherapy Center, Almaty, Kazakhstan

⁴ Active Longevity Center, Almaty, Kazakhstan

MEASURING QUALITY OF LIFE AMONG OLDER PEOPLE USING THE MANNHEIMER QUESTIONNAIRE

Abstract

Due to the global trend of population ageing, the relevance of maintaining the quality of life and health of the population of elderly people is increasing. *This article describes a study aimed at adapting and standardising the Mannheim Interview der Lebensverhältnisse im Alter (Mannheimer questionnaire of quality of life in elderly age) for the Russian-speaking population of Kazakhstan citizens.* Having studied the experience of assessing the quality of life of elderly people in Germany, we proposed a Russian adapted version of this questionnaire, which we called MOCJ-Ger (Mannheim questionnaire of quality of life for use in geriatric practice). The questionnaire is aimed at studying various parameters of the quality of life of elderly people: activity, communication, living conditions and finances. We have tested the psychometric properties of the adapted version of the questionnaire, as well as the possibility of its use in geriatric practice in Kazakhstan.

The questionnaire can be used by psychologists, social workers and other personnel when working with older people to identify the difficulties and needs of an older person.

Keywords: questionnaire, adaptation, quality of life, diagnosis, elderly people, depression in the elderly age.

ВВЕДЕНИЕ

Согласно прогнозу Всемирной организации здравоохранения (ВОЗ), к 2030 году каждый шестой человек в мире будет в возрасте 60 лет и старше. К 2050 году численность населения мира людей в возрасте 60 лет и старше удвоится (2,1 миллиарда). Ожидается, что число людей в возрасте 80 лет и старше утроится в период с 2020 по 2050 год и достигнет 426 миллионов. В Казахстане также наблюдается старение населения. Так, на начало 2022 года доля женщин в возрасте от 65 лет достигла 10,1%, при этом десятью годами она составляла лишь 8,2%. Тем временем доля мужчин в возрасте от 65 лет за десятилетие увеличилась с 4,8% до 6,1%. По прогнозам ООН, коэффициент демографической нагрузки пожилого возраста в Казахстане также будет расти. Так, в 2022 году значение этого коэффициента составило 12,9%. К 2025 году коэффициент достигнет 14,1%, к 2030-му – 15,9%, к 2040-му – 17,1%, к 2050-му – 19%. [1].

После выхода на пенсию у многих людей появляется больше времени, которое можно посвятить личным достижениям и самореализации, вместо этого некоторым пожилым людям, возможно, приходится тратить все больше времени и энергии на поддержания

должного уровня качества жизни и здоровья. Перед обществом предстает проблема, связанная с созданием социума для всех возрастов на основании признания полноценности старшего поколения [2]. Более продолжительная жизнь приносит с собой новые возможности не только для пожилых людей и их семей, но и для общества в целом. Дополнительные годы дают возможность заняться новыми видами деятельности, такими как дальнейшее образование, новая карьера или давно забытое увлечение. Пожилые люди также во многом вносят свой вклад в жизнь своих семей и сообществ. Однако масштабы этих возможностей и вклада во многом зависят от одного фактора: здоровья. ВОЗ перечисляет проблемы со здоровьем, которые возникают у людей с возрастом, и наряду с остеоартритом и деменцией указывается депрессия.

В Казахстане благополучию пожилых людей последние годы уделяется много внимания, так, в 2021 году Министерство труда и соцзащиты населения Республики Казахстан утвердило план мероприятий по улучшению положения граждан старшего поколения. Согласно данным Министерства, на сегодняшний день Казахстан уже преодолел 7-процентный порог, определенный ООН, и отнесен к странам со стареющим населением [3]. В 2023 году в Казахстане при поддержке Фонда ООН в области народонаселения (ЮНФПА) разработали национальную стратегию «Активное долголетие» [4].

В русскоязычной литературе доступны следующие опросники для оценки качества жизни: ВОЗЖ-26 и SF-36. ВОЗЖ-26 является краткой версией опросника Всемирной организации здравоохранения, целью которого является оценка качества жизни человека. Изучение качества жизни с помощью опросника SF-36 является общепринятым в мире высокоинформативным, чувствительным и экономичным методом оценки состояния здоровья как населения в целом, так и отдельных социальных групп. Указанные методики, при упомянутых достоинствах, не предназначены для оценки качества жизни пожилых людей.

Проанализируем доступные в литературе зарубежные инструменты для оценки качества жизни в пожилом возрасте. Анкета качества жизни пожилых людей (Older People's Quality of Life Questionnaire – OPQOL-35) предназначена для оценки качества жизни пожилых людей в следующих сферах: здоровье, независимость, социальные отношения, условия жизни. Опросник состоит из 35 вопросов, в которых включены вопросы о психологическом состоянии, состоянии здоровья, социальных отношений, независимости, условий жизни в отношении комфорта, а также вопросы, касающиеся эмоционального состояния. Опросник сконструирован в Лондонском и Кингстонском университетах (A. Bowling, St George's, University of London & Kingston University) [5].

Опросник Контроль, автономия, самореализация и удовольствие (Control, Autonomy, Self-Realization and Pleasure, CASP-19) используется для измерения качества жизни по самооценке среди взрослых в возрасте 60 лет и старше. CASP-19 состоит из 4 субшкал, составляющих аббревиатуру инструмента: Контроль, Автономия, Самореализация и Удовольствие. Каждая подшкала содержит 4–5 вопросов, а всего оценивание содержит 19 пунктов. Для ответов используется шкала Лайкерта, включая «часто», «иногда», «не часто» и «никогда». Для целей оценки эти ответы соответствуют 0–3 баллам за вопрос. Более высокие баллы указывают на лучшее качество жизни. Анкета создана в США, в отделе профессиональной терапии, на факультете реабилитационной медицины в Вашингтонском университете, Сиэтл [6].

WHOQOL-OLD – инструмент для оценки субъективного качества жизни пожилых людей. Он основан на определении качества жизни ВОЗ. Опросник состоит из 26 пунктов, оценивающих сенсорные способности, степень вовлеченности в социальные взаимодействия, отношение к смерти, наличие близких социальных контактов, а также автономность. [7]

МАТЕРИАЛЫ И МЕТОДЫ

Опросник «Mannheimer intervar der lebensverhältnisse im alter» (MILVA) разработан профессором института исследований психического здоровья (г.Мангейм, Германия) д.м.н.,

Georg Adler в 1999 году, опубликован в 2000 году в издательстве «Zeitschrift für Gerontologie + Geriatrie», в электронном виде доступен с 2012 года [8]. Выбор данной методики основан на том, что опросник является удобным в использовании, информативным инструментом, позволяющим количественно оценить параметры уровень качества жизни людей пожилого возраста. В отличие от других опросников MILVA измеряет объективные показатели качества жизни. Georg Adler совместно с другими исследователями разработали инструмент обследования, позволяющий стандартизировать оценку социального положения пожилых людей в условиях гериатрической практики. Опросник оценивает качество жизни пожилых людей по четырем факторам: «активность», «общение», «условия жизни» и «финансы». На каждую сферу авторами были выделены от четырех до десяти пунктов опросника, максимальный показатель по каждой сфере – 10 баллов. Опросник MILVA направлен на количественное описание социального положения пожилых людей и состоит из 25 вопросов, 5 вопросов для оценки уровня активности, 6 вопросов для оценки уровня общения, 10 вопросов для оценки условий жизни и 4 вопроса на оценку финансовой составляющей качества жизни.

Для анализа психометрических свойств русскоязычной версии опросника нами был использован критерий анализа надежности альфа Кронбаха.

РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ И ИХ ОБСУЖДЕНИЕ

Первый этап адаптации опросника описан в статье «Качество жизни пожилых людей: опыт адаптации опросника «Mannheimer Intervar der lebensverhältnisse im Alter» [9]. В соответствии с полученными на первоначальном этапе адаптации данными и вопросами от испытуемых, третьим этапом мы произвели корректировку формулировок некоторых вопросов, например, пункт наличия телефона мы переформулировали как «Есть ли у Вас современный мобильный телефон?».

На втором этапе адаптации мы провели тестирование на 69 людях в возрасте от 60 до 77 лет. Представим коэффициенты надежности альфа Кронбаха для каждой шкалы с описанием статистики отдельных пунктов. В следующей таблице представлен коэффициент альфа Кронбаха для шкалы активности

Таблица 1 – Коэффициенты альфа Кронбаха для показателей опросника MILVA по шкале активности

Статистика надежности	
Альфа Кронбаха	N элементов
.501	5
Альфа Кронбаха при исключении пункта	
в1	.351
в2	.339
в3	.345
в4	.449
в5	.707

Как видно из статистики пунктов по отношению к суммарному баллу, вопрос №5 не оказывает значимого влияния на показатели качества жизни, и при исключении данного вопроса надежность шкалы повышается. Данный вопрос касается наличия домашнего животного, и возможно, что для пожилых людей в Казахстане наличие или отсутствие домашнего животного не является значимым фактором для общего уровня качества жизни. Таким образом, вопрос о домашнем животном был нами исключен из опросника.

Для шкалы общения мы получили приемлемый коэффициент надежности, что видно из таблицы №2:

Таблица 2 – Коэффициенты альфа Кронбаха для показателей опросника MILVA по шкале общения

Статистика надежности	
Альфа Кронбаха	N элементов
,700	5
Альфа Кронбаха при исключении пункта	
в7	,647
в8	,656
в9	,635
в10	,615
в11	,698

Статистика пунктов по отношению к суммарному баллу говорит о том, что все вопросы данного пункта имеют значение. После изменения формулировок мы получили приемлемый коэффициент альфа. Возможно, это связано с тем, что в новых формулировках мы сделали акцент на общение с родственниками и соседями, ведь такого рода общение является немаловажным культурным аспектом населения Казахстана. Также мы упростили некоторые формулировки, например, вопрос №11 звучит в новой формулировке следующим образом: «Как часто Вы общаетесь с родственниками, соседями и другими знакомыми?» (предыдущая формулировка: «Как часто вы выходите из дома чтобы что-то предпринять с другими людьми (например, с родственниками, соседями, знакомыми)?»). Вопрос № 6 не имеет числовой интерпретации ответа, так как является открытым. Таким образом, из 6-ти вопросов шкалы в расчете коэффициента надежности были учтены вопросы №7-11.

При анализе надежности шкалы условий жизни нами было обнаружено, что многие вопросы не подходят для оценки качества жизни у казахстанской выборки пожилых людей. Вопросы 12, 16, 17, 20, 21 нами были исключены из опросника, так как они не были согласованы с общими показателями по шкале условий жизни, а также вызывали непонимание у людей. В таблице №3 приведены показатели расчета коэффициента надежности альфа для шкалы условий жизни.

Таблица 3 – Коэффициенты альфа Кронбаха для показателей опросника MILVA по шкале условий жизни при исключении пунктов 12, 16, 17, 20, 21

Статистика надежности	
Альфа Кронбаха	N элементов
,773	5
Альфа Кронбаха при исключении пункта	
в13	,724
в14	,686
в15	,671
в18	,821
в19	,748

Вопросы № 12, 16, 17, 20, 21 соответственно:

- Где находится Ваша квартира/дом?
- Удобства в квартире/доме для пожилых (например, специально оборудованная ванная комната, специальные перила, ручник в туалетной комнате)
- В квартиру можно попасть самостоятельно на инвалидной коляске?
- Как долго Вы проживаете в этой квартире/доме?
- Как вы оцениваете уровень преступности вблизи от Вашей квартиры/дома?

Таблица 4 – Коэффициенты альфа Кронбаха для показателей опросника MILVA по шкале финансов

Статистика надежности	
Альфа Кронбаха	Н элементов
,723	4
Альфа Кронбаха при исключении пункта	
в22	,620
в23	,587
в24	,600
в25	,776

Анализ надежности всего опросника при исключении непоказательных пунктов. При исключении вопросов №5, 12, 16, 17, 20, 21 мы получили коэффициент альфа Кронбаха для всего опросника, равный ,719:

Таблица 5 – показатель коэффициента альфа Кронбаха для опросника MILVA

Статистика надежности	
Альфа Кронбаха	Н элементов
,719	18

Таким образом, мы получили опросник, состоящий из 19 вопросов, оценивающий качество жизни пожилых людей по показателям активности, общения, условий жизни и финансов. Максимальный показатель – 33 балла.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Проведение работы по адаптации опросника для оценки качества жизни в пожилом возрасте МОКЖ-гер на русскоязычной выборке казахстанцев является важной частью работы по улучшению качества жизни и поддержания активного долголетия пожилых людей в Казахстане.

Адаптированный на русском опросник МОКЖ-гер представляет собой шкалу, состоящую из 19-ти вопросов, в которой 4 вопроса на оценку уровня активности, 5 вопросов для оценки показателей по общению, 5 вопросов для оценки условий жизни и 4 вопроса для оценки финансовой составляющей качества жизни у пожилых людей. При интерпретации результатов стоит обращать внимание не только на общий количественный показатель, но и на ответы на отдельные вопросы.

Опросник может быть использован психологами, социальными работниками и другим персоналом в работе с пожилыми людьми для выявления сложностей и потребностей пожилого человека.

Список использованной литературы:

1. Adler, Georg & Tremmel, S. & Brassens, Stefanie & Scheib, A.. (2012). *Soziale Situation und Lebenszufriedenheit im Alter. Zeitschrift für Gerontologie + Geriatrie.* – 33. – 210-216 с.
2. Bowling, A. *The psychometric properties of the Older People's Quality of Life Questionnaire, compared with the CASP-19 and the WHOQOL-OLD. Current Gerontology and Geriatrics Research.* – 2009. – 1-12с.
3. Černovas, A., Alekna, V., Tamulaitiene, M., & Stukas, R. *Reliability and validity of the Lithuanian version of CASP-19: A quality of life questionnaire for the elderly. Medicina (Kaunas),* – 2018. – 54(6). – 103

4. Касымжанова А.А., Аскарлова. Р.К.. Старение в культуре казахского народа: психологический анализ факторов геротрансцендентности. - Вестник КазНУ, Серия Психологии и социологии, – 2021. – №3 . – (78).

5. Министерство труда и социальной защиты населения Республики Казахстан. Статья «МТСЗН утвердило план мероприятий по повышению качества жизни пожилых людей». 24 февраля 2021. Электронный ресурс

«<https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/press/news/details/165181?lang=ru>

6. Низамудин М.А., Гарбер А.И., Скляр С.В. «Качество жизни пожилых людей: опыт адаптации опросника «Mannheimer Inteval der lebensverhältnisse im Alter» материалы международной научно-практической конференции «Наука и система образования Казахстана: пути и перспективы развития», посвященной 114-летию со дня рождения академика Т. Т. Тажимаева, в рамках 90-летия Казахского национального университета имени аль-Фараби. – 2024г. – 105-111 с..

7. Организация объединенных наций. Статья «Активное долголетие: ЮНФПА помогает Казахстану использовать потенциал растущего числа пожилых людей» <https://news.un.org/ru/story/2023/10/1445362>

8. Power M, Quinn K, Schmidt S: Development of the WHOQOL-Old Module. *Qual Life Res.* – 2005. 14:2197–2214с.

9. ЮНФПА. «Анализ положения в области народонаселения в Республике Казахстан». Отчет разработан при технической поддержке Фонда ООН в области народонаселения (ЮНФПА) в Казахстане. –2019.

Referensec:

1. Adler, Georg & Tremmel, S. & Brassen, Stefanie & Scheib, A.. (2012). Soziale Situation und Lebenszufriedenheit im Alter. *Zeitschrift für Gerontologie + Geriatrie.* – 33. – 210-216с. 10.1007/s003910070062

2. Bowling, A. The psychometric properties of the Older People's Quality of Life Questionnaire, compared with the CASP-19 and the WHOQOL-OLD. *Current Gerontology and Geriatrics Research.* – 2009. – 1-12с.

3. Černovas, A., Alekna, V., Tamulaitiene, M., & Stukas, R. Reliability and validity of the Lithuanian version of CASP-19: A quality of life questionnaire for the elderly. *Medicina (Kaunas),* – 2018. – 54(6). – 103

4. Kasymzhanova A.A., Askarova. R.K.. Starenie v kul'ture kazakhskogo naroda: psikhologicheskij analiz faktorov gerotranscendentnosti. - Vestnik KazNU, Seriya Psikhologii i sociologii, – 2021. – №3

5. Ministerstvo truda i social'noj zashchity naseleniya Respubliki Kazakhstan. Stat'ya «MTSZN utverdilo plan meropriyatij po povysheniyu kachestva zhizni pozhilykh lyudej». 24 fevralya 2021. Ehlektronnyj resurs «<https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/press/news/details/165181?lang=ru>

6. Nizamudin M.A., Garber A.I., Sklyar S.V. «Kachestvo zhizni pozhilykh lyudej: opyt adaptacii oprosnika «Mannheimer Inteval der lebensverhältnisse im Alter» materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii «NAUKA I SISTEMA OBRAZOVANIYA KAZAKHSTANA: PUTI I PERSPEKTIVY RAZVITIYA», posvyashchennoj 114-letiyu so dnya rozhdeniya akademika T. T. Tazhibaeva, v ramkakh 90-letiya Kazakhskogo nacional'nogo universiteta imeni al'-Farabi. – 2024g. – 105-111 s..

7. Organizaciya ob"edinennykh nacij. Stat'ya «Aktivnoe dolgoletie: YUNFPA pomogaet Kazakhstanu ispol'zovat' potencial rastushchego chisla pozhilykh lyudej»

8. YUNFPA. «Analiz polozheniya v oblasti narodonaseleniya v Respublike Kazakhstan». Otchet razrabotan pri tekhnicheskoy podderzhke Fonda OON v oblasti narodonaseleniya (YUNFPA) v Kazakhstane. –2019.

9. Power M, Quinn K, Schmidt S: Development of the WHOQOL-Old Module. *Qual Life Res.* – 2005. 14:2197–2214с.

МРНТИ 15.41.43

10.51889/2959-5967.2024.79.2.016

Н. Сагидолда¹, А.Қ. Әбдісағиева*¹

¹Нархоз Университеті КЕАҚ, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

АСЫРАП АЛУШЫ АТА-АНАЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ІРІКТЕУ ЖӘНЕ СҮЙЕМЕЛДЕУ

Аңдатпа

Бұл мақалада әлеуетті асырап алушы ата-аналарды іріктеу мәселесінің өзектілігі көрсетілді. Сонымен қатар іріктеу процесінен кейін үміткерлермен дұрыс ұйымдастырылған тренинг пен сүйемелдеудің маңыздылығы аталады. Психологиялық іріктеу әдістерін сынау үшін он әлеуетті асырап алушы ата-ана таңдалды. Алғашқы бес үміткерге стандартталған сұхбат пен отбасы социогаммасы, қалған бес үміткерге Басса-Дарки сауалнамасы және Спилбергер-Ханин мазасыздық шкаласы жүргізіліп, нәтижелері талданды.

Зерттеу мақсаты – қабылдаушы ата-ана болуға үміткерлерді психологиялық іріктеу мен сүйемелдеудің негізгі аспектілері мен зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, тиімді әдістерді ұсыну.

Әдіснамасы. Осы мақаладағы жұмыста бастапқы деректерді жинау және өңдеу, психологиялық тесттер мен сұхбат жүргізу және нәтижелерін талдау сияқты әдістер қолданылды.

Зерттеу нәтижелері. Жұмыс барысында әлеуетті асырап алушы ата-аналарды психологиялық іріктеудің және сүйемелдеудің өзектілігі анықталды. Психологиялық диагностика барысында стандартталған сұхбат, отбасы социогаммасы, Басса-Дарки және Спилбергер-Ханин әдістерінің тиімділігі көрсетілді.

Кілт сөздер: психология, психологиялық іріктеу, сүйемелдеу, асырап алушы ата-ана, жетім, қабылдаушы отбасы, диагностика.

Сагидолда Н. ¹, Әбдісағиева А.Қ. *¹

¹НАО Университет Нархоз, Республика Казахстан, г.Алматы

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ ОТБОР И СОПРОВОЖДЕНИЕ ПРИЕМНЫХ РОДИТЕЛЕЙ

Аннотация

В данной статье показана актуальность проблемы отбора потенциальных приемных родителей. Также упоминается важность правильно организованного обучения и сопровождения кандидатов после процесса отбора. Десять потенциальных приемных родителей были выбраны для тестирования методов психологического отбора. Были проведены стандартизированные интервью и социогамма семьи для первых пяти кандидатов, анкета Басса-Дарки и шкала тревожности Спилбергера-Ханина для оставшихся пяти кандидатов, результаты были проанализированы.

Цель исследования-предоставить эффективные методы, основанные на ключевых аспектах психологического отбора и сопровождения кандидатов в приемные родители, а также на результатах исследований.

Методология. В работе над этой статьей использовались такие методы, как сбор и обработка исходных данных, проведение психологических тестов и интервью, а также анализ результатов.

Результаты исследования. В ходе работы была выявлена актуальность психологического отбора и сопровождения потенциальных приемных родителей. В ходе психологической диагностики была продемонстрирована эффективность методов стандартизированного интервью, социогаммы семьи, Басса-Дарки и Спилбергера-Ханина.

Ключевые слова: психология, психологический отбор, сопровождение, приемный родитель, сирота, приемная семья, диагностика.

*N. Sagidolda¹, A.K. Abdissagiyeva*¹*

¹Narxoz University, Republic of Kazakhstan, Almaty

PSYCHOLOGICAL SELECTION AND SUPPORT OF FOSTER PARENTS

Annotation

This article shows the relevance of the problem of selecting potential foster parents. The importance of properly organized training and support of candidates after the selection process is also mentioned. Ten potential foster parents were selected to test psychological selection methods. Standardized interviews and a family sociogram were conducted for the first five candidates, the Bass-Durkee questionnaire and the Spielberger-Hanin anxiety scale for the remaining five candidates, and the results were analyzed.

The purpose of the research is to provide effective methods based on key aspects of psychological selection and support of candidates for foster parents, as well as on research results.

Methodology. Methods such as the collection and processing of raw data, conducting psychological tests and interviews, as well as analyzing the results were used in the work on this article.

The results of the research. In the course of the work, the relevance of psychological selection and support of potential foster parents was revealed. During the psychological diagnosis, the effectiveness of standardized interview methods, family sociograms, Buss-Durkee and Spielberger-Hanin was demonstrated.

Keywords: psychology, psychological selection, support, foster parent, orphan, foster family, diagnosis.

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда елімізде мекемелердегі жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалардың саны азаюда, биыл бұл көрсеткіш 4374 баланы құрады. Алайда, баланы отбасына тәрбиелеуге алған ата-аналар көп болғанымен, өкінішке орай, мекемеге қайта оралған балалардың көрсеткіші 2018 жылдан бері 64%-ға артты. Баланы мекемеге қайтарудың жиі себептерінің бірі ретінде асырап алушы ата-ананың психологиялық дайын болмауын атап өтуге болады.

Балалардың әл-ауқатына қамқорлық жасау маңызды фактор болып табылатын қазіргі қоғамда сапалы отбасын құру және балаларға ата-аналарды таңдау мәселесі өзекті бола түсуде. Қабылдаушы ата-ана болуға үміткерлерді психологиялық іріктеу осы процесте орталық болып табылады, бұл қиын өмірлік жағдайларға тап болған балалар үшін қолайлы және сенімді орта құруды қамтамасыз етеді.

Асырап алушы ата-аналардың балаларды асырап алу немесе тәрбиелеу процесі психологиялық және әлеуметтік аспектілерді терең түсінуді талап етеді. Үміткерлердің материалдық мүмкіндіктерін ғана емес, сонымен қатар олардың эмоционалды тұрақтылығын, тәрбиелік қиындықтарға дайындығын, эмоционалды байланыстар құра білуін және балалардың психологиялық әл-ауқатын қолдауды ескеру маңызды.

Бұл тақырыптың өзектілігі биологиялық ата-анасынан айырылған немесе қолайсыз жағдайда жүрген балалар үшін қауіпсіз және қолдау ортасын құру қажеттілігімен

ерекшеленеді. Қабылдаушы ата-аналарды тиімді психологиялық іріктеу балалардың психикалық денсаулығына теріс әсер ету қаупін азайтуға көмектеседі және олардың үйлесімді дамуына ықпал етеді.

Бұл мақаланың мақсаты қабылдаушы ата-ана болуға үміткерлерді психологиялық іріктеу мен сүйемелдеудің негізгі аспектілерін қарастыра отырып, тиімді әдістерді ұсыну. Сайып келгенде, сапалы психологиялық іріктеу балалардың сүйіспеншілігін, қамқорлығын және әл-ауқатын қамтамасыз ете алатын отбасылардың қалыптасуына ықпал етеді. И.В. Горохова және Т.И. Бонкало «Қабылдаушы ата-ана болуға үміткерлерді таңдауды психологиялық қамтамасыз ету» атты мақаласында алмастырушы отбасыны қалыптастырудағы бастапқы және шешуші рөлді қабылдаушы отбасыға үміткерлерді таңдау болып табылатынын атап өткен болатын. Іріктеу барысында арнайы дайындалған ата-анаға қажетті психологиялық қасиеттер тізімін қолдану керек. Дайындық тек психо-педагогикалық білім беруді ғана емес, сонымен қатар психологиялық коррекцияны да қамту керек [1].

Психологиялық іріктеу барысында негізгі назар аудару керек мәселелерді екі түрге ажыратуға болады:

1. тренинг барысында жеңіл коррекцияға ұшырайтын психологиялық жай-күйлер;
2. психологпен жеке жұмысты қажет ететін ата-ананың санасында терең қалыптасқан жай-күйлер.

Басты назар қабылдаушы отбасының сапасыздығы факторларын талдауға және бала асырап алуға қарсы көрсеткіштерді анықтауға бағытталған. Қазіргі уақытта бала асырап алуға үміткерлердегі психопатологиялық симптомдардың ауырлығы, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа, аддикцияға бейімділігі, психотравматизация дәрежесі қабылдаушы отбасының сапасына теріс әсер ететіндігі анықталды. Тренинг барысында жеңіл коррекцияға ұшырайтын психологиялық жай-күйлер тоқталып өтсек. Бұл топқа ата-ананың бала асырап алудағы теріс мотивтерін, алаңдаушылығын, қамқоршылығына алатын балаға асыра көп үміт пен жүктеме артуды жатқызуға болады. Көп жағдайда бала асырап алуға үміткерлерде, қамқоршыларда және патронаттық тәрбиешілерде жоғары алаңдаушылық деңгейі байқалады. Е.А. Брецих өз зерттеу жұмысында анықтағандай, қамқоршылар мен асырап алушылар, патронат тәрбиеші болуға үміткерлердің өздері алаңдаушылықты асырап алынған балалардың әлеуметтік қауіп тобына жататындығымен түсіндіреді. Көптеген үміткерлер үшін бұл ата-анасы алкогольге тәуелді отбасы немесе асырап алуға келісімін берген кәмелетке толмаған немесе жалғызбасты аналар [2]. Бұндай жағдайларда білікті психолог-тренер ата-анада орын алған алаңдаушылық деңгейін тренинг барысында азайтып, оны дұрыс ұстанымдарға ауыстыру ықтималдығы жоғары.

Келесі, психологпен жеке жұмысты қажет ететін ата-ананың санасында терең қалыптасқан жай-күйлер. Бұл сәттер диагностика барысында ерекше назарды талап етеді. Себебі, психолог бұл сәттерді өткізіп алған жағдайда, болашақта баланың адаптациясына және жалпы отбасы ішіндегі атмосфераға айтарлықтай кері әсерін тигізуі мүмкін. Ресейдің ғылым академиясының психология институтында психологиялық ғылымдар докторы, профессор, посттравматикалық стресс лабораториясының бас ғылыми маманы Н.В. Тарабрина және Н.В. Майн бірлесе жазған жұмысында қабылдаушы отбасының сапасына ықтимал әсер ететін факторлар анықталып, қарастырылды, олардың ішінде: асырап алушылардың қазіргі психикалық жағдайы, олардың ұрпақаралық және жеке психотравматизация деңгейі, бала асырап алу мотивтері және ата-ана мен баланың өзара әрекеттесу тактикасы [3]. Нәтижесінде ата - ана мен баланың өзара әрекеттесу тактикасының құрамдас бөліктері ұрпақтар арасындағы жарақаттану көрсеткішімен және қазіргі психикалық жағдаймен байланысты деген қорытындыға келеміз. Сонымен қатар әлеуетті асырап алушы ата-аналардың мінез-құлқы көбінесе өз балалық шағындағы тәжірибеге байланысты. Егер олардың ата-аналары оң үлгі болса, бұл көбінесе олардың балаларды эмоционалды түрде қолдау және тәрбиелеу қабілетіне әсер етеді. Өз ата-аналары теріс мысал келтірген жағдайда, әлеуетті асырап алушылар өздерінің жарақаттары мен жағымсыз мінез-құлқы үлгілерін

жеңуде қиындықтарға тап болуы мүмкін. Бұл тәжірибе олардың тиімді ата-ана болу қабілетіне әсер етуі мүмкін және салауатты және қолдау көрсететін отбасылық ортаны құру үшін қосымша күш-жігерді қажет етеді. Н.В. Майн жеке жұмысында қабылдауы отбасының болашақ сапасы үшін ата-ананың жеке басының ерекшеліктерін негіздеді, бұл ата-аналық образдармен сәйкестендірудің нәтижесі болып табылады. Жақсы ата-ана болу үшін, басқа факторлардан бөлек, жақсы "ішкі" ата-аналардың болуы маңызды, бұл баланы жеке тұлға ретінде қабылдауға, оған отбасында өз орнын беруге және оны ата-аналардың проблемаларын "шешу", ауыстыру, жанжалдарды шешу және алдыңғы ұрпақтың травматизмын пысықтау міндеттерімен жүктемеуге мүмкіндік береді [4].

Бүгінгі таңда елімізде асырап алушы ата-аналар мектебіне қабылданар алдында ата-аналар диагностикадан өту қарастырылған. Алайда тренингты өткізетін әр мекемедегі қолданылатын әдістер әр түрлі және әр жағдайда тиімді бола бермейді. Бұл орайда ата-аналарды психологиялық іріктеу процесін жетілдіріп, біркелкі ету маңызды. Бірақ отбасылық тәрбиені мүмкіндігінше көп балаларға қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, отбасындағы өмір балаға пайдалы болатындай, оның дамуына ықпал ететін жұмыс моделін іздеу ұзақ және қиын процесс екенін ескеру қажет [5]. Қабылдаушы ата-аналардың психологиялық жағдайының отбасылық қатынастар динамикасына әсері психологиялық іріктеудің табиғи жалғасы болып табылады. Қабылдаушы ата-аналардың эмоционалды тұрақтылығы отбасында жылы және қолдау атмосферасын құруда шешуші рөл атқарады. Өз эмоцияларын түсіну асыранды баланың бейімделу процесін жеңілдетіп қана қоймайды, сонымен қатар барлық отбасы мүшелерінің терең өзара әрекеттесуіне ықпал етеді. Бала асырап алғаннан кейінгі отбасындағы психологиялық проблемаларды зерттей отырып, болашақта ата-аналарды психологиялық іріктеу барысын тиімді ұйымдастыруға және тренинг тақырыптарын жетілдіруде септігін тигізеді. Бала асырап алғаннан кейінгі кезеңдегі ата-аналардың депрессиясы шектеулі зерттеулерде зерттелді және бұл зерттеулерде қабылдаушы ата-аналардың тәжірибесінің әлеуметтік контексті жиі жоқ. К.Дж.Фоли бала асырап алғаннан кейінгі депрессиямен байланысты қайталанатын тақырыптарды анықтаған болатын, басым бөлігі ата-аналардың өздеріне, балаға, отбасына, достарына, қоғамға немесе басқа адамдарға орындалмаған және шындыққа жанаспайтын үміттері болып табылады [6]. Сонымен қатар асырап алушы ата-аналардағы жинақталған стресс және отбасының қолдауының болмауы олардың физикалық және психологиялық әл-ауқатына, сондай-ақ қабылдаушы отбасыдағы қарым-қатынас сапасына қатты әсер етуі мүмкін. Асырап алынған баланың бейімделуіне байланысты міндеттер физикалық және эмоционалды түрде жан-жақты болуы мүмкін, әсіресе бастапқы кезеңде. Осыған байланысты асырап алушы ата-аналар үнемі шиеленіске, белгісіздікке және қабілеттеріне күмәндануға ұшырауы мүмкін. Г.У.Бердтің және басқаларының бірлесе жасаған бірнеше регрессиялық талдауы эмоционалды күйзелістің жоғары деңгейі туралы хабарлаған ата-аналардың асырап алушы ата-ана мәртебесіне байланысты созылмалы стресс факторларының жинақталуын жиі көрсететінін анықтады. Дистресс деңгейі жоғары ата-аналар үлкен баланы асырап алғанын, бірнеше бала асырап алу тәжірибесі бар екенін, эмоцияға бағытталған күресу стратегияларын жиі қолданатынын, шеберлік сезімі төмен екенін және отбасы мүшелерінен аз қолдау алатынын жиі атап өткен болатын [7]. Ата-аналар кездесетін осы және өзге мәселелердің үлкен бөлігінде психологтардың кешенді жұмысы қажет. Алғашқыда іріктеу жүргізу барысында бір ата-ананың мәселелерін анықтаған психолог, екінші кезеңде ол отбасыға тренинг жүргізу барысында, ол теріс ұстанымдардан құтылуға тырысады және соңына сүйемелдеген жағдайда ғана толыққанды нәтиже шығады. Асырап алынған бала мен отбасы мүшелерінің әлеуметтік-психологиялық бейімделуі біркелкі емес, циклдік және уақытпен шектеулі және қабылдаушы отбасында қиындықтар мен туындаған мәселелерді маманның көмегінсіз шеше алмайтын сәттері болуы мүмкін.

Қабылдаушы отбасыны сүйемелдеу-олардың күнделікті өміріндегі тұрақтылық пен үйлесімділікті қолдаудың маңызды буыны. Мәлімделген проблемаларды ғылыми-теориялық

талдау нәтижелері сәтті алмастырушы ата-ананың психологиялық детерминанттарын пәндік зерттеудің өзектілігін көрсетеді. Бүгінгі таңда ата аналар мен балаларды алмастырушы отбасын құру кезеңінде және оның жұмыс істеу процесінде психологиялық қолдау бағдарламалары мен технологиялары сұранысқа ие [8]. Психологиялық қолдау психологиялық іріктеу мен отбасылық қатынастардың күнделікті шындықтарын байланыстыратын көпірге айналады. Сүйемелдеу саласындағы мамандар қиындықтарды жеңуге көмектесіп қана қоймай, сау және мықты отбасылық байланыстардың дамуын сақтайды. Қабылдаушы отбасы мен баланы бейімдеу процесінде маманның рөлі маңызды және тиімді әлеуметтік интеграция мен психологиялық әл-ауқатты қамтамасыз ету үшін қажет. Жетім баланы тәрбиелеуде алмастырушы отбасына психологиялық көмек көрсетуді үздіксіз білім беру бағыттарының бірі ретінде қарастырған жөн [9]. Нәтижесінде аналитикалық-жүйелік отбасылық психологиялық сүйемелдеу нәтижесінде бала асырап алу ойы бар және асырап алған отбасыларда психологиялық климат оңтайлы болады, ал балалар қалаулы және қолдауға ие болады.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында бастапқы деректерді жинау және өңдеу, психологиялық тесттер мен сұхбат жүргізу әдістері қолданылды. Психологиялық тесттер мен стандартталған сұхбаттың ерекшеліктері төменде көрсетілген (Кесте 1).

Кесте 1 - Қолданылған зерттеу әдістері мен олардың ерекшеліктері

№	Атауы	Ерекшелігі
1	<i>Стандартталған сұхбат (В.Н.Ослон, Д.С.Райкус, Р.К.Хьюз материалдары негізінде жасалған)</i>	<ul style="list-style-type: none"> – Сауалнамаға жақын, әр үміткерден біртүрлі ақпарат алуға арналған; – Үміткерлердің өмірлік жағдайын 8 негізгі критерий бойынша зерттеуге және бағалауға бағытталған. Әрбір критерий 3 балдық шкала бойынша бағаланады: жоғары-орташа-төмен деңгей; – Диагностикалық және рефлексиялық міндеттерге бағытталған, зерттеудің толық нәтижелерін қамтамасыз етеді; – Үміткерлердің өзін-өзі тануға бағытталуын ынталандыру; – Психологтан белсенді тыңдау дағдылары қажет; – Асырап алушы ата-аналар мектебінде екпіндерді анықтауға мүмкіндік береді.
2	<i>"Отбасылық социограмма" проективті әдістемесі (Эйдемиллер Э.Г.)</i>	<ul style="list-style-type: none"> – Үміткердің тұлғааралық қатынастар жүйесіндегі орнын анықтауға және отбасындағы қарым-қатынас сипатын анықтауға мүмкіндік береді. – Отбасы арасындағы қарым-қатынастың бейсаналық аспектілерін сыртқа шығаруға мүмкіндік береді.
3	<i>Басса-Дарки сауалнамасы, BDHI</i>	<ul style="list-style-type: none"> – Баланың қауіпсіздігіне ықтимал қауіптердің алдын алуға көмектеседі. Агрессивтілігі жоғары ата-аналар балалардың физикалық және эмоционалдық әл-ауқатына ықтимал қауіп төндіруі мүмкін. – Үміткерлердің балаға оң мінез-құлық үлгілерін ұсынуға қаншалықты қабілетті екенін анықтауға көмектеседі. Агрессивтілігі төмен ата-аналар салауатты қарым-қатынасты сақтауда және жанжалдарды шешуде ең жақсы рөлдер болуы мүмкін. – Үміткерлердің агрессиясы мен қақтығыстарын қаншалықты тиімді басқаратыны туралы ақпарат береді. Бұл дағдылар қолдау көрсететін және қауіпсіз отбасылық органы құру үшін маңызды. – Агрессивтілігі төмен үміткерлер өздерінің эмоцияларын жақсы басқара алады, бұл ата-ана болудың маңызды аспектісі. Бұл отбасындағы тыныш және қолдаушы атмосфераға ықпал етуі мүмкін.
4	<i>Ц.Д.Спилбергер-Ю.Л. Ханин мазасыздану шкаласы, STAI (State-Trait Anxiety Inventory)</i>	<ul style="list-style-type: none"> – Мазасыздықтың жоғары деңгейі ата-аналардың балалармен қарым-қатынаста эмпатия мен шыдамдылық қабілетіне әсер етуі мүмкін. Бұл аспектіні бағалау болашақ асырап алушы ата-аналардың

	қиындықтары мен қажеттіліктері болуы мүмкін балаларды эмоционалды түрде қолдай алатынына көз жеткізуге көмектеседі. – Асырап алушы ата-аналар ерекше қиындықтар мен стресстік жағдайларға тап болады. Мазасыздық деңгейін бағалау осы қиындықтарды жеңуге жақсы дайындалғандарды және асырап алуға байланысты күтпеген жағдайларға жақсы бейімделе алатындарды анықтауға көмектеседі.
Ескерту: [4] негізінде автормен құрастырылған	

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ТАЛҚЫЛАУ

Асырап алушы ата-аналарды психологиялық іріктеудің тиімді жолдарын анықтау мақсатында, баланы отбасына қабылдауға ниет білдірген 10 ата-анадан алдын-ала дайындалған психологиялық тест алынды және арнайы психологпен сұхбат жүргізілді. Зерттеуге балаларды тәрбиелеу тәжірибесі бар және жоқ жалғызбасты және отбасылық үміткерлер қатысты.

1. Алғашқы 5 әлеуетті асырап алушы үміткерлермен стандартталған сұхбат пен отбасы социограммасы әдістері жүргізілді.

Кесте 2 - Стандартталған сұхбат нәтижелері

Үміткерлер	А	В	С	Д	Е
Баланы қабылдау мотивтері	Конструктивті. Аналық мейірім беру	Конструктивті. Балаға бақыт, болашақ сыйлау	Конструктивті. Көпбалалы ана болу	Конструктивті. Әкелік мейірім беру, балалы отбасы болу	Конструктивті. Әкелік мейірім көрсету
Тұлғалық ересектік дәрежесі	Орташа. Мінез-құлқы жас ерекшелігіне сай	Жоғары. Мінез-құлқы жас ерекшелігіне сай, сабырлы	Орташа. Мінезіне ашуланшақтық пен әділдік тән.	Жоғары. Мінезі ашық, жас ерекшелігіне сай	Орташа. Ашуға бой бермейді, өзгелердің көңіліне қарайды
Стресстік жағдайды жеңе білу	Орташа	Жоғары	Орташа	Орташа	Орташа
Ата-аналық дағдылары	Орташа. 2 жыл бала қарау тәжірибесі	Төмен. Бала тәрбиесіне араласып көрмеген	Төмен. Бауырларының баласына қараған	Төмен. Бала тәрбиесіне араласып көрмеген	Төмен. Бауырларының баласына қарасқан
Эмпатия	Жоғары. Адамдарға көмектесуді қалайды	Жоғары. Адамдардың жағдайын түсінуге тырысады	Орташа. Көмек сұрамайды, бірақ көмектеседі	Орташа. Өзгелерге көмек беруден бас тартпайды	Орташа. Қолынан келсе көмектесуге тырысады
Баланың биологиялық отбасына қарым-қатынасы	Оң	Оң	Теріс	Оң	Теріс
Ескерту: автормен құрастырылған					

Стандартталған сұхбат әлеуетті асырап алушы ата-аналарға байланысты бірқатар сұрақтарға жауап алуға және түсінуге көмектеседі. Жоғарыдағы кестеде алынған нәтижелердің тек қысқаша көрінісін көруге болады. Жалпы, барлық үміткерлердің бала тәрбиесінде тәжірибесі жоқ, дегенмен, барлығы бала асырап алуға конструктивті мотивтерге ие. Тұлғалық ересектік дәрежелері мен стрессті жеңе білу дәрежелері жеткілікті деңгейде. Ата-аналардың баланың биологиялық отбасына деген қарым-қатынасы әртүрлі, кейбірі негативті көзқараста, яғни балаға биологиялық отбасы жайлы айтуды қаламайды және барынша олардан ұзақ болуға тырысады, қорқыныш бар десе болады.

Кесте 3 - Отбасы социогаммасы бойынша алынған нәтижелер

№	Нәтижелері
А	Бала қабылдап алғанға дейінгі суретте күйеуі екеуінің арасындағы алшақтық байқалады, әрқайсысының жеке тұлғалық шекаралары сақталған. Бала қабылдап алғаннан кейінгі суретте араларына кішкентай шеңбермен баланы салған, Күйеуі екеуінің отбасындағы рөлдері теңескенің көруге болады.
В	Баланы қабылдап алғанға дейінгі суреттен анасы мен күйеуін теңдей қабылдайтындығын байқауға болады. Олардың қарым-қатынасының жақындығын, отбасы мүшелерінің жеке шекараларының сақталғандығын байқауға болады. Бала қабылдап алғаннан кейінгі суреттен отбасы мүшелерін теңдей қабылдап тұрғандығы байқалады.
С	Бала қабылдап алғанаға дейінгі суретте өзіне деген сенімсіздігін көруге болады, қабылдап алғаннан кейінгі суреттен де сенімсіздікпен қобалжу байқалады.
Д	Бала қабылдап алғанға дейінгі суретте өзін әйелінен жоғары санайтындығын байқауға болды, Бала қыбылдап алғаннан кейінгі суретте бала мен өзінің арасындағы жақындық байқалады, бала мен әйелін теңдей көреді.
Е	Отбасындағы тепе-теңдік сақталған. Бала қабылдап алғаннан кейінгі суретте де отбасының тепе-теңдігін, бақытты отбасы екендігін көруге болады.
Ескерту: автормен құрастырылған	

Жалпы, отбасы социогаммасы бұл жағдайда әлеуетті асырап алушы ата-аналардың қазіргі отбасындағы қарым-қатынас көрінісін бағалауға және бала асырап алғаннан кейін олар өз отбасын қалай көретіні жайлы ақпарат алуға көмектеседі. Алынған нәтижелер бойынша аса алаңдатарлық көріністер байқалмады. Тек С үміткерінде сенімсіздік пен қобалжудың жоғары деңгейі көрінеді. Сонымен қатар, стандартталған сұхбат барысында бұл үміткердің ашуланғыштығы, қажет жағдайда да көмек сұрай алмайтындығы және баланың биологиялық отбасына теріс көзқараста екендігі анықталды.

2. Келесі 5 үміткермен Басса-Дарки сауалнамасы, Ц.Д. Спилбергер-Ю.Л. Ханин мазасыздық шкаласы әдістері жүргізілді. Нәтижелерді талдай келе, әлеуетті асырап алушы ата-аналардың агрессия және дұшпандық индекстері есептелді, жағдайлық және тұлғалық мазасыздық деңгейлері анықталды. Екі әдіс бойынша да А, С және D үміткерлері орташа (төмен емес), қалыпты деңгейді көрсетті. Ата-аналардың орташа агрессивтілігі мен мазасыздығы бар. Бұл кез-келген бағытта тым ерекшеленбейтін қалыпты немесе типтік мінез-құлық ретінде қарастырылуы мүмкін. Алайда В және Е үміткерлері ерекше назарды талап етеді.

Кесте 4 - Басса-Дарки сауалнамасының көрсеткіштері

Үміткерлер:	А	В	С	Д	Е
Физикалық агрессия	3	4	2	3	2
Жанама агрессия	3	8	3	3	3
Тітіркенушілік	3	9	5	3	3
Вербалды агрессия	3	5	5	4	1
Реніш	2	8	5	5	5
Күдіктенушілік	4	5	2	2	5
Негативизм	2	3	5	5	3
Кінә сезімі	5	7	5	3	3
Агрессия индексы	3 (<10)	6 (<10)	4 (<10)	3 (<10)	2 (<10)
Дұшпандық индексы	3 (<10)	6 (<10)	3 (<10)	4 (<10)	5 (<10)
Ескерту: автормен құрастырылған					

Басса-Дарки сауалнамасы бойынша В үміткерінде өте жоғары жанама агрессия (8), тітіркенушілік (9) және реніш (8) сезімдері. Сонымен қатар көтеріңкі вербалды агрессия (5) мен күдіктенушілік (5) және жоғары кінә сезімі (7). Ата-ананың агрессиясы мен тітіркенуінің жоғары деңгейі бала үшін қолайсыз эмоционалды ортаны қалыптастырады, бұл тұрақсыздық пен қауіпсіздіктің болмауына әкелуі мүмкін. Вербалды агрессия мен күдік ата-ана мен бала арасындағы сенімді қарым қатынасты орнатуда қиындықтар тудырады, сонымен қатар жағымсыз эмоционалды ортаның ұзақ уақыт әсер етуі баланың өзін-өзі бағалауы мен сенімділігінің қалыптасуына әсер етеді.

Е үміткерінде көтеріңкі реніш (5) және күдіктенушілік (5). Қалған көрсеткіштер орташа не төмен деңгейде. Нәтижесінде өте төмен агрессия деңгейі, дегенмен жоғары дұшпандық индексі. Реніш пен күдіктенушілік сенімді қарым-қатынас құруда қиындықтарды және эмоционалды проблемалардың болуын көрсетуі мүмкін. Бұл эмоцияларды қандай нақты жағдайлар немесе оқиғалар тудыруы мүмкін екенін және үміткердің осындай эмоцияларға қалай қарайтынын, қалай күресетінін түсіну маңызды. Жалпы Е үміткерінде төмен агрессия, демек үміткердің күнделікті жағдайларда физикалық немесе ашық агрессияны көрсетуге бейімділігі төмен. Ол төзімді, сабырлы және жанжалға бейім емес. Бұл тұрғыда дұшпандық жалпы жағымсыз эмоционалды шиеленіс, скептицизм немесе қоршаған әлемге деген дұшпандық қатынас ретінде түсіндірілуі мүмкін. Нәтиже көрсеткендей бұл күдік, сенімсіздік түрінде көрінеді.

Кесте 5 - Ц.Д.Спилбергер-Ю.Л.Ханин мазасыздық шкаласы бойынша нәтижелер

Үміткерлер:	А	В	С	Д	Е
Жағдайлық мазасыздық шкаласы	33	35	39	33	32
Тұлғалық мазасыздық шкаласы	33	46	44	40	46
Ескерту: автормен құрастырылған					

Спилбергер-Ханин мазасыздық шкаласы бойынша В және Е үміткерлерінде орташа жағдайлық мазасыздық пен жоғары тұлғалық мазасыздық анықталды.

Жағдайлық мазасыздықтың орташа деңгейі үміткердің өміріндегі белгілі бір жағдайларға немесе оқиғаларға қандай да бір алаңдаушылықпен жауап бере алатынын білдіруі мүмкін. Бұл стресске немесе қоршаған ортадағы өзгерістерге жауап ретінде пайда болатын уақытша тәжірибелер болуы мүмкін. Үміткердің отбасылық өмірдегі өзгерістерге бейімделу қабілетіне әсер етуі мүмкін. Асырап алушы ата-аналардың бала асырап алу мен тәрбиелеуге байланысты динамикаға дайын болуы маңызды.

Жеке мазасыздықтың жоғары деңгейі нақты жағдайларға қарамастан, белгілі бір уақыт аралығында онымен бірге жүруі мүмкін адамның мазасыздықтың жалпы, тұрақты сипатын көрсетеді. Жеке мазасыздық деңгейі жоғары үміткерге айналасындағылардың, соның ішінде балалардың қолдауы мен түсінуі қажет болуы мүмкін. Осы ерекшеліктері бар асырап алушы ата-аналар баланың эмоционалды қажеттіліктеріне мұқият бола алады.

Әртүрлі әдістерді қолдана отырып, әлеуетті асыра алушы ата-аналарды іріктеу нәтижелері тәуекелдерді бөліп қана қоймай, оң және қарама-қайшы типтерді бөліп көрсете отырып, жалғызбасты және отбасылық кандидаттардың типтелген психологиялық портретін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Нәтижелерге байланысты асырап алушы ата-аналар мектебіндегі тренингтің мазмұнын жетілдіруге болады, бұл процесс бірнеше қадамды қамтиды:

1. Ата-аналардағы негізгі өзекті мәселелер мен сұрақтарды анықтау, сабақ барысында оларға жауап табуға көмектесу;
2. Іріктеу барысында анықталған негативті ұстанымдары бар үміткерлерді бақылау, негативті ұстанымдарды жоюға көмектесу және прогрессті қадағалау;

3. Тренинг аяқталғаннан кейін, әлеуетті асырап алушы ата-аналармен қайта психологиялық диагностика жүргізу.

Оң нәтижелерге жету мақсатында қорытынды диагностикадан кейін де отбасыны сүйемелдеу ұсынылады. Ата-ананың баланың қауіпсіздігі мен қолдау ортасын қамтамасыз етуге дайын және қабілетті екенін анықтау мақсатында отбасылық ортаға талдау жүргізу қажет. Отбасының эмоционалды және психологиялық аспектілерін басқаруда қабылдаушы ата-аналарға көмектесу үшін ресурстар мен қызметтерді ұсыну, қажет болған жағдайда, оның ішінде білім беру, денсаулық және басқа да аспектілер бойынша консультациялар мен қолдау көрсету маңызды. Сонымен қатар, егер бұл баланың мүддесі үшін болса, биологиялық ата-аналармен байланыс орнату және қолдау ерекше назарды қажет ететін мәселе болып табылады. Сүйемелдеу отбасына тәрбиелеуге қабылданған баланың дамуы мен әл-ауқаты үшін оңтайлы жағдайларды қамтамасыз ету үшін әртүрлі қызметтер, мамандар мен ресурстар арасында мұқият жоспарлауды, үйлестіруді және ынтымақтастықты қажет етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Алынған эмпирикалық деректерді талдау барысында Қазақстандағы асырап алушы ата-ана болудың мотивтерінің жеткіліксіздігіне және оның мәні мен миссиясы туралы идеялардың бұрмалануына байланысты болжамды тәуекелдер анықталды және жіктелді. Асырап алынған баланы тәрбиелеу туралы шешім қабылдауда мотивацияның жеткіліксіздігімен байланысты тәуекелдер кешені шеңберінде кандидаттардың өз мүдделеріне шоғырлану үрдісі ерекше атап өтіледі, бұл асырап алынған баланың мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін. Әлеуетті қабылдаушы ата-аналарды іріктеу асырап алушы отбасыларды қалыптастыру процесінде маңызды кезең болып табылады. Басса-Дарки және Спилбергер-Ханин сынақтары, сондай-ақ отбасылық социограмма сияқты әртүрлі әдістер мен сынақтарды қолдану үміткердің үлгілі портретін құруға және олардың асырап алушы ата-ана ретіндегі әлеуетін бағалауға мүмкіндік береді. Тұлғалық сынақтар мінез ерекшеліктерін, стресске төзімділік деңгейін, бейімделу дағдыларын және жанжалды жағдайларды шешу қабілеттерін анықтауға көмектеседі. Отбасылық социограмма өз кезегінде отбасылық қатынастар мен отбасылық байланыстар құрылымының визуалды көрінісін ұсынады. Үміткерлерді іріктеудің бұл кешенді тәсілі әлеуетті асырап алушылардың күшті жақтарын анықтап қана қоймай, сонымен қатар оларға қосымша қолдау мен тренинг қажет болуы мүмкін аймақтарды анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай сынақтардың нәтижелерін мұқият түсіндіріп, әрқашан контекст пен мән-жайларды ескеру қажет екенін есте ұстаған жөн. Олар адамның жеке басының толық және түпкілікті сипаттамасын ұсынбайды және шешім қабылдаудың жалғыз критерийі ретінде пайдаланылмауы керек, әсіресе асырап алушы ата-аналарды іріктеу мәселесінде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Горохова, И.В., Бонкало, Т.И. (2009). Психологическое обеспечение подбора кандидатов в приемные родители. *Известия Самарского научного центра Российской академии наук*, 11 (4-6), 1492-1495. <https://cyberleninka.ru/article/n/psihologicheskoe-obespechenie-podbora-kandidatov-v-priemnye-roditeli/viewer>

2. Брецких, Е.А. (2009). Исследование клинико-психологических особенностей семей, ожидающих или имеющих приемных детей (в связи с задачами аналитико-системного семейного психологического сопровождения). *Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена*, (102), 341-348. <https://cyberleninka.ru/article/n/issledovanie-kliniko-psihologicheskikh-osobennostey-semey-ozhidayuschih-ili-imeyuschih-priemnyh-detey-v-svyazi-s-zadachami-analitiko/viewer>

3. Тарабрина, Н., & Майн, Н. (2014). Индивидуальная и межпоколенческая психотравматизация усыновителей и качество приемной семьи (эмпирическое исследование). *Психологические исследования*, 7(34). <https://psystudy.ru/index.php/num/article/view/639>

4. Майн, Н. В. (2014). *Образы родителей у потенциальных усыновителей: эмпирическое исследование. Вестник Костромского государственного университета. Серия: Педагогика. Психология. Социокинетика*, 20 (3), 169-174. <https://cyberleninka.ru/article/n/obrazy-roditeley-u-potentsialnyh-usynoviteley-empiricheskoe-issledovanie/viewer>
5. Куфтяк, Е. В. (2008). *Оценка и отбор приемных родителей: аналитический обзор зарубежных исследований. Вестник Костромского государственного университета. Серия: Педагогика. Психология. Социокинетика*, 14 (3), 257-261. <https://cyberleninka.ru/article/n/otsenka-i-otbor-priemnyh-roditeley-analiticheskiy-obzor-zarubezhnyh-issledovaniy/viewer>
6. Foli K. J. (2010). *Depression in adoptive parents: a model of understanding through grounded theory. Western journal of nursing research*, 32(3), 379–400. <https://journals.sagepub.com/doi/abs/10.1177/0193945909351299>
7. G.W. Bird, R. Peterson, and S.H. Miller. *Factors Associated With Distress Among Support-Seeking Adoptive Parents. Family Relations* 51(3):215 – 220 https://onlinelibrary.wiley.com/doi/full/10.1111/j.17413729.2002.00215.x?casa_token=yhrkAcHGBKwAAAAA%3AlwZyhHbACsq-FBoW42dqVWL5Kwp-pWtJXOi0dXQFd9BDhWy420VwNP9Mxx02wnJgPqoJEcEc4UhWXbZ_Zw
8. Дж. Райкус, Р. Хьюз. *Социально-психологическая помощь семьям и детям групп риска: пер. с англ.: практическое пособие: в 4 т. Т. 4: Размещение и стабильные условия жизни. – М.: изд-во Эксмо, 2009. - 416 с.* https://www.elibrary.ru/ip_restricted.asp?rpage=https%3A%2F%2Fwww%2Eelibrary%2Eru%2Fitem%2Easp%3Fid%3D20101831
9. Лобанова, М. Ю. (2009). *Подготовка и сопровождение приемных родителей: новое направление непрерывного образования. Вестник Ленинградского государственного университета им. А.С. Пушкина, (1 (Педагогика)), 158-163.* <https://cyberleninka.ru/article/n/podgotovka-i-soprovozhdenie-priemnyh-roditeley-novoe-napravlenie-nepreryvnogo-obrazovaniya/viewer>

References:

1. Gorokhova, I. V., Bonkalo, T. I. (2009). *Psychological support for the selection of candidates for foster parents. Proceedings of the Samara Scientific Center of the Russian Academy of Sciences*, 11 (4-6), 1492-1495. <https://cyberleninka.ru/article/n/psihologicheskoe-obespechenie-podbora-kandidatov-v-priemnye-roditeli/viewer>
2. Brekikh, E.A. (2009). *The study of the clinical and psychological characteristics of families expecting or having adopted children (in connection with the tasks of analytical and systemic family psychological support). Proceedings of the A.I. Herzen Russian State Pedagogical University*, (102), 341-348. <https://cyberleninka.ru/article/n/issledovanie-kliniko-psihologicheskikh-osobennostey-semey-ozhidayuschih-ili-imeyuschih-priemnyh-detey-v-svyazi-s-zadachami-analitiko/viewer>
3. Tarabrina, N., & Main, N. (2014). *Individual and intergenerational psychotraumatization of adoptive parents and the quality of the foster family (an empirical study). Psychological Research*, 7(34). <https://psystudy.ru/index.php/num/article/view/639>
4. Main, N. V. (2014). *Images of parents in potential adoptive parents: an empirical study. Bulletin of Kostroma State University. Series: Pedagogy. Psychology. Sociokinetics*, 20 (3), 169-174. <https://cyberleninka.ru/article/n/obrazy-roditeley-u-potentsialnyh-usynoviteley-empiricheskoe-issledovanie/viewer>
5. Kuftyak, E. V. (2008). *Assessment and selection of foster parents: an analytical review of foreign studies. Bulletin of Kostroma State University. Series: Pedagogy. Psychology. Sociokinetics*, 14(3), 257-261. <https://cyberleninka.ru/article/n/otsenka-i-otbor-priemnyh-roditeley-analiticheskiy-obzor-zarubezhnyh-issledovaniy/viewer>
6. Foli K. J. (2010). *Depression in adoptive parents: a model of understanding through grounded theory. Western journal of nursing research*, 32(3), 379–400. <https://journals.sagepub.com/doi/abs/10.1177/0193945909351299>
7. G.W. Bird, R. Peterson, and S.H. Miller. *Factors Associated With Distress Among Support-Seeking Adoptive Parents. Family Relations* 51(3):215 - 220. <https://onlinelibrary.wiley.com>

[/doi/full/ 10.1111/j.1741-3729.2002.00215.x?casa_token=yhrkAcHGBKwAAAAA A%3A1 wZvhHb ACfq-FBoW42dqVWL5Kwp-pWtJXOi0dXQFd9 BDhWy420VwNP9 Mxx02wnJgPqoJEC Ec4 UhWXbZ_Zw](https://doi/full/10.1111/j.1741-3729.2002.00215.x?casa_token=yhrkAcHGBKwAAAAA%3A1wZvhHbACfq-FBoW42dqVWL5Kwp-pWtJXOi0dXQFd9BDhWy420VwNP9Mxx02wnJgPqoJEC%3A4UhWXbZ_Zw)

8. J. Rykus, R. Hughes. *Socio-psychological assistance to families and children of risk groups: translated from English: practical guide: in 4 vols. 4: Accommodation and stable living conditions.* – M.: publishing house of Eksmo, 2009. - 416 p.–https://www.elibrary.ru/ip_restricted.asp?rpage=https%3A%2F%2Fwww%2Eelibrary%2Eru%2Fitem%2Easp%3Fid%3D20101831

9. Lobanova, M. Yu. (2009). *Training and support of foster parents: a new direction of continuing education. Bulletin of the Leningrad State University named after A. S. Pushkin, (1 (Pedagogy)), 158-163.* <https://cyberleninka.ru/article/n/podgotovka-i-soprovozhdenie-priemnyh-roditeley-novoe-napravlenie-nepreryvnogo-obrazovaniya/viewer>

МРНТИ 15.41.21

10.51889/2959-5967.2024.79.2.017

Омарова А.Т.¹ Ержигитова Б.С.¹ Сарыбаева И.С.¹

*¹әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан*

ҚАРТ АДАМДАРДЫҢ БЕЛСЕНДІ ҰЗАҚ ӨМІР СҮРУІНЕ ӘСЕР ЕТЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАР

Аңдатпа

Халықтың қартаюуы – әлем елдерінің қазіргі тенденциясы. Медицинадағы үлкен жетістіктер қарт адамдардың өмір жасын және жұмысқа қабілеттілік деңгейін ұзартуда. Бірақ осы жас кезеңдегі өзгерістерге бейімделу, қиындықтар мен дағдарыстарға қарсы тұруда өздерінің жеке ресурстарын қолдану, қартаюудың жеке стратегиялары әлеуметтік-психологиялық факторлармен тікелей байланысты. Аталған жұмыста қарт адамдардың өмірлік белсенділігін сақтауға мүмкіндік беретін әлеуметтік-психологиялық факторлар талданады және оларды белсенді іс-әрекеттерді жүзеге асыруда тұлғалық факторлар бөліп көрсетіледі. Еліміздегі қарт адамдардың белсенділігін арттырудағы әлеуметтік саясат пен жүзеге асыру тәжірибесі талданады.

Кілт сөздер: қарттық, қарт адам, белсенді ұзақ өмір, өмір сүру ұзақтығы, ішкі ресурс.

Омарова А.Т.¹, Ержигитова Б.¹, Сарыбаева И.С.¹

*¹Казахский национальный университет имени Аль-Фараби,
Алматы, Казахстан*

СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ФАКТОРЫ, ВЛИЯЮЩИЕ НА АКТИВНОЕ ДОЛГОЛЕТИЕ ПОЖИЛЫХ ЛЮДЕЙ

Аннотация

Старение населения – современная тенденция стран мира. Большие достижения в медицине продлевают жизнь пожилых людей и уровень их трудоспособности, но адаптация к изменениям в этом возрастном периоде, преодоление трудностей и кризисов требует использования личных ресурсов, индивидуальных стратегий старения, которые напрямую связаны с социально-психологическими факторами. В данной работе анализируются социально-психологические факторы, позволяющие сохранить жизненную активность пожилых людей и выделяются личностные факторы, способствующие реализации активных

действий. Анализируется практика реализации и социальная политика по повышению активности пожилых людей в нашей стране.

Ключевые слова: старость, пожилой человек, активное долголетие, продолжительность жизни, внутренний ресурс.

Omarova A.T.¹, Yerzhigitova B.S.¹, Saybayeva I.S.¹

*¹Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan*

SOCIO-PSYCHOLOGICAL FACTORS INFLUENCING ACTIVE LONGEVITY IN ELDERLY PEOPLE

Abstract

Population aging is a current trend in countries around the world. Major advancements in medicine have extended the lives and work capacity of elderly people, but adapting to changes during this life stage, overcoming difficulties and crises, requires the use of personal resources and individual aging strategies, which are directly linked to socio-psychological factors. This paper analyzes the socio-psychological factors that help maintain the vitality of elderly people and highlights personal factors that facilitate the implementation of active actions. The practice of implementation and social policy to enhance the activity of elderly people in our country are analyzed.

Keywords: old age, elderly person, active longevity, life expectancy, internal resource.

КІРІСПЕ.

Қазіргі кезеңде қарттар мен егде жастағы адамдардың әлеуметтік-демографиялық топ ретінде қарқынды дамып келе жатқандардың бірі. «Үшінші жастағы» адамдар саны абсолютті емес, салыстырмалы түрде артып келеді, бұл көптеген басқа елдер сияқты Қазақстанның да демографиялық құрылымына әсер етеді. Еліміздегі туу процесінің өсуі халық санының артуы мен өмір сүру ұзақтығының ұлғаюына алып келеді. Елімізде күтілетін өмір сүру ұзақтығы Covid-19 пандемияның алдында 2019 жылы – ерлерде - 68,8 жас, әйел адамдарда - 77,3 жас болса, пандемиядан кейінгі кезеңде 2021 жылы – ер адамдар - 66,33 жасқа, әйел адамдарда - 74,03 жасты құраған [1]. Халықтың қартаюы қоғамның дамуына мүмкіндіктер де, қиындықтар да әкеледі деп саналады. «Барлық жастағы адамдарға арналған қоғам» құру идеясы маңызды міндеттер ретінде қазақстан социумындағы қоғамдық санада қарттықтың жағымды имиджін, қарт адамдарға деген сыйласымдылықты қалыптастыруды, олардың экономикалық әлеуетін пайдалануды алдына қояды.

Соған орай, еліміздегі демографиялық қартаю процесіне байланысты қарт адамдардың әлеуметтік белсенділігін зерттеу өзектілігі артып келеді. «Белсенділік» сөзі қарт адамдардың физикалық белсенділігі немесе жұмыс жасауы ғана емес, сонымен бірге, олардың әлеуметтік, экономикалық, мәдени, рухани және азаматтық өмірге қатысуын білдіреді. Белсенді қартаюдың басты мақсаты еркіндігін және тәуелсіздігін сақтау, физикалық және психикалық денсаулығын нығайту, барлық қарт адамдардың әлеуметтік интеграциясы мен өмір сапасын жақсарту болып табылады. Адамдарға салауатты қартаюға, қарттық шағында белсенді өмір сүруіне мүмкіндік беру үшін олардың осы өмірлік кезеңдеріндегі әлеуметтік белсенділігін арттыру жолдары мен әдістерін, оларға әсер ететін әлеуметтік-психологиялық факторларды зерттеу өзекті.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ.

Қазіргі кезеңде қарттық кезеңдегі белсенділіктің арттыруына қызығушылық жоғарылап келеді. Егде жастағы адамдардың әлеуметтік-психологиялық күй-жайы, олардың қауымдастықтардағы орны мен рөлі, белсенді болудағы ішкі ресурстары, өмір сапасына

көңіл бөлінуде. Қарттардың белсенді болуына әсер ететін факторларды анықтау мақсатында Алматы қаласындағы «Белсенді өмір сүру орталығының» қызметіне жүгінген қарттардан сұхбат алынды. Сұхбатқа зейнеткерлік жастағы 20 адам қатысты. Зерттеудің негізгі міндеттеріне сүйене отырып, қарттардың белсенді өмір сүруіне ықпал ететін ішкі ресурстары, қоғамдық белсенділігіне әсер ететін тұлғалық ерекшеліктері сараланды.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ТАЛДАУ.

Қартаюды үш құрамдас бөліктен тұратын процесс ретінде қарастыруға болады: биологиялық қартаю – организмнің әлсіреуі мен өлім ықтималдығының артуы; әлеуметтік қартаю – мінез-құлық үлгілерінің, мәртебелердің, рөлдердің өзгеруі; психологиялық қартаю – қартаю процесіне бейімделу әдісін, қиындықтарды жеңудің жаңа стратегияларын таңдау. Біз қартаюдың соңғы екі түріне, дәлірек айтқанда, олардың салдарына назар аударамыз.

Э.Эриксон теориясы бойынша, қарттық кезең өмір дамуының соңғы кезеңі болып табылады. Осы кезеңде басынан өткерген дағдарыс бұрынғы өмір жолының аяқталғанын білдіреді және оны шешу осындай жағдайды басынан кешірген адамның қандай жолмен өткенімен байланысты. Сондай-ақ, оның пікірінше, кәріліктің басты міндеті - біртұтастыққа жету, өткен өмірін ішкі қажеттілік және жалғыз мүмкіндік ретінде тану және қабылдау. Біртұтастық өмірдің өткенін және оны өзгертуге болмайтынын түсінуге негізделеді, даналық – өткен өміріндегі шарықтау мен құлдырауларды, қателіктерге ренжімей, жаңадан бастау мүмкін еместігін ескере отырып, өз өмірінді барлық жағдайымен тұтастай қабылдау болып табылады [2].

Қарт адамдардың психологиялық ерекшеліктерін және мәселелерін келесідей жіктеуге болады:

- өзіне деген сенімсіздік, өзін бағалаудың төмендеуі, көңілі толмау;
- жалғыздық, дәрменсіздік, өлімнен қорқу;
- пессимизм, мұңды болу, тез ашулану;
- өзімшілдік, өз дене бітіміне назар аудару;
- болашаққа деген сенімді жоғалту.

Бірақ шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулері қарт адамдардың өмірге, басқа адамдарға, өзіне деген жағымды қатынасының да көптеп көрінетінін де дәлел келтіреді.

Е.И. Холостовада қарттық кезеңдегі дағдарысты екіге бөледі: 1) өзінің өмір сүру кезеңінің аяқталуын қабылдау қажеттілігі; 2) өзінің өткен өмір сүру жылдарындағы орындалмаған өмірлік міндеттерін орындау қажеттілігін қабылдау [3].

Дағдарысты сәтті өткізсе, қарт адамдар осы кезеңде өздерінің өмірлеріне деген көзқарастарын өзгертеді және бұл кезеңді тыныштық пен демалыс кезеңі ретінде қарайтын көзқарастары жойылады. Қарттықты ішкі еңбек пен ішкі қозғалыс кезеңі ретінде қабылдай отырып, үйлесімді өмір сүрудің негізі болып табылатын өз өмірін әрі қарай өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі жобалауды қолға алады.

Геронтологиялық зерттеулерде жалғыздықты жеңудің жеті факторын көрсетеді:

1. сезімге негізделген реакциялар: спирттік ішімдіктерді, есірткіні тұтыну, жыныстық азғындау;
2. діни сипаттағы реакциялар: дұға жасау, діни кітаптарды оқу;
3. ізденушілік әрекеттер: театрға бару, би билеу, курстарға қатысу, ойын ойнау, физикалық белсенділік жолдарын іздеу;
4. әлеуметтік емес әрекеттер: кітап оқу, білім алу, жұмыс жасау;
5. рефлекті жалғыздық: жалғыз жүру, өз өмірі туралы ойлану;
6. тығыз байланыс жасау жолдарын іздеу: басқа адамдармен өз өмірі туралы әңгімелесу, дос табу мүмкіндігі бар жерлерге бару, сенім артуға болатын адамдармен уақыт өткізу;
7. пассивті реакция: ұйқы.

Ересектік жастан қарттықты бөліп алатын хронологиялық шегін анықтау қартаю белгілерінің әр адамда индивидуальды ерекшеліктермен жүретіндіктен нақты негізделмейді. Бұл белгілер адам организмнің функционалды мүмкіндіктерінің біртіндеп төмендеуінен,

денсаулығының нашарлауынан, физикалық күштің құлдырауынан, мүмкіндіктерінің азаюынан көрініс табады. Қартайған адамның қоғамнан алшақтауы, коммуникацияның төмендеуі және өзінің ішкі әлеміне, сүрген өмірінің мән-мағынасына және бағалауымен байланысты алаңдаушылықтарының шоғырлануы жүретіндіктен, қартаю процесі жеделдейді. Қарттарда кездесетін психологиялық және психопатологиялық процестерге мазасыздықтың жоғарылауы, сенімсіздіктің артуы, алданып қалуға деген қорқыныш жатады. Адамдардың қалыпты, толыққанды коммуникацияны сақтауы мен жалғыздыққа мойынсұнбауы – қарттықты кейінге шегереді.

Осы жағдайларға байланысты, қарт адамдардың денсаулық жағдайын қанағаттанарлық жағдайда сақтауға, осы кезеңдегі еңбек ету әрекетін ұзарту мүмкіндігіне ие болу үшін белсенді ұзақ өмір сүру немесе белсенді болу мәселесі ерекше маңыздылыққа ие болады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымның анықтамасы бойынша, «белсенді ұзақ өмір сүру – бұл халықтың қартаю барысында өмір сапасын жақсарту мақсатында денсаулық жағдайын, қатысуын (экономикалық, әлеуметтік, мәдени және т.б.) және қауіпсіздігін жетілдіру процесі [4]. Еуропалық комиссия белсенді ұзақ өмір сүруді «адамдарға өз өмірлері үшін қартайғанша жауапты болуға және экономика мен қоғамға мүмкіндігінше үлес қосуға көмектесетін» [5] процесс ретінде анықтайды

Қарт адамдардың белсенді ұзақ өмір сүруіне көптеген факторлар әсер етеді, соның ішінде психологиялық факторларға ерекше мән беріледі. Себебі, қарттардың әлеуметтік белсенді тұлға, шығаршылық қызмет субъектісі, жеке даралылық ретінде қалыптасуы мен дамуында өзін-өзі ұйымдастыру деңгейінің жоғары болуы, өз өмірі мен өмір салтын, іс-әрекетін саналы реттеу үлкен рөл ойнайды [6].

[4] Зеер Э.Ф. Психология профессионального самоопределения в ранней юности: Учеб. Пособие/Э.Ф. Зеер, О.А. Рудей.– М.:Издательство МПСИ;Воронеж: Издательство НПО «МОДЭК», 2008. –С.236 с.

[5] Кулагина И.Ю. Коллюцкий В.Н. Возрастная психология: Полный жизненный цикл развития человека. Учебное пособие для студентов высших учебных заведений.– М.:ТЦ Сфера, 2006. –С. 154.

[6] Рогов Е.И. Выбор профессии: Становление профессионала. / Е.И. Рогов – М.: ВЛАДОС-ПРЕСС, 2003. –С. 68.

[7] <https://ru.sputnik.kz/20210915/Bolshe-100-podrostkov-v-Kazakhstane-sovershili-suitsid-s-nachala-goda-18140343.html>

[8] Тюшев Ю.В. Выбор профессии: тренинг для подростков СПб.: Питер, 2007. – 689 с.

[9] Пряжников Н.С. ПрофорIENTATION в школе и колледже: игры, упражнения, опросники (8-11 классы). - М.: ВАКО, 2006. - С. 164-168.

References:

[1] Kazakhstan Respublikasynda Bilim berudi damytudyn 2020 - 2025 zhyldarga amalghan bagdarlamasy. – Nur-Sultan. 2020. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>

[2] Atemova K.T. Mamandyk durys tandau – sapali white aludyn kepil. //Materials of the Republican scientific and practical conference on the topic “Radzhabov readings” held in collaboration with international participants. - Tashkent, 2023. – B.17-23.

[3] Magomedova M. G. Professional self-determination of personality // Scientific and methodological electronic journal “Concept”. – 2016. – T. 15. – P. 26–30. – URL: <http://e-koncept.ru/2016/86905.htm>.

[4] Zeer E.F. Psychology of professional self-determination in early youth: Textbook. Allowance/E.F. Zeer, O.A. Rudey.- M.: Publishing House MPSI; Voronezh: Publishing House NPO "MODEK", 2008. - P. 236 p.

[5] Kulagina I.Yu. Kolyutsky V.N. Developmental psychology: The complete life cycle of human development. Textbook for students of higher educational institutions. - M.: TC Sfera, 2006. -P. 154.

[6] Rogov E.I. Choosing a profession: Becoming a professional. / E.I. Rogov - M.: VLADOS-PRESS, 2003. –P. 68.

[7] <https://ru.sputnik.kz/20210915/Bolshe-100-podrostkov-v-Kazakhstane-sovershili-suitsid-s-nachala-goda-18140343.html>

[8] Tyushev Yu.V. Choosing a profession: training for teenagers St. Petersburg: Peter, 2007. - 689 p.

[9] Pryazhnikov N.S. Career guidance in school and college: games, exercises, questionnaires (grades 8-11). - M.: VAKO, 2006.-P. 164-168.

FTAMP: 15.21.41

10.51889/2959-5967.2024.79.2.021

Р.Ж. Базарбекова¹, Ж.А. Жұмабаева^{1}, А.С. Стамбекова²*

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан (e-mail: rabiga68@mail.ru, zh.zhumabayeva@abaiuniversity.edu.kz, stambekova_81@mail.ru)

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АҚЫЛ-ОЙ ИНТЕЛЛЕКТИСІН ДАМУДЫ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДИАГНОСТИКАЛАУ

Аңдатпа

Бастауыш сынып оқушыларының интеллектуалдық қабілеттерін дамыту тақырыбы әрқашан да өзекті екені белгілі, сол себепті де қазіргі заманауи білім беруде баланың ақыл-ойын дамытып, танымдық дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін тиімді оқу тәжірибесін мұқият зерделеу талап етіледі.

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының ақыл-ой интеллектісін дамытуға байланысты ғылыми еңбектерге талдау жасалып, когнитивтік құрылымды түсінуде көмектесетін педагогикалық-психологиялық диагностиканың нәтижелері көрсетілді. Диагностика жасау үшін 6 жастан 9 жасқа дейінгі балаларды тексеруге арналған Равеннің үш серия мен 12 матрицадан тұратын интеллектуалды тесті және Э.Ф.Замбициавичененің 7-9 жастағы балалардың ақыл-ойының даму деңгейін анықтау әдістері (М.В. Назын-оол бейімдеген) қолданылды. Тесттің негізгі міндеті – тексерілетін тұлғаның шамамен ақыл-ой интеллектісінің даму деңгейін анықтау.

Қолданылған тестің сенімділігі мен ішкі сәйкестігін тексеру үшін дисперсия, стандарт ауытқу әдістері қолданылып, талдау нәтижелері көрсетілді. Талдау нәтижелері бастауыш мектеп оқушыларының ақыл-ой интеллектісінің дамуын зерттеуге байланысты бірқатар қиындықтардың бар екенін көрсетті.

Оқытудағы дәстүрлі әдістерді қолдануда бастауыш сынып оқушыларының когнитивті дамуының бірегей ерекшеліктерін ескере бермейтіндігі тест нәтижелері арқылы дәлелденіп отыр, яғни диагностика нәтижелері арқылы оқушылардың ақыл-ой интеллектісін дамытудың тиімді әдістерін әзірлеу үшін үздіксіз зерттеулер қажет екендігіне көз жеткізіліп отыр.

Сондай-ақ мақалада осы міндеттерді шешудің бір жолы ретінде оқушылардың ақыл-ойын нейродидактикалық тәсілдер арқылы дамыту идеясы ұсынылды. Нейродидактикалық тәсілдер, нейрожаттығулар арқылы бастауыш сынып оқушыларының толық интеллектуалдық әлеуетін ашуға мүмкіндік беріледі деп ойлаймыз.

Түйін сөздер: интеллект, диагностика, нейробиілім, нейродидактика, тест, даму деңгейі

Базарбекова Р.Ж¹. Жұмабаева Ж.А^{1*}, Стамбекова А.С²

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан
(e-mail: rabiga68@mail.ru, zh.zhumabayeva@abaiuniversity.edu.kz, stambekova_81@mail.ru)

ПРОБЛЕМЫ ИССЛЕДОВАНИЯ РАЗВИТИЯ УМСТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА УЧАЩИХСЯ МЛАДШИХ КЛАССОВ: ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ И ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ ДИАГНОСТИКА

Аннотация

Известно, что тема развития интеллектуальных способностей учащихся младших классов всегда актуальна, поэтому в современном образовании необходимо тщательно изучать эффективные методы обучения, способствующие развитию ума ребенка и формированию познавательных навыков.

В данной статье проанализированы научные работы, связанные с развитием психического интеллекта младших школьников, и показаны результаты педагогической и психологической диагностики, помогающие понять когнитивную структуру. Для диагностики использовали интеллектуальный тест Равена, состоящий из трех серий и 12 матриц, и методику Е.Ф. Замбициавичене для определения уровня психического развития детей 7-9 лет (адаптированный вариант М.В. Назын-оола).

Основная задача теста – определить примерный уровень развития умственного интеллекта испытуемого. Для проверки надежности и внутреннего соответствия используемого теста использовались методы дисперсии, стандартного отклонения и были показаны результаты анализа. Результаты анализа показали, что существует ряд трудностей, связанных с изучением развития умственного интеллекта учащихся начальных классов.

Результаты теста доказывают, что использование традиционных методов обучения не учитывает особенностей когнитивного развития учащихся младших классов, то есть результаты диагностики подтверждают необходимость постоянных исследований по разработке эффективных методов обучения для развития умственного интеллекта учащихся.

Также в статье предлагается идея развития сознания учащихся нейродидактическими методами как способ решения данных проблем. Мы думаем, что с помощью нейродидактических методов, нейроупражнений удастся раскрыть весь интеллектуальный потенциал учащихся младших классов.

Ключевые слова: интеллект, диагностика, нейрообразование, нейродидактика, тест, уровень развития.

Bazarbekova R.Zh.¹, Zhumabayeva Zh. A.^{1*} Stambekova A.S.²
Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
(e-mail: rabiga68@mail.ru, zh.zhumabayeva@abaiuniversity.edu.kz, stambekova_81@mail.ru)

PROBLEMS OF RESEARCH OF MENTAL DEVELOPMENT INTELLIGENCE OF JUNIOR CLASS STUDENTS: PEDAGOGICAL AND PSYCHOLOGICAL DIAGNOSTICS

Abstract

It is known that the topic of developing the intellectual abilities of primary school students is always relevant, therefore in modern education it is necessary to carefully study effective teaching methods that contribute to the development of the child's mind and the formation of cognitive skills.

This article analyzes scientific works related to the development of mental intelligence of primary schoolchildren, and shows the results of pedagogical and psychological diagnostics that help to understand the cognitive structure. For diagnostics, we used the Raven intellectual test, consisting of three series and 12 matrices, and the method of E.F. Zambitsavichene to determine the level of mental development of children 7-9 years old (adapted version by M.V. Nazyn-oola).

The main objective of the test is to determine the approximate level of development of the test subject's mental intelligence. To verify the reliability and internal compliance of the test used, variance, standard deviation methods were used, and the results of the analysis were shown. The results of the analysis showed that there are a number of difficulties associated with studying the development of mental intelligence in primary school students.

The test results prove that the use of traditional teaching methods does not take into account the characteristics of the cognitive development of primary school students, that is, the diagnostic results confirm the need for constant research to develop effective teaching methods for the development of students' mental intelligence. The article also proposes the idea of developing students' consciousness using neurodidactic methods as a way to solve these problems. We think that with the help of neurodidactic methods and neuroexercises it will be possible to reveal the full intellectual potential of primary school students.

Keywords: intelligence, diagnostics, neuroeducation, neurodidactics, test, level of development.

КІРІСПЕ

Бастауыш мектеп оқушыларының когнитивті дамуында интеллект басты рөл атқарады. Ақпарат барған сайын қолжетімді болып, адамның интеллектуалдық дамуына қойылатын талаптар үнемі өсіп келе жатқан қазіргі әлемде бастауыш сынып оқушыларының білім беру дағдыларын дамыту мәселесі ерекше өзекті болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларының ақыл-ой интеллектісін дамыту педагогтердің, психологтардың, ата-аналардың және балалардың өздерінің бірлескен күш-жігерін қажет ететін көп қырлы және күрделі міндет. Бұл орайда бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілетін дамытудың жас ерекшеліктерін зерттеу, әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, интеллектісін дамытудың кешенді бағдарламаларын әзірлеу қажет.

Оқу үдерісін қызықты және тиімді ету үшін оқытудың әртүрлі әдістері мен технологияларын қолдану, оқушылардың танымдық қабілетін дамытуға жағдай жасау, оқу дағдыларын дамытуда ата-аналармен бірлесіп жұмыс жасау әрбір оқушының жан-жақты дамуына жағдай жасайды, бұл оның мектепте және өмірде одан әрі табысқа жетуінің кепілі болады.

Ақпараттық технологиялар мен өмірдің жылдам қарқынына толы заманауи әлем білім беру, оның ішінде бастауыш мектеп оқушыларының танымдық процестерін дамыту саласында жаңа міндеттер қойып отыр. Өкінішке орай, жетістіктермен қатар балалардың интеллектуалдық дамуына кері әсер ететін жаңа мәселелер де пайда болды.

Соңғы жылдары бастауыш сынып оқушыларының арасында «клипті ойлау» түрі жиі кездеседі. Қысқа бейнематериалдар, суреттер, мемдер түріндегі ақпараттың көптігі балалардан терең талдау мен түсінуді қажет етпейді, дүниені бөлшектеп қабылдауға әкеледі. Зейіннің әртүрлі тапсырмалар арасында (оқу, гаджеттер, қарым-қатынас) үнемі ауысуы балалардың жеткілікті ұзақ уақыт бойы бір нәрсеге зейінін шоғырландыруға мүмкіндік бермейді, бұл зейін мен табандылыққа теріс әсер етеді. Балаларда дене белсенділігінің жетіспеушілігі, яғни компьютерлер мен гаджеттерге құмарлық физикалық белсенділіктің болмауына және төмендеуіне әкеледі, бұл мидың және когнитивтік функциялардың дамуына теріс әсер етеді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, 2020 жылы 5-17 жас аралығындағы балалардың тек 23 пайызы ғана физикалық белсенділіктің ұсынылған деңгейіне жеткен [1].

Интернеттегі қарым-қатынас көбінесе қарапайым фразалар мен жаргондарға дейін қысқарған, бұл баланың сөздік қорының нашарлауына әкеледі және өз ойын жеткізуді қиындатады. Гаджеттерді шамадан тыс пайдалану тәуелділікті тудыруы мүмкін және алаңдаушылыққа, ашуланшақтыққа және ұйқының бұзылуына әкелуі мүмкін, бұл өнімділік пен когнитивті функцияға теріс әсер етеді. Жанды қарым-қатынастың болмауы, яғни байланыстың негізінен онлайн режимінде (чат арқылы сөйлесу) жүзеге асырылуы бетпе-бет сөйлесу дағдылары мен эмоционалдық интеллекттің төмендеуіне әкеледі.

Интернеттегі ақпараттың оңай қолжетімділігі оқуға және білім іздеуге деген ынтасын төмендетеді. Тексерілмеген ақпараттың көптігі балаларды сыни ойлауға және сенімді ақпаратты жалған ақпараттан ажыратуға үйретпейді. Қазіргі әлемдегі көптеген алаңдаушылықтар балаларға уақытты тиімді басқаруды және тапсырмаларды орындауды қиындатады. Осындай келеңсіз мәселелер бастауыш сынып оқушыларының интеллектуалдық қабілеттерінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Бастауыш сынып оқушыларының интеллектуалды әлеуеті кез келген іс-әрекетті нәтижелі орындауынан көрінеді. Интеллект деңгейі тұлғаның жинақтаған білімінің, тәжірибесінің негізінде қаланатын күрделі құрылым.

Орыс психологі Н.А. Менчинская интеллектіні дамыту мәселесі жайлы зерттеулерінде дамуды екі категориямен байланысты қарастырады [2]. Біріншісі, жиналған білім қорының болуы. «Білімсіз адам талқылай алмайды: тәжірибе мен білім көп болған сайын, адам талдауға қабілеттірек болады» деген Блонскийдің сөзіне сүйене отырып, білім ойлаудың интеллектуалды әлеуетін дамытудың қажетті шарты деп тұжырым жасауға болады [3].

Екіншіден, интеллектіні дамыту үшін қажетті білім жинақтауға ықпал ететін операциялар, іскерлікке жататын тексерілген және берік бекіген тәсілдерді меңгеруі қажет [2]. Жоғарыда аталғандарды ескере отырып интеллектіні дамытудың мазмұндық критерийлері (белгілері, көрсеткіштері) жайлы мәселе туындайды. Жалпы критерийлердің тізімін Н.Д. Левитов ұсынған болатын. Оның пікірінше, интеллектуалды әлеуеттің дамуы келесі көрсеткіштермен сипатталады:

1) ойлаудың дербестігі, оқу материалын жылдам әрі анық меңгеру, стандартты емес міндеттерді шешу (яғни дивергенттік ойлау қабілетінің болуы);

2) зияткерлік бағыттылығы (тапқырлық) және жылдамдығы;

3) зерттеу құбылыстарының мәнін терең ұғынуы (шынайы түсінікті ажырата алуы, қиылыстыруға қабілеттілігі);

4) сыни ойлауы (рефлексия), негізсіз пікірлерден аулақ болуы [4].

Интеллект арқылы тұлғаны зерттеуге елеулі үлес қосқан Г.Ю. Айзенк интеллекттің негізгі екі түрін ұсынған: Р-фактор (оқу қабілеті): адамның жаңа тапсырмалар мен дағдыларды меңгеру қабілетін көрсетеді. Р-факторы жоғары адамдар әдетте тез үйренеді, ақпаратты оңай есте сақтайды және стандартты емес тәсілдермен мәселелерді шеше алады. С-фактор (ақпаратты өңдеу жылдамдығы): адамның ақпаратты өңдеу жылдамдығын

анықтайды. С-факторы жоғары адамдар тез ойлауға, мәселелерді тез шешуге және жылдам реакцияларды қажет ететін тапсырмаларды жақсы орындауға бейім [5].

Р-фактор мен С-факторы бір-бірін жоққа шығармайтынын ескеру маңызды. Екі фактордың деңгейі жоғары адамдар әдетте жоғары интеллектке ие және қызметтің көптеген салаларында табысты болады. Р-фактор деңгейі жоғары және С-фактор деңгейі төмен адамдар баяу болуы мүмкін, бірақ олар сонымен бірге жоғары оқуға қабілетті және күрделі мәселелерді шешуге қабілетті. Р-фактор деңгейі төмен және С-факторы жоғары адамдар тез ойлайтын болуы мүмкін, бірақ сонымен бірге оқуда қиындықтар болуы мүмкін. Сондай-ақ, Р-факторы мен С-факторы интеллектті анықтайтын жалғыз факторлар емес екенін атап өткен жөн. Шығармашылық, логикалық ойлау қабілеті, эмоционалдық интеллект, т.б. сияқты басқа да факторлар бар. Әр адамның өзіне ғана тән когнитивтік қабілеттер жиынтығы бар. Р-фактор мен С-факторды білу адамдарға өздерінің күшті және әлсіз жақтарын жақсы түсінуге және олар үшін дұрыс мансап саласын таңдауға көмектеседі. Мұнда Р-факторы мен С-факторы туралы білімді тәжірибеде қалай пайдалануға болады? Мұғалімдер бұл білімді өз оқушылары үшін жекелендірілген оқу бағдарламаларын жасау үшін пайдалана алады. Жұмыс берушілер бұл білімді қызметкерлерді өздеріне сәйкес жұмыс орындарымен сәйкестендіру үшін пайдалана алады. Ата-аналар бұл білімді өз балаларының мүмкіндіктерін дамытуға және іске асыруға көмектесу үшін пайдалана алады.

Зерттеуші Чарльз Спирмен бір-бірімен байланысы жоқ мектеп оқушыларының ұпайлары оң корреляцияға ие болатынын және ол бұл корреляциялар басым фактордың әсерін көрсететінін анықтады, ол жалпы интеллекттің g факторын белгіледі [6].

Ч.Спирмен интеллект тесті нәтижелеріндегі барлық айырмашылықтарды екі фактормен түсіндіруге болатын модельді әзірлеген. Бірінші фактор жеке интеллектуалдық міндеттерге тән, бұл адамға бір интеллект тапсырмасын екіншісіне қарағанда жақсы орындауға мүмкіндік беретін жеке сипаттамалар болып табылады.

Екіншісі – g факторы немесе жалпы интеллект факторы, ол жалпы интеллектуалдық міндеттерді орындаудың сәттілігіне жауап береді. Алайда, Спирменнің теориясы тым қарапайым болып шықты, өйткені ол топтық факторлардың (кеңістіктік жады, визуализация, сөздік қабілет) әсерін елемейді [6].

Түптеп келгенде «шын мәнінде неше интеллект бар?» деген сұраққа тестология нақты жауап бере алмайды. Оның үстіне интеллекттік тестілер сынаққа түсушілердің даралық-психологиялық және жастық ерекшеліктеріне байланысты екендігі байқалады. Бастауыш мектеп оқушыларының интеллект деңгейін анықтауға болатын сан алуан әдістер мен тесттер бар. Дегенмен бұл жерде ешбір тест баланың интеллектінің толық бейнесін бере алмайтынын ескеру маңызды.

Танымал ресей психологі А.Р. Лурия интеллект мәдениеті тұлғаның даму деңгейіне әсер етеді деп санайды. Ол бастауыш сынып жасындағы балалардың миы пластикалық жағынан икемді келетінін, осы жаста балалар әсіресе когнитивті дамуға бейім болатынын анықтаған [7].

Ғалым интеллектінің дамуы мидың әртүрлі бөліктерінің жұмысын біріктіретін күрделі функционалдық жүйелердің қалыптасуы арқылы жүретінін дәлелдеген. А.Р. Лурияның балалардың интеллектісін даму жолдарын зерттеуі қазіргі педагогика үшін үлкен маңызға ие. Оның идеялары бастауыш сынып оқушыларының танымдық функцияларын дамытуға бағытталған көптеген әдістер мен оқыту бағдарламаларын жасауға негіз болды.

Интеллект дегеніміз не және оның қалай жұмыс істейтіні туралы көптеген әртүрлі теориялар бар. Олардың ішіндегі ең танымалы – жалпы интеллект теориясы (g-фактор). Чарльз Спирмен ұсынған бұл теория интеллект барлық когнитивтік қабілеттердің негізінде жатқан біртұтас ортақ фактор екенін айтады. G-фактор деңгейі жоғары адамдар логикалық ойлауды, есептерді шешуді, есте сақтауды және оқуды қажет ететін әртүрлі тапсырмаларды орындауға бейім болады деп санайды.

Жалпы интеллект теориясынан бөлек көп факторлы теориялар бар. G-факторлық теориядан айырмашылығы, көп факторлы теориялар интеллект бірнеше бөлек, бірақ өзара байланысты факторлардан тұрады деп болжайды. Мысалы, Дж.Гильфорд 120 түрлі интеллект факторларын қамтитын күрделі модельді ұсынған [8].

Бастауыш сынып оқушыларын оқытуда басшылыққа алатын негізгі теориялардың бірі – когнитивтік теория. Бұл теория адамдардың ақпаратты қалай өңдеуіне бағытталған. Ол интеллект зейін, есте сақтау, қабылдау, проблемаларды шешу және пайымдау сияқты танымдық дағдылардың жиынтығы деп болжайды.

Соңғы жылдары зерттеушілер нейробиологиялық теорияларды жиі басшылыққа алуда. Бұл теориялар интеллектті ми құрылымы мен қызметі тұрғысынан түсіндіруге тырысады. Зерттеулер көрсеткендей, мидың әртүрлі аймақтары әртүрлі когнитивті функцияларға қатысады. Мысалы, маңдай қыртысы жоспарлауда, мәселені шешуде және шешім қабылдауда маңызды рөл атқарады. Гиппокамп есте сақтау үшін маңызды, ал уақытша кортекс тілді өңдеу үшін маңызды. Кейбір зерттеушілер интеллект адамның оқу және жаңа жағдайларға бейімделу қабілетінің өлшемі деп санайды.

Ми туралы және оның қалай жұмыс істейтіні туралы көбірек білген сайын, біз интеллект табиғатын жақсырақ түсінуіміз мүмкін. Осы орайда, интеллект тұлғаның тұтастай даму деңгейіне әсер ететіндігін ескере отырып, оның бастауыш сынып оқушыларының ақыл-ой интеллектісін дамытуға ықпал ететін нейропедагогика тәсілдерін тереңірек зерттеу қажеттігі айқын көрінеді [8].

Нейропедагогика – ми қызметі мен оқу-тәрбие үдерісі арасындағы байланысты зерттейтін пәнаралық білім саласы. Нейропедагогиканың бастауыш сынып жасындағы балалардың миы қалай дамитындығы туралы түсінікке сүйене отырып, олардың интеллектуалдық дамуы үшін бірқатар идеяларды

Соңғы уақытта шетелдік зерттеуші ғалымдар арасында неврология, психология және нейробілім беру қиылысындағы жаңа ғылым саласы болып табылатын «нейродидактика», «нейропедагогика», «нейробілім» деп аталатын миға негізделген оқытуға үлкен қызығушылық танытып отыр. Олардың арасында бұл ғылым туралы әртүрлі көзқарастар, пікірлер де жоқ емес. Мысалы, интеллект теориясын зерттеумен айналысқан танымал зерттеуші Howard Gardner этикалық мәселелер туралы ескертеді. Оның пайымдауынша, «нейробілімге шамадан тыс көңіл бөлу ресурстарға қол жеткізу арасында теңсіздікке әкелуі мүмкін, яғни нейробілім барлық оқушыға бірдей интеллектуалдық дамуына ықпалы етпеуі мүмкін» дегенді алға тартады [9].

Оқыту және даму неврологиясы бойынша сарапшы Mary Helen Immordino-Yang, бұл жерде әлеуметтік-мәдени контекстті қарастырудың маңыздылығын атап көрсетеді. Ол нейробілім беру құнды түсініктерді ұсынса да, когнитивті дамудағы эмоционалдық және әлеуметтік факторлардың рөліне көлеңке түсірмеуі керек деп санайды [10].

Mary Helen Immordino-Yang нейробиологиядағы жаңа жетістіктер мидың дамуы мен оған мүмкіндік беретін оқу әлеуметтік-эмоционалды тәжірибеге тікелей тәуелді екенін көрсетеді. Мидың дамуына ұйқы мен токсиндер әсер ететінін, жыныстық жетілу сияқты денсаулық пен физикалық даму факторлары да әсер ететіндігін, бұл өз кезегінде әлеуметтік-эмоционалды жұмыс пен танымға әсер ететінін жазған [10].

Білім беру саласындағы психолог John Brueg неврологияның білімге тікелей қолданылуын сынға алады. Ол нейробілім саласы енді ғана қалыптасып келе жатқанын және кейбір мақалаларда, практикада оның мүмкіндіктері асыра айтылғанын алға тартады. Ол педагогтар мен саясаткерлерді жаңылыстыруы мүмкін «нейро-мифтер» деп атайтын нәрселерден сақтандырады [11].

Когнитивті психолог Daniel Willingham сыныптарда нейробілім беруді қолданудың практикалық аспектілері туралы алаңдаушылық тудырады. Ол мұғалімдерге неврологияға негізделген әдістерді тиімді пайдалану үшін дайындық жетіспеуі мүмкін екенін және бұл нәтижелерді практикалық оқыту стратегияларына аудару қиын екенін көрсетеді. Daniel

Willingham мидың қалай үйренетіні, қалай тиімдірек және тиімді оқуға болатынын, емтихандағы стрессті алып тастаудың тәсілдерін үйретеді [12].

Когнитивті психология өкілі David Geary неврология білім беруді хабардар ете алатынымен, көптеген стратегиялар кеңінен қабылдану үшін нақты әлемде мұқият эмпирикалық тестілеу мен тексеруді қажет ететінін ескертеді [13].

Бастауыш сынып оқушыларының интеллектуалдық дамуына нейробілім берудің әсері күрделі және көп қырлы мәселе болып табылады. Білім беру тәжірибесін неврология нәтижелерімен сәйкестендірудің әлеуетті артықшылықтары болғанымен, практикалық енгізуге, этикалық салдарға және ғылыми білімнің қазіргі жағдайына қатысты елеулі қиындықтар мен алаңдаушылықтар бар. Көптеген сарапшылар арасындағы консенсус барлық оқушылар үшін пайдалы және әділ болуын қамтамасыз ету үшін одан әрі зерттеуге және неврологияны білім беру тәжірибесіне мұқият интеграциялауға баса назар аудару керектігін көрсетеді.

Giancarlo Gola еңбектері когнитивті және когнитивті емес процестерді және неврология мен білім беру арасындағы қарым-қатынасты, соның ішінде неврологияның оқыту мен педагогика үшін салдарын түсінуге бағытталған [14].

Доктор Judy Willis оқыту стратегияларын мидың ақпаратты табиғи түрде қалай өңдейтінімен сәйкестендіру арқылы оқытуды айтарлықтай жақсарта алады деп санайды. Ол бұл әдіс есте сақтауды, зейінді және сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын жақсартып, оқушылардың зияткерлік нәтижелерін жақсартады деп санайды [15].

Когнитивтік даму неврологиясының жетекші тұлғасы Adele Diamond ми қызметін ерте жастан дамытудың маңыздылығын атап көрсетеді. Ол мидың пластикасын түсіну тәрбиешілер мен мұғалімдерге дамудың маңызды кезеңдерінде когнитивтік функцияларды нығайтуға, осылайша зияткерлік қабілеттерін арттырып, оқуға бейімдеуге мүмкіндік береді деп болжайды [16].

Нейропедагогика бастауыш сынып оқушыларының интеллектуалдық дамуы үшін қолайлы білім беру ортасын құрудың маңыздылығын атап көрсетеді. Бұл сыныпта қызығушылықты, шығармашылықты және оқуға деген құштарлықты ынталандыратын атмосфера болуы керек дегенді білдіреді. Әрбір баланың дамуының жеке ерекшеліктері болады, сондықтан әр оқушының интеллектісі де әртүрлі. Ендеше әрбір оқушының интеллектуальды дамуындағы күшті және әлсіз жақтарды анықтау – оқушының жеке білім беру бағдарламасын құруға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламалар есте сақтау, зейін, ойлау және сөйлеу сияқты әртүрлі когнитивтік функцияларды дамытуға бағытталады.

ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Зерттеудің мақсаты – анықтаушы эксперименті кезінде бастауыш сынып оқушыларының интеллект деңгейлерін анықтау.

Анықтаушы экспериментке Алматы қаласынан – 5 мектеп (Ozat School, №185 жалпы білім беретін мектеп, №200 мектеп-гимназия, №201 мектеп-гимназия, БІ Алтынсарин атындағы №49 жалпы білім беретін орта мектеп), Қызылорда облысынан – 1 мектеп (№207 «Жаңатұрмыс» орта мектебі) қатысты. Жалпы оқушы саны – 624. Нейродидактикалық контент арқылы бастауыш сынып оқушыларының интеллектісін дамыту мәселесі бойынша оқушылардың мақсатты, мазмұндық, процедуралық және диагностикалық-нәтижелік компоненттерінің көрсеткіштері негізінде интеллект деңгейлері (төмен, орта, жоғары) тексерілді.

Анықтаушы эксперимент кезеңінде зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес Э. Ф.Замбацявичененің оқушылардың ақыл-ой қабілетін анықтауға арналған әдістемесін, «Равеннің прогрессивті матрицалары» вербалды емес интеллект тестін қолдандық.

Анықтаушы эксперимент кезінде бастауыш сынып оқушыларының интеллектісінің даму деңгейін анықтауға арналған тест тапсырмалары құрылды. Тесттің негізгі міндеті – тексерілетін тұлғаның шамамен даму деңгейін анықтау. Баланың даму деңгейін бағалау үшін ұпайларды пайдаланады [17].

Тест вербальды тапсырмалардан тұратын төрт субтесттен тұрады.

I субтест – заттар мен құбылыстардың ерекше белгілерін ажырата білу қабілеті;

II субтест – заттар мен құбылыстарды басты белгілеріне қарай топтап, артығын табу қабілеті;

III субтест – түсініктер мен ұғымдардың арасындағы мағыналық байланыс мен қатынасын анықтай алу қабілеті;

IV субтест – жалпылау белгілерін анықтай алу қабілеті.

Бірінші субтест нәтижесі бойынша зерттелуші оқушының заттар мен құбылыстардың негізгі белгілерін ажырата алу деңгейін анықтадық.

Кесте 1 - I субтест

1.	Бәтеңкеде ... болады.	бау, табан, сырмақ, түйме, жең
2.	Жылы аймақта ... өмір сүреді.	аю, елік, қасқыр, түйе, мүйізтұмсық
3.	Бір жылда ... ай бар.	24, 3, 12, 4, 7 ай
4.	Қыс айлары—...	қыркүйек, қазан, ақпан, қараша, наурыз
5.	Ең үлкен құс— ...	қарға, түйеқұс, торғай, бүркіт, үкі
6.	Раушан — бұл...	жеміс, гүл, ағаш, бұта
7.	Үкі үнемі... ұйықтайды.	түнде, күндіз, кешке, таңертең
8.	Су ылғи да... болады.	мөлдір, суық, сұйық, ақ, тәтті
9.	Ағашта әрқашан... болады.	жапырақ, гүл, жеміс, тамыр, көлеңке
10.	Қазақстан қалалары...	Москва, Лондон, Есіл, Семей, Қытай

Екінші субтест «артық сөзді» табуға беріледі. Бұл әдістеме арқылы алынған нәтиже бойынша бастауыш сынып оқушыларының заттар мен құбылыстарды ортақ белгілеріне қарай топтап, не артық екенін ажырата алу деңгейін анықтадық.

Кесте 2 - II субтест

1.	Қызғалдақ, лалагүл, үрме бұршақ, түймедақ, сарғалдақ
2.	Көл, өзен, теңіз, көпір, шалшық
3.	Қуыршақ, аю, құм, доп, күрек
4.	Алматы, Қызылорда, Семей, Талдықорған, Сырдария
5.	Қайың, терек, карағаш, сексеуіл, жаңғақ
6.	Үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек, шеңбер, көрсеткіш
7.	Айдын, Алмас, Нұрсұлтан, Мұрат, Есенов
8.	Тауық, аққу, түйетауық, қаз, қарлығаш
9.	Сан, бөлу, көбейту, қосу, азайту
10.	Көңілді, жылдам, көңілсіз, ұқыпты, дәмді

Үшінші субтест ұқсастық бойынша ой қорытындысын жасау қабілетін анықтауға құрылған. Ол үшін оқушы түсініктер мен ұғымдардың арасындағы логикалық байланысты түсінуі қажет. Бұл әдістеме арқылы алынған нәтиже бойынша бастауыш сынып оқушыларының мағыналық байланысты ажырата алу деңгейін анықтадық.

Кесте 3 - III субтест

1	алма _____ = лалагүл жеміс _____ = шөп, бұта, бақша, гүл, жер
2	мұғалім _____ = дәрігер оқушы _____ = кереует, ауру, бөлме, термометр
3	көкөніс _____ = бақша сәбіз _____ = аула, алма, құдық, орындық, гүл
4	гүл _____ = құс

	құмыра	тұмсық, шағала, ұя, жұмыртқа
5	қолғап	етік
	қол	шұлық, табан, тері, аяқ, щетка
6	қараңғы	ығал
	жарық	сәулелі, тайғақ, құрғақ, жылы
7	сағат	термометр
	уақыт	әйнек, температура, кереует, ауру
8	машина	қайық
	мотор	өзен, теңізші, шалшық, желкен
9	орындық	ине
	ағаш	өткір, жінішке, жалтыр, жез
10	үстел	еден
	жапқыш	жиһаз, кілем, шаң, тақта, шеге

Төртінші субтест бойынша балалар ұғымдар мен түсініктерді бір сөзбен біріктіретінін анықтадық. Анықтау экспериментін жүргізбес бұрын оқушыларға тапсырма түсінікті болу үшін 2-3 рет осыған ұқсас жаттығулар орындаттық. Егер дұрыс жауап берсе, «неліктен олай?» деп сұрауы керек. Егер өзінің жауабын дәлелдей алса 1 ұпай, ал айта алмаса 0,5 ұпаймен бағаланады.

Кесте 4 - 4 субтест

1.	Сыпырғыш, күрек ...-
2.	Алабұға, мөңке балық ...-
3.	Жаз, қыс... -
4.	Қияр, қызанақ ... -
5.	Бөртегүл, итмұрын... -
6.	Шкаф, диван... -
7.	Күн, түн...-
8.	Піл, құмырсқа... -
9.	Мамыр, маусым ... -
10.	Ағаш, гүл ... -

Анықтау эксперименті кезінде әрбір субтест бойынша баланың жинаған ұпайы есептеледі де, содан соң төрт субтесттің нәтижесі қосылып есептеледі. Зерттелуші төрт субтест бойынша 40 (100% үлгерім бағасы) ұпай жинауы тиіс. Субтест нәтижелері мына формула бойынша есептелді:

$$СН = x \cdot 100\% / 40, \text{ мұнда } x - \text{оқушының жинаған ұпайы}$$

Жинаған субтест нәтижелерін талдай отырып, бастауыш сынып оқушыларының үш деңгейі анықталады:

5-ші деңгей – 40 ұпай (ақыл-ой қабілетінің дамуының жоғары деңгейі);

4-ші деңгей – 32-39 ұпай (орта деңгей);

3-ші деңгей – 26-31,5 ұпай (дамудың жеткіліксіз (орташадан төмен) деңгейі);


2-ші деңгей – 20-25,5 ұпай (төменгі даму деңгейі) ;

1-ші деңгей – 19,5 ұпайдан аз жинағандар (өте төменгі даму деңгейі).

Равеннің прогрессивті матрицалары ақыл-ой жасындағы балалардың ақыл-ойының даму деңгейін анықтауға арналған (бастауыш мектептің 1-4 сыныбы). Равеннің интеллектуалды тестінің түрлі-түсті нұсқасы үш сериядан тұрады: А, АВ, В әр серияда 12 матрицадан тұрады [18].


• **А сериясы:** Оқушы суреттің жетіспейтін бөлігін толықтыруы керек. Осы серияның матрицаларымен жұмыс істеу кезінде келесі негізгі ойлау процестері жүзеге асырылады деп саналады:

о құрылымның негізгі элементтерін саралау және олардың арасындағы байланыстарды ашу. о құрылымның жетіспейтін бөлігін анықтау және оны ұсынылған үлгілермен салыстыру.




Сурет 1 – А сериясының тапсырмасынан үзінді

• **АВ сериясы:** Бұл серияның тапсырмаларын шешу процесі негізгі кескіннің фигураларын талдаудан және жетіспейтін фигураны (аналитикалық-синтетикалық ойлау әрекеті) жинаудан тұрады.



Сурет 2 – АВ сериясының тапсырмасынан үзінді

• **В сериясы:** Осы серияның матрицаларымен жұмыс істегенде, субъект екі жұп фигураның ұқсастығын табады. Ол бұл принципті элементтерді біртіндеп саралау арқылы ашады.



Сурет 3 – В сериясының тапсырмасынан үзінді

Әр тапсырманың дұрыс шешімі бір ұпаймен бағаланады, содан кейін барлық кестелер мен жеке сериялар бойынша ұпайлардың жалпы саны есептеледі. Алынған жалпы көрсеткіш респонденттің интеллектуалдық күшінің, ақыл-ой өнімділігінің индексі ретінде қарастырылады. Жекелеген сериялар бойынша тапсырмаларды орындау көрсеткіштері орташа көрсеткішпен салыстырылады, әрбір серияда алынған нәтижелер мен дені сау зерттелушілердің үлкен топтарын зерттеу кезінде статистикалық өңдеу алған бақылау арасындағы айырмашылықты ескереді және осылайша күтілетін нәтиже ретінде бағаланады. Мұндай айырмашылық алынған нәтижелердің сенімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Алынған ұпайлардың мөлшеріне сәйкес субъектінің интеллектінің даму дәрежесін екі жолмен анықтауға болады:

* пайыздық шкала негізінде;

* субъектінің жасын ескере отырып, алынған ұпайларды IQ-ге аудару және ақыл-ой қабілеттері шкаласы бойынша интеллект деңгейін бағалау.

Кесте 5 - Интеллекттің даму дәрежесінің пайыздық шкаласы

Пайыз	Деңгей
95 және одан жоғары	1 деңгей: тиісті жас тобындағы субъектінің жоғары дамыған интеллектісі
75-95	2 деңгей; осы жас тобы үшін ерекше интеллект
25-74	3 деңгей: берілген жас тобы үшін орташа интеллект
5-24	4 деңгей: интеллект орташа деңгейден төмен
5 және одан төмен	5 деңгей: интеллектуалдық қабілетінің бұзылуы

Кесте 6 - Ақыл-ой қабілеттері шкаласы

IQ көрсеткіштері	Интеллектінің дамуы деңгейі
140 –тан жоғары	өте жоғары, көрнекті интеллект
120 –дан көп	жоғары, ерекше интеллект
110-120	ерекше, жақсы интеллект
100-110	қалыпты, орташадан жоғары интеллект
90-100	орташа интеллект
80-90	әлсіз, интеллект орташадан төмен
70-80	деменцияның аз дәрежесі
50-70	деменция
20-50	имбецилдік, орташа деменция
0-20	ақымақтық, деменцияның ең үлкен дәрежесі

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ

Эксперимент аясында Ozat School, №185 жалпы білім беретін мектеп, №207 «Жанатұрмыс» орта мектебі тәжірибелік мектептер, №200 мектеп-гимназия, №201 мектеп-гимназия, Ы Алтынсарин атындағы №49 жалпы білім беретін орта мектеп бақылау мектептері ретінде таңдалынып алынды.

Э.Ф. Замбавичене әдістемесі бойынша анықтаушы эксперимент кезеңіндегі тәжірибелік мектептердің субтест нәтижелері төмендегі 7-кестеде және 1,2,3-суреттерде ұсынылған.

Кесте 7 – Тәжірибелік мектептердің субтест нәтижелері (пайыздық көрсеткішпен)

Сынып	Оқушы саны			5-деңгей 40 ұпай		4-деңгей 32-39 ұпай			3-деңгей 26-31 ұпай			2-деңгей 20-25 ұпай			1-деңгей 19,5 ұпайдан аз			
	№207 «Жанатұрмыс» орта мектебі	Ozat School	№185 жалпы білім беретін мектеп	№207 «Жанатұрмыс» орта мектебі	Ozat School	№185 жалпы білім беретін мектеп	№207 «Жанатұрмыс» орта мектебі	Ozat School	№185 жалпы білім беретін мектеп	№207 «Жанатұрмыс» орта мектебі	Ozat School	№185 жалпы білім беретін мектеп	№207 «Жанатұрмыс» орта мектебі	Ozat School	№185 жалпы білім беретін мектеп			
1	19	7	28	11%	3%	15%	6,3 %	3%	8%	32%	1%	35%	6,3 %	5 %	9%	5,2%	18%	%
2	22	9	25	14%	%	3%	2%	%	2%	23%	%	16%	8,1 %	8 %	2%	14%	59%	7%
3	23	1	26	9%	,3 %	5,8%	0,4 %	7,2 %	5,1 %	30,4%	5,4%	31%	%	%	%	22%	9%	1,1 %
4	2	5	22	32%	%	5,4%	3%	2%	9%	18,1%	8%	33,4 %	4%	%	0,2 %	14%	8%	2%

№207 «Жанатұрмыс» орта мектебінің 1-сынып оқушыларының 5,2% ақыл-ой қабілетінің дамуы өте төменгі деңгейді көрсетсе, 26,3% төменгі даму деңгейін, 32% дамудың жеткіліксіз (орташадан төмен) деңгейін, 26,3% дамудың орта деңгейін көрсетсе, оқушылардың 11% ақыл-ой қабілетінің дамуының жоғары деңгейде екендігін аңғаруымызға болады. Оқушылардың ақыл-ой қабілетінің дамуының деңгейі көпшілігінде (63,5%) орташа деңгейден төмен (өте төмен + төмен + жеткіліксіз) екіндігін аңғаруға болады. Бұл олардың ақыл-ой қабілеттерін дамытудың орташа деңгейіне жету қиынға соғатынын көрсететін маңызды үлес екіндігін айтуымыз керек. Оқушылардың тек 26,3% - ы орташа даму деңгейінде. Оқушылардың кішігірім сегменті ғана (11%) жоғары дамуды көрсетеді, бұл кейбір оқушылардың өз сыныптастарынан тыс ақыл-ой қабілеттерімен ерекшеленетінін көрсетеді.

Осы мектептің 2-сынып оқушыларының 14% ақыл-ой қабілеттенің дамуы өте төменгі деңгейді көрсетсе, 18,1% төменгі даму деңгейін, 23% дамудың жеткіліксіз (орташадан төмен) деңгейін, 32% дамудың орта деңгейін көрсетсе, оқушылардың 14% ақыл-ой қабілетінің дамуының жоғары деңгейде екендігін аңғаруымызға болады. Орташа деңгейден төмен көрсеткішті көрсеткен оқушылардың жалпы 55,1% - ы (өте төмен + төмен + жеткіліксіз) маңызды бөлшектерді ажыратуды, жалпылауды және логикалық пайымдауды қажет ететін тапсырмаларда қиындықтарға тап болатынын көрсетеді. Оқушылардың 14%-ы жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын қажет ететін танымдық тапсырмаларды орындай алатын шағын топты құрайды.

3-сынып оқушыларының 22% ақыл-ой қабілеттенің дамуы өте төменгі деңгейді көрсетсе, 9% төменгі даму деңгейін, 30,4% дамудың жеткіліксіз (орташадан төмен) деңгейін, 30,4% дамудың орта деңгейін көрсетсе, оқушылардың 9% ақыл-ой қабілетінің дамуының жоғары деңгейде екендігін байқаймыз.

4-сынып оқушыларының 14% ақыл-ой қабілеттенің дамуы өте төменгі деңгейді көрсетсе, 14% төменгі даму деңгейін, 18,1% дамудың жеткіліксіз (орташадан төмен) деңгейін, 23% дамудың орта деңгейін көрсетсе, оқушылардың 32% ақыл-ой қабілетінің дамуының жоғары деңгейде екендігін көруге болады.

Ozat School 1-сынып оқушыларының 18% ақыл-ой қабілеттенің дамуы өте төменгі деңгейді көрсетсе, 25% төменгі даму деңгейін, 21% дамудың жеткіліксіз (орташадан төмен) деңгейін, 23% дамудың орта деңгейін көрсетсе, оқушылардың 13% ақыл-ой қабілетінің дамуының жоғары деңгейде екендігін байқаймыз.

2-сынып оқушыларының 59% ақыл-ой қабілеттенің дамуы өте төменгі деңгейді көрсетсе, 28% төменгі даму деңгейін, 7% дамудың жеткіліксіз (орташадан төмен) деңгейін, 7% дамудың орта деңгейін көрсетсе, оқушылардың 0% ақыл-ой қабілетінің дамуының жоғары деңгейде екендігін аңғаруымызға болады.

3-сынып оқушыларының 9% ақыл-ой қабілеттенің дамуы өте төменгі деңгейді көрсетсе, 9% төменгі даму деңгейін, 45,4% дамудың жеткіліксіз (орташадан төмен) деңгейін, 27,2% дамудың орта деңгейін көрсетсе, оқушылардың 4,3% ақыл-ой қабілетінің дамуының жоғары деңгейінде.

4-сынып оқушыларының 8% ақыл-ой қабілеттенің дамуы өте төменгі деңгейді көрсетсе, 8% төменгі даму деңгейін, 28% дамудың жеткіліксіз (орташадан төмен) деңгейін, 52% дамудың орта деңгейін көрсетсе, оқушылардың 6% ақыл-ой қабілетінің дамуының жоғары деңгейін көрсетті.


№185 жалпы білім беретін мектептің 1-сынып оқушыларының 15% ақыл-ой қабілеттенің дамуы өте төменгі деңгейді көрсетсе, 19% төменгі даму деңгейін, 35% дамудың жеткіліксіз (орташадан төмен) деңгейін, 28% дамудың орта деңгейін көрсетсе, оқушылардың 3% ақыл-ой қабілетінің дамуының жоғары деңгейде екендігін аңғаруымызға болады.

2-сынып оқушыларының 37% ақыл-ой қабілеттенің дамуы өте төменгі деңгейді көрсетсе, 32% төменгі даму деңгейін, 16% дамудың жеткіліксіз (орташадан төмен) деңгейін, 12%


дамудың орта деңгейін көрсетсе, оқушылардың 3% ақыл-ой қабілетінің дамуының жоғары деңгейде екендігін көруге болады.

3-сынып оқушыларының 31,1% ақыл-ой қабілеттенің дамуы өте төменгі деңгейді көрсетсе, 7% төменгі даму деңгейін, 31% дамудың жеткіліксіз (орташадан төмен) деңгейін, 25,1% дамудың орта деңгейін көрсетсе, оқушылардың 5,8% ақыл-ой қабілетінің дамуының жоғары деңгейінде.


4-сынып оқушыларының 12% ақыл-ой қабілеттенің дамуы өте төменгі деңгейді көрсетсе, 10,2% төменгі даму деңгейін, 33,4% дамудың жеткіліксіз (орташадан төмен) деңгейін, 39% дамудың орта деңгейін көрсетсе, оқушылардың 5,4% ақыл-ой қабілетінің дамуының жоғары деңгейін көрсетті.



Сурет 1 - №207 «Жаңатұрмыс» орта мектебінің анықтаушы эксперимент кезеңіндегі субтест нәтижелері



Сурет 2 – «Ozat School» анықтаушы эксперимент кезеңіндегі субтест нәтижелері



Сурет 3 - №185 жалпы білім беретін мектептің анықтаушы Эксперимент кезеңіндегі субтест нәтижелері

Э.Ф. Замбадавичене әдістемесі бойынша анықтаушы эксперимент кезеңіндегі бақылау мектептерінің субтест нәтижелері төмендегі 8-кестеде және 4,5,6-суреттерде ұсынылған.

Кесте 8 – Бақылау мектептерінің субтест нәтижелері


Сынып	Оқушы саны			5-деңгей 40 ұпай			4-деңгей 32-39 ұпай			3-деңгей 26-31 ұпай			2-деңгей 20-25 ұпай			1-деңгей 19,5 ұпайдан аз		
	№200 мектеп гимназия	№201 мектеп гимназия	№49	№200 мектеп гимназия	№201 мектеп гимназия	№49	№200 мектеп гимназия	№201 мектеп гимназия	№49	№200 мектеп гимназия	№201 мектеп гимназия	№49	№200 мектеп гимназия	№201 мектеп гимназия	№49	№200 мектеп гимназия	№201 мектеп гимназия	№49
1	25	29	28	15,4 %	17, 2%	14%	22 %	28 %	25 %	28%	34,4 %	25%	24 %	14 %	19 %	10%	7%	17 %
2	23	31	25	23%	19, 3%	17%	21 %	29 %	22 %	22%	26%	21%	17 %	19, 3 %	20 %	17%	6,4%	20 %
3	26	28	23	19,3 %	18 %	15%	27 %	25 %	23 %	24%	21,4 %	25%	16 %	14, 2 %	18 %	13,7 %	21,4 %	19 %
4	24	30	29	25%	27 %	22%	25 %	20 %	26 %	25%	23,3 %	27%	13, 4%	17 %	18 %	11,6 %	13,3 %	7%

№201 мектеп-гимназиясындағы 1-сынып оқушыларының 7% ақыл-ой қабілеттенің дамуы өте төменгі деңгейді көрсетсе, 14% төменгі даму деңгейін, 34,4% дамудың жеткіліксіз (орташадан төмен) деңгейін, 28% дамудың орта деңгейін көрсетсе, оқушылардың 17% ақыл-ой қабілетінің дамуының жоғары деңгейде екендігін аңғаруымызға болады. Оқушылардың ақыл-ой қабілетінің дамуының деңгейі көпшілігінде (55,4%) орташа деңгейден төмен (өте төмен + төмен + жеткіліксіз) екіндігін аңғаруға болады. Бұл олардың ақыл-ой қабілеттерін дамытудың орташа деңгейіне жету қиынға соғатынын көрсететін маңызды үлес екіндігін айтуымыз керек. Оқушылардың тек 28% - ы орташа даму деңгейінде. Оқушылардың кішігірім сегменті ғана (17%) жоғары дамуды көрсетеді, бұл кейбір оқушылардың өз сыныптастарынан тыс ақыл-ой қабілеттерімен ерекшеленетінін көрсетеді.

Осы мектептің 2-сынып оқушыларының 6,4% ақыл-ой қабілеттенің дамуы өте төменгі деңгейді көрсетсе, 19,3% төменгі даму деңгейін, 26% дамудың жеткіліксіз (орташадан төмен) деңгейін, 29% дамудың орта деңгейін көрсетсе, оқушылардың 19% ақыл-ой қабілетінің дамуының жоғары деңгейде екендігін аңғаруымызға болады. Орташа деңгейден төмен көрсеткішті көрсеткен оқушылардың жалпы 54,7% - ы (өте төмен + төмен + жеткіліксіз) маңызды бөлшектерді ажыратуды, жалпылауды және логикалық пайымдауды қажет ететін тапсырмаларда қиындықтарға тап болатынын көрсетеді. Оқушылардың 19%-ы жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын қажет ететін танымдық тапсырмаларды орындай алатын шағын топты құрайды.


3-сынып оқушыларының 21,4% ақыл-ой қабілеттенің дамуы өте төменгі деңгейді көрсетсе, 14,2% төменгі даму деңгейін, 21,4% дамудың жеткіліксіз (орташадан төмен) деңгейін, 25% дамудың орта деңгейін көрсетсе, оқушылардың 18% ақыл-ой қабілетінің дамуының жоғары деңгейде екендігін байқаймыз.

4-сынып оқушыларының 13,3% ақыл-ой қабілеттенің дамуы өте төменгі деңгейді көрсетсе, 17% төменгі даму деңгейін, 23,3% дамудың жеткіліксіз (орташадан төмен) деңгейін, 20% дамудың орта деңгейін көрсетсе, оқушылардың 27% ақыл-ой қабілетінің дамуының жоғары деңгейде екендігін көруге болады.



Сурет 4 - №200 мектеп-гимназиясы анықтаушы эксперимент кезеңіндегі субтест нәтижелері

Сурет 5 - №201 мектеп-гимназиясы анықтаушы эксперимент кезеңіндегі субтест нәтижелері



Сурет 6 - Ы Алтынсарин атындағы №49 жалпы білім беретін орта мектептің анықтаушы эксперимент кезеңіндегі субтест нәтижелері

Равеннің прогрессивті матрицалары әдістемесі негізінде субъектінің интеллектінің даму дәрежесін пайыздық шкаламен анықтауды жөн көріп отырмыз. Тәжірибелік мектептердің нәтижелер 9-кестеде және 7,8,9 -суреттерде ұсынылған.

Кесте 9 – Тәжірибелік мектептердің Равен тесті бойынша нәтижелері (пайыздық көрсеткішпен)

Сынып	Оқушы саны			I деңгей 95%			II деңгей 75-94%			III деңгей 25-74%			IV деңгей 5-24%			V деңгей 5% аз		
	№207 «Жанатұрмыс» орта мектебі	Ozat School	№185	№207 «Жанатұрмыс» орта мектебі	Ozat School	№185	№207 «Жанатұрмыс» орта мектебі	Ozat School	№185	№207 «Жанатұрмыс» орта мектебі	Ozat School	№185	№207 «Жанатұрмыс» орта мектебі	Ozat School	№185	№207 «Жанатұрмыс» орта мектебі	Ozat School	№185
1	9	7	28	16%	0%	7,7%	2,1 %	5%	3%	21%	3%	26,1 %	6%	8 %	3%	5,2%	4%	%
2	2	0	25	18,1 %	%	12,7 %	6,3 %	5%	2%	18,1%	0%	48,3 %	8,1 %	%	%	9%	0%	%
3	3	1	26	4,3%	%	7%	2,1 %	5,4 %	9%	35%	45,4 %	54%	%	%	%	9%	0%	%
4	2	1	22	36,3 %	7,2 %	9%	7,2 %	4,5 %	8%	18,1%	8,1%	56%	5%	%	%	14%	0%	1 %

№207 «Жанатұрмыс» орта мектебінің 1-сыныбынан алынған тест нәтижелері бойынша оқушылардың 16% субъектінің жоғары дамыған интеллектісі деңгейін көрсетті. 42,1% осы жас тобы үшін ерекше интеллектті, 21% берілген жас тобы үшін орташа интеллект, 16% интеллект орташадан төмен деңгейін, ал оқушылардың 5,2% интеллектуалдық қабілетінің бұзылуын анықтадық. Бұл логикалық ойлауды, мәселелерді шешу дағдыларын, сондай-ақ перцептивті қатынастар мен дерексіз ойлауды қалыптастыру қабілетін бағалайтын Равен тестімен өлшенетін жоғары танымдық қабілеттері бар сыныптың ерекше жоғары үлесін көрсетеді. Интеллектісі орташа деңгейден төменді көрсеткен және интеллектуалдық қабілетінің бұзылуы көрініс тапқан оқушыларға қосымша қолдауды қажет екенін көрсетеді.

2-сынып бойынша оқушылардың 18,1% субъектінің жоғары дамыған интеллектісі деңгейін көрсетті. 36,3% осы жас тобы үшін ерекше интеллектті, 18,1% берілген жас тобы үшін орташа интеллект, 18,1% интеллект орташадан төмен деңгейін, ал оқушылардың 9% интеллектуалдық қабілетінің бұзылуын анықтадық. Оқушылардың 58,1% өз жас топтары үшін интеллектінің ортадан жоғары деңгейін көрсетеді. 21% интеллекті дамуының орта деңгейі бар. Бұл сыныптың әрбір бестен бір бөлігінде олардан күтілетін нәтижеге ие екендігін байқаймыз. 1 және 2-сыныптарда орташадан төмен деңгейді, интеллектуалдық қабілеттің бұзылуын көрсеткен оқушылар үлгіні тану, логикалық ойлау және Равен тестімен өлшенетін басқа танымдық процестерге қатысты тапсырмаларды орындауда қиындықтарға тап болуы мүмкін.

3-сынып бойынша оқушылардың 4,3% субъектінің жоғары дамыған интеллектісі деңгейін көрсетті. 52,1% осы жас тобы үшін ерекше интеллектті, 35% берілген жас тобы үшін орташа интеллект, 0% интеллект орташадан төмен деңгейін, ал оқушылардың 9% интеллектуалдық қабілетінің бұзылуын анықтадық.

4-сыныпта оқушылардың 36,3% субъектінің жоғары дамыған интеллектісі деңгейін көрсетті. 27,2% осы жас тобы үшін ерекше интеллектті, 18,1% берілген жас тобы үшін орташа интеллект, 4,5% интеллект орташадан төмен деңгейін, ал оқушылардың 14% интеллектуалдық қабілетінің бұзылуын байқадық.

Ozat School 1-сыныбынан алынған тест нәтижелері бойынша оқушылардың 10% субъектінің жоғары дамыған интеллектісі деңгейін көрсетсе, 45% осы жас тобы үшін ерекше интеллектті, 23% берілген жас тобы үшін орташа интеллект, 18% интеллект орташадан төмен деңгейін, ал оқушылардың 4% интеллектуалдық қабілетінің бұзылуын аңғардық.

2-сынып бойынша оқушылардың 5% субъектінің жоғары дамыған интеллектісі деңгейін көрсетті. 45% осы жас тобы үшін ерекше интеллектті, 50% берілген жас тобы үшін орташа интеллект, 0% интеллект орташадан төмен деңгейін, ал оқушылардың 0% интеллектуалдық қабілетінің бұзылуын көрсетті.

3-сынып бойынша оқушылардың 9% субъектінің жоғары дамыған интеллектісі деңгейімен ерекшеленді. 45,4% осы жас тобы үшін ерекше интеллектті, 45,4% берілген жас тобы үшін орташа интеллект, 0% интеллект орташадан төмен деңгейін, ал оқушылардың 0% интеллектуалдық қабілетінің бұзылғандығы белгілі болды.

4-сыныпта 27,2% оқушының жоғары дамыған интеллектісі деңгейін көрсеткендігін байқасақ, 54,5% осы жас тобы үшін ерекше интеллектті, 18,1% берілген жас тобы үшін орташа интеллект, 0% интеллект орташадан төмен деңгейін, ал оқушылардың 0% интеллектуалдық қабілетінің бұзылуы анықталды.


№185 жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбынан алынған тест нәтижелері бойынша оқушылардың 7,7% субъектінің жоғары дамыған интеллектісі деңгейін көрсетсе, 53% осы жас тобы үшін ерекше интеллектті, 26,1% берілген жас тобы үшін орташа интеллект, 23% интеллект орташадан төмен деңгейін, ал оқушылардың 8% интеллектуалдық қабілетінің бұзылуын аңғардық.

2-сынып бойынша оқушылардың 12,7% субъектінің жоғары дамыған интеллектісі деңгейін көрсетті. 32% осы жас тобы үшін ерекше интеллектті, 48,3% берілген жас тобы


үшін орташа интеллект, 5% интеллект орташадан төмен деңгейін, ал оқушылардың 2% интеллектуалдық қабілетінің бұзылуын көрсетті.

3-сынып бойынша оқушылардың 7% субъектінің жоғары дамыған интеллектісі деңгейімен ерекшеленді. 29% осы жас тобы үшін ерекше интеллектті, 54% берілген жас тобы үшін орташа интеллект, 3% интеллект орташадан төмен деңгейін, ал оқушылардың 7% интеллектуалдық қабілетінің бұзылуын анықталды.


4-сыныпта 9% оқушының жоғары дамыған интеллектісі деңгейін көрсеткендігін анықтадық. 38% осы жас тобы үшін ерекше интеллектті, 56% берілген жас тобы үшін орташа интеллект, 5% интеллект орташадан төмен деңгейін, ал оқушылардың 11% интеллектуалдық қабілетінің бұзылуын байқадық.



Сурет 7 - №207 «Жаңатұрмыс» орта мектебінің анықтаушы эксперимент кезеңіндегі Равен тесті бойынша нәтижелері



Сурет 8 – «Ozat School» анықтаушы эксперимент кезеңіндегі Равен тесті бойынша нәтижелері



Сурет 9 - №185 жалпы білім беретін мектептің анықтаушы эксперимент кезеңіндегі Равен тесті бойынша нәтижелері

Бақылау мектептерінің нәтижелері 10-кестеде және 10,11,12 -суреттерде ұсынылған.

Кесте 10 – Бақылау мектептердің Равен тесті бойынша нәтижелері (пайыздық көрсеткішпен)


Сынып	Оқушы саны			I деңгей 95%			II деңгей 75-94%			III деңгей 25-74%			IV деңгей 5-24%			V деңгей 5% аз		
	№200 мектеп гимназия	№201 мектеп гимназия	Ы Алтынсарин атындағы №49 жалпы білім беретін орта мектеп	№200 мектеп гимназия	№201 мектеп гимназия	Ы Алтынсарин атындағы №49 жалпы білім беретін орта мектеп	№200 мектеп гимназия	№201 мектеп гимназия	Ы Алтынсарин атындағы №49 жалпы білім беретін орта мектеп	№200 мектеп гимназия	№201 мектеп гимназия	Ы Алтынсарин атындағы №49 жалпы білім беретін орта мектеп	№200 мектеп гимназия	№201 мектеп гимназия	Ы Алтынсарин атындағы №49 жалпы білім беретін орта мектеп	№200 мектеп гимназия	№201 мектеп гимназия	Ы Алтынсарин атындағы №49 жалпы білім беретін орта мектеп
1	5	9	28	%	%	10%	1%	4,4 %	9%	22%	7,5%	21%	0%	1%	9%	8 %	0,3%	21%
2	3	1	25	1%	3%	9%	6%	5,4 %	1%	25%	9,3%	26%	3%	2,5 %	6%	%	0%	18%
3	6	8	23	6%	4,2 %	13%	0%	2,1 %	0%	28%	2,1%	31%	%	,1%	,4 %	8 %	4,2%	17,6%
4	4	0	29	3%	0%	24%	3%	0%	1%	24%	0%	25%	%	%	%	%	3,3%	4%

№201 мектеп-гимназиясының 1-сыныбынан алынған тест нәтижелері бойынша оқушылардың 7% субъектінің жоғары дамыған интеллектісі деңгейін көрсетті. 34,4% осы жас тобы үшін ерекше интеллектті, 27,5% берілген жас тобы үшін орташа интеллект, 21% интеллект орташадан төмен деңгейін, ал оқушылардың 10,3% интеллектуалдық қабілетінің бұзылуын анықтадық.


Экспериментальная работа, ориентированная на сравнение современного состояния службы психолого-педагогической поддержки в сельской и городской школах, способствовала изучению следующих вопросов: создание психологических стратегий в организациях образования, для преодоления трудностей в обучении учащихся с ООП; разработка комплекса нейропсихологических тренингов, для развития когнитивных навыков. Решение данных задач были осуществлены с помощью следующих мер: дифференцированы психологические причины особых образовательных потребностей; разработаны индикаторы учебных достижений учащихся с ООП; подобраны эффективные методы развития социально-когнитивных навыков.

К исследованию также были привлечены педагоги и родители учащихся с ООП. В целях профилактики членов педагогического коллектива от синдрома «профессионального выгорания» были проведены тренинги психологической поддержки. Разработан и представлен комплекс современных психологических стратегий, направленных на укрепление толерантности родителей, для успешного обучения, свободного развития и эффективной социализации учащихся с ООП.

В результате экспериментальных работ, проведенных в сельских школах Жамбылской области и организациях образования г. Тараз, службы по психолого-педагогическому сопровождению учащихся с ООП были обеспечены инновационными методиками, что позволило им построить свою деятельность по-новому – ориентироваться на результат. В рамках концепции «каждому ученику – пристальное внимание», в образовательных пространствах средних школ, удалось добиться повышения успеваемости учеников, на основе принятия личностных особенностей каждого ребенка, уважительного отношения и квалифицированной помощи. Результаты исследования положительно повлияли на развитие когнитивного потенциала образовательных пространств школ, оптимизировав процесс решения психологических проблем инклюзивного образования

Ключевые слова: обучающиеся с особыми образовательными потребностями, психологическое сопровождение, когнитивные навыки, преодоление трудностей обучения, нейропсихологические тренинги, психологические стратегии.

M.P. Ospanbayeva^{1*}, A.K. Rysbekova², R.S. Kinzhekova³, P.I. Iskakova², Zh.B. Burayeva²

¹M.H. Dulati Taraz State University, Republic of Kazakhstan, Taraz city

²International Kazakh-Turkish University named after H.Yasavi, Turkestan city

³West Kazakhstan University of Innovation and Technology, Uralsk city

*Omachabba@mail.ru

STUDY OF THE DEVELOPMENT OF SOCIAL AND COGNITIVE SKILLS IN THE PROCESS OF PSYCHOLOGICAL SUPPORT OF STUDENTS WITH SPECIAL EDUCATIONAL NEEDS

Abstract

This article discusses the trend of developing socio-cognitive skills in educational organizations, by increasing the effectiveness of special conditions aimed at students with special educational needs (SEN). The effectiveness of methods of psychological support that ensure the optimal integration of students into the normative educational space is analyzed.

Experimental work, focused on comparing the current state of the psychological and pedagogical support service in rural and urban schools, contributed to the study of the following issues: the creation of psychological strategies in educational organizations to overcome difficulties in teaching students with SEN; development of a set of neuropsychological trainings for the development of cognitive skills. The solution of these problems was carried out with the help of the following measures: differentiated the psychological causes of special educational needs; indicators of educational achievements of students with SEN have been developed; Effective methods for the development of social and cognitive skills have been selected.

Teachers and parents of students with SEN were also involved in the study. In order to prevent members of the teaching staff from the syndrome of "professional burnout", psychological support trainings were conducted. A set of modern psychological strategies aimed at strengthening the tolerance of parents for successful learning, free development and effective socialization of students with SEN has been developed and presented.

As a result of experimental work carried out in rural schools of the Zhambyl region and educational organizations in Taraz, the services for psychological and pedagogical support of students with SEN were provided with innovative methods, which allowed them to build their activities in a new way - focus on the result. Within the framework of the concept of "close attention to each student", in the educational spaces of secondary schools, it was possible to achieve an increase in the academic performance of students, based on the acceptance of the personal characteristics of each child, respectful attitude and qualified assistance. The results of the study had a positive impact on the development of the cognitive potential of educational spaces in schools, optimizing the process of solving psychological problems of inclusive education.

Keywords: Students with special educational needs, psychological support, cognitive skills, overcoming learning difficulties, neuropsychological training, psychological strategies.

КІРІСПЕ. Қазіргі Қазақстан жағдайында «ұлттың жаңа болмысын қалыптастыру» идеясы өзекті болып табылады. Осы үрдіс аясында инклюзивті білім беруді жандандыру және психологиялық қызметті жаңғырту маңызы зор. Өйткені қазіргі оқушылар жаңаны тез қабылдайтын зеректігімен және айтпағыңды емеурініңнен ұғатын сезімталдығымен айрықшаланады. Мұндай қарқынды даму ортасына ЕББҚ оқушыларды табысты ендіру психологиялық сүйемелдеу үрдісінің толыққанды қызмет атқаруын талап етеді. Сондықтан, білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі жаңа буын балаларының әлеуметтік-когнитивтік сұраныстарына сай бола отырып, ұлт сапасын арттыруға бағдарланған стратегиялық мақсатты негізге алуы тиіс.

Заманауи білім беру парадигмасы оқытудың негізгі міндеттерінің бірі ретінде, мектеп оқушыларының әлеуметтік-когнитивтік дағдыларын жетілдіру және оларды нақты өмір жағдайына бейімдеу үрдісіне бағдарланады. Осы ретте ЕББҚ оқушыларды қалыпты білім беру кеңістігіне ендіруді барынша қамту және психологиялық-педагогикалық қолдау – инклюзивті мектептердің басты талабы. ЕББҚ оқушылардың жеке білім беру траекториясы қазіргі мектептердің басым көпшілігінде формальды түрде анықталады, сондықтан оның нәтижелілігі де кемшін. 2022-жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау қағидаларын» бекітті [1].

Аталған ереже негізінде жүзеге асырылатын психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің әлсіздігі бірнеше факторларға байланысты: біріншіден, білім беру ұйымдарының «жайлы орта» қатынасына негізделместен, әлі күнге дейін «кедергісіз кеңістік» және «қауіпсіз орта» қағидалары бойынша жұмыс жасаулары; екіншіден, оқу-тәрбие кеңістігінің ЕББҚ оқушылардың когнитивтік қажеттіліктеріне сәйкессіздігі; үшіншіден, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі әлеуетінің жеткілікті мамандандырылмауы және төртіншіден, ата-аналар тарапынан балалардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыру сұраныстары мен талаптарының төмендігі. Аталған мәселелердің шешімін табу мақсатында, зерттеу стратегиясы анықталды: білім беру ұйымдарында ЕББҚ оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің іс-әрекет аясын мониторингтеу. Инклюзивті орта педагогтары мен психологтарының сүйемелдеу бағыттары келесі іс-шаралар арқылы айқындалды: ЕББҚ оқушының оқу қиындықтарын еңсеру үрдісін зерделеу және олардың ортамен өзара әрекеттесуін үйлестіру жұмыстарын бақылау.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін, ЕББҚ оқушылардың ерекше білім қажеттіліктерінің психологиялық себептерін зерттеу жоспарланды. Ол үшін И.Елисеева мен А.Ерсаринаның психологиялық-педагогикалық диагностиканы жүргізу кезінде басымдық берілуі тиіс деп тұжырымдаған тетіктері басшылыққа алынды: оқу әрекетінің мотивациясы, өзін-өзі ұйымдастыруы, іс-әрекеттерін жоспарлауы, мұғалімнің ауызша нұсқауын орындауы және ережелерге бағынуының қалыптасу дәрежесі; жұмыс қабілеттілігі; белсенділік қарқыны; сондай-ақ, оқу жұмысының қандай формалары ЕББҚ оқушыларға оқу материалын жақсы түсінуге көмектесетінін анықтау [2].

Білім беру ұйымдарында ЕББҚ оқушылардың әлеуметтік-когнитивті дамуы олардың нәтижелі оқуының алғышарты болып табылады. Сондықтан, баланың даму әлеуеті есепке алына отырып, жеке білім беру траекториясы құрылады. Бұл іс-шара педагог-психологтың сынып жетекшісімен, пән мұғалімдерімен, арнайы мамандармен және әлеуметтік педагогпен бірлескен әрекеті негізінде атқарылады. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі нақты шешімдерге бағдарланған әдістемелер мен заманауи стратегиялармен қамтамасыз етіліп, жүйелі және үздіксіз кәсіби қызмет көрсетілген жағдайда, ЕББҚ оқушылардың оқу нәтижелері тұрақтанып, бала біртіндеп қалыпты үрдіске қосыла бастайды. Осылайша ЕББҚ оқушыларды психологиялық сүйемелдеу үрдісі білім беру іс-әрекетінің психологиялық компонентін күшейтіп, қолдау қызметінің мазмұнын жаңа дәуірге сай инновациялармен толықтыру арқылы, балалардың ортаға жылдам бейімделіп, қатарға тез қосылуын қамтамасыз етеді.

ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ. Психологиялық-педагогикалық қолдау – білім алушылардың өзекті мәселелерін шешу мүмкіндігін қамтамасыз ететін шарттарды құруға бағыттала отырып ұйымдастырылатын іс-әрекет. Оның басты қағидалары тұлғаға дер кезінде көмек көрсетумен қатар, ЕББҚ оқушының осы үдерістің қиыншылықтарын өздігінен жеңіп шығуына ықпал ету және тұлғалық қалыптасуына жауапкершілікпен қарауға баулу. Бұл туралы В.М. Толстошина білім беру ұйымдарында ЕББҚ оқушыларды психологиялық сүйемелдеу үрдісі баланың жеке басының еркіндігі мен жауапкершілігін сақтай отырып, оның оң дамуына жағдай жасау мақсатында, білім беру процесіне қатысушылардың барлығының іс-әрекеттерінің бірлігі ретінде қарастырылатындығын атап көрсетті [3].

Зерттеушілер Е.И. Гайдарова, Е.В. Кузьмичева ЕББҚ оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің негізгі мақсаты «баланы оқытуға бейімдеуден бұрын, дамудың жаңа әлеуметтік жағдайына сәтті енуін қамтамасыз ету» деп анықтады [4, – 114 б.].

Инклюзивті білім беру жағдайында, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру мазмұнына байланысты, зерттеушілер пікірлері әрқилы. Мәселен, Е.В. Горшкова білім беру ұйымдарында ЕББҚ оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді төрт бағыт бойынша жүргізу керектігін ұсынады: бірінші бағытты бейімделу кезеңі деп атап, баламен және оның отбасы мүшелерімен жүргізілетін жұмыстарға басымдық береді; екінші бағытты оқушының қарым-қатынасын реттеу үрдісіне жұмылдыру деп анықтайды; үшінші бағытты оқыту үрдісіне бағдарлану кезеңі ретінде атайды; төртінші бағыт педагогикалық ұжыммен жұмысты қамтуы тиістігін көрсетеді [5].

Н.В. Басалаева, Т.В. Казакова, Ж.А. Левшунова еңбектерінде психологиялық сүйемелдеу жүйесіндегі ең маңызды нәрсе ЕББҚ оқушылардың «оқу мотивациясын дамыту, білімді игеруге ұмтылысын арттыру және оқу жетістіктерін қамтамасыз етуге бағытталу; ал басқа нәтижелер осы міндетпен қатар жүреді және негізгі мақсат – баланың сапалы білім алуына қол жеткізу басымдығы», – деп анықтайды [6, – 57 б.].

Білім беру ұйымдарында ЕББҚ оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі қызметтеріне Л.П. Феталиева, Э.А. Абдулатипова сынды зерттеушілер ақпараттық, бағыттаушы және дамытушы функцияларды жатқызады. Психологиялық сүйемелдеудің басты қағидаларының бірі ретінде «өзара диалогтық іс-қимыл және алқалылық» ұстанымын бөліп көрсете отырып, бұл осы үрдіске қатысатын мамандардың құндылықтардың бірыңғай жүйесі шеңберінде, өзара сыйластық негізіндегі бірлескен іс-әрекеттерін айқындайтынын тұжырымдайды. Авторлардың пікірінше, ЕББҚ оқушылардың «сынып ұжымындағы психологиялық мәртебесін және жеке басындағы өзгерістерді жүйелі түрде қадағалап отыру» қажет [7, – 251 б.].

Жоғарыда келтірілген мысалдар және жалпы тәжірибе негізінде, ЕББҚ оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі талапқа сай ұйымдастырылған жағдайда келесі жетістіктердің қолжетімді болатыны тұжырымдалады:

– біріншіден, ЕББҚ оқушының әлеуметтік-когнитивті дамуы нәтижесінде оқу қиындықтары еңсеріледі, ортамен өзара әрекеттесуі жақсарады және мінез-құлқындағы мәселелер реттеледі;

– екіншіден, ЕББҚ оқушының жеке білім траекториясын құру үрдісі оның әлеуетіне негізделі жүзеге асырылатын болады.

Зерттеуді жүзеге асыру барысында қолданылған негізгі әдістердің бірі – нейропсихологиялық сынақтар. ЕББҚ балаларлардың оқу қиындықтары көп жағдайда зейін тапшылығының салдары болып табылады. Сондықтан, гипербелсенді оқушылардың оқу қиындықтарын еңсеру үшін жазу, оқу және санау сынды негізгі оқу дағдыларын меңгере алмау себептері анықталады. Ол үшін ЕББҚ оқушылардың тиімді мнемоникалық стратегияларды қолдану, сөздердің дерексіз анықтамаларын беру, тілдік метафораларды талдау қабілеттерін қадағалап, балалардың ауызша және жазбаша әңгімелерінде кейіпкерлердің ойлары мен сезімдерін сипаттауларына көңіл бөлген жөн. Сондай-ақ, математикалық есептерді бірнеше амалдармен шеше білу, әртүрлі өлшем бірліктерін қолдану және оларды кері есептеу іскерлігі қалыптасуы қажет. Оқу әрекеті ЕББҚ оқушылардың когнитивтік іс-әрекетімен қатар, олардың айналасындағылармен қарым-қатынасын және өзіндік бағасының сипатын да өзгертетіндіктен, зерттеу барысы әлеуметтік-когнитивті сфераны дамытуға бағдарланды.

Нейропсихологиялық диагностика – жоғары психикалық функция ерекшеліктері мен мидың морфофункционалды күйінің байланысын орнату мақсатында, арнайы сынақтар жиынтығын қолдана отырып, жүргізілетін зерттеу [8].

Диагностика негізінде А.В. Семеновичтің «алмастырушы онтогенез» әдістемесіне [9], сондай-ақ когнитивтік функцияларды, оларға кіретін компоненттерді дамытуға және

реттеуге бағытталған Т.А. Фотекова, А.В. Цветков, О.К. Обидина әдістемелеріне негізделген жеке нейропсихологиялық бағдарламаларды қолдану қарастырылды [10-12].

Дамыту жұмыстары аптасына 3 реттен, бір тоқсан бойында жүргізілді. Сеанстардың ұзақтығы ЕББҚ оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес 20-40 минут аралығын құрады. Нейропсихологиялық бағдарламалар мазмұны сенсомоторлы түзетуді, когнитивті дамытуды және психоэмоционалды реттеуді қамтыды. Нәтижелерді бақылау бастапқы және қорытынды диагностикалау арқылы жүзеге асырылды.

Зерттеу барысында нейропсихологиялық сынақтардың когнитивті дамудың келесі индикаторларының артуына ықпал ететіні анықталды:

- ✓ ЕББҚ оқушылардың өзін-өзі бақылау деңгейі жоғарылайды;
- ✓ зейінділік көлемі ұлғаяды және назарды шоғырландыруы, тұрақтандыруы жоғарылайды;
- ✓ ерікті есте сақтау деңгейі артады;
- ✓ дерексіз ойлау, жалпылау және санаттау сынды интеллектуалды қабілеттер дамиды;
- ✓ оқу іс-әрекетіне қызығушылық, табандылық, тәуелсіздік, дербестік таныла бастайды;
- ✓ тапсырмаларды орындау бұрынғыдай қиындық тудырмайтын болады;
- ✓ жазу жұмыстарындағы қателіктер саны едәуір азаяды;
- ✓ жасырын және бейнелі мағынаны түсіну қабілеті жақсарады.

ЕББҚ оқушылар арасында психикалық дамудың кешеуілдеу жағдайлары жиі кездеседі; ол көп ретте зейінсіздік салдары болып табылады. Сонымен қатар мұндай балаларда мазасыздық, қобалжу, әрекеттердің импульсивтігі, қызбалылық сынды мінез көріністері жиі кездеседі. Бұлардың барлығы ЕББҚ оқушылардың ортамен өзара әрекеттесуіне кедергі келтіреді. Зерттеу барысында білім беру ұйымдарының психологиялық-педагогикалық қолдау қызметтерімен бірлесе отырып, мұндай балалардың психофизиологиялық табиғаты, ерекшеліктерінің сипаты және қызығушылықтарының аясы анықталып, оларды жақсартудың психологиялық модельдері ұсынылды.

НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛДАУ. Зерттеудің практикалық аспектілері екі бағытта жүзеге асырылды: психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі және ЕББҚ оқушылардың даму әлеуеті. Білім беру ұйымдарындағы ЕББҚ оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің қазіргі жағдайын мониторингілеу Тараз қаласының Ш.Смаханұлы атындағы №44 мектебі (шартты түрде ЭА-1) және Жуалы ауданының Түктібай ауылындағы М.Әуезов атындағы орта мектепте (шартты түрде ЭА-2) жүргізілді.

Эксперимент алаңдарында зерттеуге тартылған мамандардың саны:

- ✓ ЭА-1: 22
- ✓ ЭА-2: 18

Инклюзивті білім беру үрдісінің оқу-тәрбие кеңістігіне және әдістемелік ахуалына сараптама жасалды:

- 1) ЕББҚ оқушылар туралы мәліметтерді жинау, тіркеу және өңдеу тетіктері сараланды;
- 2) психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының құзыреттіліктерінің шеңбері зерделенді.

Бақылау, мониторинг және құжаттарды талдау әдістерінің көмегімен келесі мәселелер анықталды: инклюзивті, яғни шеттетпейтін білім беру идеяларының жүзеге асырылу сапасы және мамандардың арнайы кәсіби құзыреттіліктерінің дәрежесі. Ямбург-Забрамная әдістемесінің негізінде 13 шкала бойынша жасалған сараптама нәтижесі 1-кестеде бейнеленді.

1-кесте: Эксперимент алаңдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің сапасы

№	Бағалау шкалалары	ЭА-1	ЭА-2	Орташа мән
1	Мамандардың психологиялық-педагогикалық бақылау жүргізу іскерлігі	2,8	2,6	2,7
2	Мамандардың ЕББҚ оқушыларды бақылау барысында, олардың даму ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі қиындықтарды анықтау қабілеті	2,6	2,6	2,6
3	Психологиялық тәсілдермен балаға жеке көмек көрсету қабілеттігі	2,7	2,7	2,7
4	Психологиялық-педагогикалық консилиум жұмысы аясында басқа мамандармен өзара әрекеттесуге дайын болуы	2,8	2,7	2,75
5	Балаларды шынайы оқу мүмкіндіктеріне, тәртіп ерекшеліктеріне, психикалық және денсаулығының жағдайына тәуелсіз қабылдай алу дәрежесі	2,9	3,0	2,95
6	Дарынды, қалыпты, дамуында ерекшеліктері бар кез-келген балаға көмек көрсетуге дайын болу сынды кәсіби ұстанымдарының дәрежесі	2,9	3,0	2,95
7	Педагогтардың психологиялық сүйемелдеу қызметі мамандарының құжаттарын түсіне білу деңгейі	2,6	2,5	2,55
8	Сынып жетекшілерінің басқа мамандармен бірлестікте ЕББҚ оқушыны дамытудың жеке бағдарламасын жасау іскерлігі	2,5	2,5	2,5
9	Психологтардың түзете-дамыту жұмысының арнайы әдістерін меңгеруі	2,6	2,5	2,55
10	Психологтардың баланың даму динамикасын қадағалау іскерлігі	2,7	2,7	2,7
11	Педагогтардың балалар ұжымында қабылданбай жүргендерді қорғай алу біліктілігі	2,6	2,8	2,7
12	Сынып жетекшілерінің ұжымда балалар арасындағы қарым-қатынасты реттеу қабілеті	2,6	2,8	2,7
13	Сынып жетекшілерінің бала дамуы мен оны оқыту үрдісінде туындайтын қиындықтарды шешуде ата-анамен өзара әрекеттесе алу іскерлігі	2,6	2,6	2,6
Қорытынды		2,68	2,69	2,685

Зерттеу нәтижесін өңдеу үрдісінде ауыл мектебі мен қала мектебі арасындағы айырмашылық 0,01-ді көрсетті. 3 баллдық жүйеде (1-ең төмен, 3-ең жоғары) бағаланған шкалалар аясындағы айырмашылықтар келесі мазмұнда айқындалды:

✓ ЭА-1 басымдықтары – мамандардың бақылау іскерлігі (1), консилиум аясындағы өзара әрекеттестік (4), құжаттарды түсіне білу (7), түзете-дамыту жұмысының әдістерін меңгеру (9);

✓ ЭА-2 басымдықтары – ЕББҚ оқушыларды қабылдау (5), оларға көмек көрсетуге даярлық (6), шеттетілген балаларды қорғай алу (11), ұжымдағы қарым-қатынасты реттеу (12);

✓ тең көрсеткіштер – қиындықтарды анықтау (2), жеке көмек көрсету (3), даму динамикасын қадағалау (10), ата-анамен өзара әрекеттестік (13);


✓ ең жоғары бағаланған шкалалар (2,95) – ЕББҚ оқушыларды қабылдау (5), оларға көмек көрсетуге даярлық (6);

✓ ең төмен бағаланған шкала (2,5) – сынып жетекшілерінің басқа мамандармен бірлестікте ЕББҚ оқушыны дамытудың жеке бағдарламасын жасауы (8).

Зерттеу нәтижелері білім беру ұйымдарындағы ЕББҚ оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінде мамандардың өзара іс-қимылын арттыру және жеке білім траекториясын жасауды жетілдіру қажеттігін анықтады.

Эксперимент жұмыстары ЕББҚ оқушылардың әлеуметтік-когнитивті даму деңгейлерін зерттеуге ұласты. Эксперимент алаңдарындағы сыналушылар саны: ЭА-1: 12; ЭА-2: 8. Нейропсихологиялық тексерулер А.В. Семеновичтің «алмастырушы онтогенез» әдістемесінің көмегімен жүргізілді. Сыналушылардың когнитивті даму деңгейі жас ерекшеліктеріне орай, логикалық тапсырмалар арқылы тексерілді. «Артығын тап», «Ұғымдарды салыстыру», «Топтастыру», «Ортақ белгілер» әдістемелері оқу жетістіктеріне қажетті интел-

лектуалдық қызметтерді анықтауға бағдарланған. ЕББҚ оқушылардың нейропсихологиялық диагностика нәтижесі 1-суретте бейнеленді: ЭА-1 (көк), ЭА-2 (сары).



1-сурет: ЕББҚ оқушыларды нейропсихологиялық тексеру көрсеткіші (% есебімен)

Эксперимент алаңдарындағы ЕББҚ оқушылардың когнитивті дамуын жетілдіру үшін оқу жетістіктерінің индикаторларын құрастыру қарастырылды. Индикаторлар – ерекше білім қажеттіліктерін азайтып, бұл факторды біртіндеп қалыпты жағдайға айналдыруға байланысты тәуекелдерді іске қосу үрдісінің алғышарты. ЕБҚ оқушылардың жетістіктерінің индикаторларын құру үрдісінде, нәтижелерді анықтап-тіркеу әдістері мен өлшеу жиілігі қоса қамтылды. Зерттеу үрдісінде сыналушылардың когнитивті даму индикаторлары анықталды: зейінділігі және назарды шоғырландыру тұрақтылығы, ерікті есте сақтау деңгейі, жалпылау және салыстыру, жасырын және бейнелі мағынаны түсіну қабілеттері. Аталған индикаторлар жазу қателерінің азаюы, тапсырмаларды орындау қиындықтарының бәсеңдеуі, оқу іс-әрекетінде дербестіктің пайда болу өзгерістеріне әкеледі. Оқу қиындықтарын еңсерудің психологиялық-педагогикалық стратегияларын құру үшін, ЕББҚ оқушылардың қабылдау ерекшеліктері, ойлау операциялары, зейіннің тұрақтылығы, есте сақтау және қайта жаңғырту сынды психикалық процесстерінің даму деңгейлерін арттыру нейропсихологиялық жаттығулар арқылы жүзеге асырылды.

Зерттеудің келесі кезеңінде ЕББҚ оқушылардың ортамен өзара әрекеттесуін жақсартудың психологиялық аспектілері қарастырылды. Білім беру ұйымдарында «Фигура және фон» концепциясын басшылыққа ала отырып, гештальт-терапия негізінде ЕББҚ оқушы мен оның сыныптастарына бағдарланған жеке және топтық тренингтер сериясы дайындалып, жүргізілді. Нәтижелер «ортамен әрекеттестіктің» артуына бағдарлана отырып, ЕББҚ оқушылардың мінез-құлқындағы мәселелерді реттеуді көздеді. Ребефингтік тәсілдер және медитативті техникалар арқылы, балалардың жүйке жүйесін тыныштандыру – психиканы тұрақтандыруға ықпал ететін тренингтерді жүйелі түрде, күнделікті, үздіксіз жүргізу және оған аффирмациялар мен визуализацияны қосу нәтижеліліктің анағұрлым артуына ықпал етті. Мектеп психологтарының көмегімен 6 апта көлемінде жүргізілген психокоррекциялық сеанстардан кейін, ЕББҚ балалардың жағдайын қорытынды бақылау ұйымдастырылды. «Түйінді шеш», «Бақташы», «Жоқ әріпті жаз», «Равен-Айзенк әдістемесі» сынды тәсілдердің көмегімен жүргізілген эксперименттен кейінгі тексеру қорытындысы едәуір ілгерілеуді көрсетті (2-кесте).

2-кесте: Экспериментке дейінгі (Э.Д.) және эксперименттен кейінгі (Э.К.) когнитивті даму нәтижелері


Эксперимент алаңдары	Бақылау әдістері							
	зейінділік		логика		ырықтық сала		заңдылықты ұғу	
	Э.Д.	Э.К.	Э.Д.	Э.К.	Э.Д.	Э.К.	Э.Д.	Э.К.
ЭА-1	92	92	75	80	84	86	88	90
ЭА-2	88	90	62	68	75	80	84	88

Білім беру ұйымдарында ЕББҚ оқушылардың оқу ресурстары, олардың отбасыларын және ұстаздарды кәсіби-психологиялық қолдау арқылы қамтамасыз етіледі. Зерттеу эксперимент алаңдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының инклюзивті білім беру құзыреттілігін арттыру және жалпы білім беретін ұйымдарға қосылған ЕББҚ оқушыларды мектеп кеңістігіне оңтайлы бейімдеу, оларға қатысты қамқорлық-сақтық тәртібін сақтау, инклюзивті білім берудің құндылық бағдарына қатысты мәселелерді қамтыды. Оқушының отбасымен кеңесу нәтижесінде ЕББҚ балаларға оң әсер етудің тиімді психологиялық стратегиялары құрылды: ЕББҚ оқушы мен оның сыныптастарына бағдарланған жеке және топтық тренингтер сериясы әзірленіп, бір тоқсан бойына аптасына 3 реттен жүргізіліп отырды. Ортамен әрекеттестікті нығайту әлеуметтенудің мызғымас алғышарты болып табылады.

Зерттеу барысында жүзеге асырылған іс-шаралардың бір парасы – ЕББҚ оқушылардың ата-аналарын психологиялық қолдау және ұстаздарды «кәсіби күй» жағдайынан сақтандыру. Ол үшін ақпараттық семинарлар, іскерлік ойындары, тренингтер ұйымдастырылып, өткізілді.

ЕББҚ оқушыларды психологиялық сүйемелдеу үрдісінде, әлеуметтік-когнитивті дағдылардың даму динамикасын зерттеудің салыстырмалы нәтижесі ЭА-1 эксперименталды алаңындағы басымдықты көрсетті. Мәселен, эксперименттен кейінгі нәтиже бойынша зейінділік деңгейі 2%-ға, логикалық даму 12%-ға, ырықтық саланың 6%-ға, заңдылықтарды ұғыну деңгейінің 2%-ға артық екені белгілі болды. Эксперимент алаңдарындағы зерттеу кезеңдері 2-суретте көрнекі түрде бейнеленді.

ЕББҚ оқушылардың когнитивті даму динамикасы



Зерттеу қорытындысы білім беру ұйымдарында ЕББҚ оқушыларды психологиялық сүйемелдеу үрдісінде, әлеуметтік-когнитивті дағдылардың дамуын үш бағытта жүзеге асыру тиімділігін ұсынады: оқу қиындықтарын еңсерудің нейропсихологиялық стратегиялары,

ортамен өзара әрекеттесуді жақсартудың мінез-құлықтық тренингтері, жеке бас мәселелерін реттеудің аутотренингтері. ЕББҚ оқушылардың әлеуметтік-когнитивті дамуы олардың табысты әлеуметтенуі және нәтижелі оқуы үшін маңызды алғышарттар болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ. Білім беру ұйымдарында ЕББҚ оқушыларды психологиялық сүйемелдеу үрдісіне мониторинг жасау барысында ауыл мектебі мен қала мектебінің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің арасында айтарлықтай айырмашылықтың жоқ екені анықталды. Дегенмен, мәселені тереңдеп зерттей бастағанда ұйымдастыру-әдістемелік және психологиялық-педагогикалық қатынас тұрғысынан өзгешеліктер бар екені белгілі болды. Мәселен, ЕББҚ оқушылардың психикалық және денсаулық жағдайы, оқу мүмкіндіктері мен тәртіп ерекшеліктеріне қарамастан, басқа балалармен бірдей қабылдау, сондай-ақ оларға көмек көрсетуге дайын болу, қорғау, өзара қарым-қатынастарды реттеу сынды жоғары жанашырлық әрі кәсіби ұстаным дәрежесі тұрғысынан ауыл мектебінің мамандары бір саты жоғары тұрды. Ал қала мектебінің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары құжаттармен жұмыс, түзету-дамыту әдістерін жан-жақты меңгеру, өзара әрекеттестік сынды сапалар басымдығымен ерекшеленді. Мониторинг барысында білім беру ұйымдарының психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жіті назар аударуы тиіс мәселе де анықталды; ол – ЕББҚ оқушыны дамытудың жеке бағдарламасын жасаудың әлсіздігі. Осы орайда, эксперимент алаңдарына, инклюзивті сынып жетекшілерінің басқа мамандармен өзара бірлестікте жұмыс жасау стратегиялары бойынша нақты ұсыныстар және әдістемелік нұсқаулықтар ұсынылды.

Зерттеудің екінші кезеңінде ЕББҚ оқушылардың әлеуметтік-когнитивті дағдыларының дамуы зерттелді. Эксперимент алаңдарында мектеп психологтары 20 (12/8) баламен оқу қиындықтарын еңсеру, мінез-құлықтық және ортамен қатынасты реттеуге байланысты диагностикалар мен нейропсихологиялық тренингтер, өзара әрекеттестікті жақсартуға бағдарланған жеке және топтық тренингтер жүргізді. Эксперименттік жұмыстардың тиімділігі келесі көрсеткіштерден білінеді: ЕББҚ оқушылардың зейінділік деңгейі 2,0 пайызға, логикалық дамуы 12 пайызға, ырықтық саланың 6,0 пайызға және заңдылықтарды ұғыну дәрежелерінің 2,0 пайызға артқан. Сынақтардың нәтижелері ЕББҚ балалардың қалыпты ортаға жылдам әрі жеңіл қосылуы үшін, психологиялық сүйемелдеу үрдісіне жаңа мазмұн беріп, инновациялық әдістермен толықтыру қажеттілігін анықтады.

Эксперимент аясында инклюзивті сынып педагогтарын кәсіби күюден сақтандыру мақсатында, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарына, сондай-ақ ЕББҚ оқушылардың ата-аналарына да психологиялық сүйемелдеу іс-шаралары жүргізілді. Олардың нәтижелілігі рефлексия және кері байланыс арқылы бағаланды.

Зерттеу білім беру ұйымдарында ЕББҚ оқушыларға бағдарланған арнайы жағдай ахуалына мониторинг жасау аясында, олардың қалыпты үрдіске жылдам әрі оңтайлы қосылуларының алғышарты болып табылатын әлеуметтік-когнитивті дағдыларды дамыту, сондай-ақ психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің тиімділігін арттыру бойынша нақты мәселелер мен оларды шешу жолдарын ұсынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы: ҚР БжҒМ 12.01.2022ж., № 6 бұйрығы (ҚР Әділет министрлігінде тіркелуі 18.01.2022ж., № 26513). – Астана, 2022.
2. Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: методические рекомендации. – Алматы: ННПЦ КП, 2019. – 118 с.
3. Толстошечина В.М. Анализ понятия «психологическое сопровождение» в российской литературе // Психологические подходы к изучению личности в системе «человек – общество»: международный сборник научных статей. – София: Свети Николе, 2018. Стр. 165-169.

4. Гайдарова Е.И., Кузьмичева Т.В. Особенности психолого-педагогического сопровождения инклюзивного образования в дошкольных образовательных организациях // *Инновационные научные исследования*. – М., 2021. № 4-2 (6). Стр. 112-118. <https://doi.org/10.5281/zenodo.4782038>
5. Горшкова Е.В. Психолого-педагогическое сопровождение учащихся с особыми образовательными потребностями в условиях инклюзии // *Международный научный вестник*. – 2016. – № 5-3. URL: <https://eduherald.ru/ru/article/view?id=15950> (дата обращения: 20.11.2023).
6. Психологическое сопровождение детей с особыми потребностями: учебное пособие / Н.В. Басалаева, Т.В. Казакова, Ж.А. Левишунова; под ред. Ж.А. Левишуновой. – Красноярск: Сиб. федер. ун-т, 2020. – 77 с.
7. Феталиева Л.П., Абдулатипова Э.А. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми возможностями и образовательными потребностями в инклюзивном образовании // *Образование и право: Педагогические науки*, №5. Москва, - 2020. Стр. 249-253.
8. Батракова, М.А. Возможности нейропсихологической коррекции в преодолении учебных трудностей у младшего подростка с синдромом дефицита внимания и гиперактивностью // *Молодой ученый*. 2022. № 20 (415). С. 208-210. URL <https://moluch.ru/archive/415/91672/> (дата обращения: 20.11.2023).
9. Семенович А.В. Программа коррекционной работы в школе. Психолого-педагогическое сопровождение образовательного процесса. – М.: Дрофа, 2015. 112 с. ISBN: 978-5-358-14570-2.
10. Фотекова Т.А. Динамика высших психических функций в младшем подростковом возрасте // *Евразийский союз ученых*. 2020. № 5. С. 10–12.
11. Цветков А.В. Методы нейропсихологической коррекции синдрома дефицита внимания с гиперактивностью // *Московский психолого-социальный институт*. 2010. № 4. С. 33–40.
12. Обидина О.К. Методы нейропсихологической диагностики. Учебно-методическое пособие. – Бишкек: Кыргызско-российский славянский университет, 2017. – 114 с.

References:

1. Order of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan dated 12.01.2022, № 6. «On approval of the Rules of psychological and pedagogical support in educational organizations» (registered in the Ministry of Justice of the Republic of Kazakhstan dated 18.01.2022, No. 26513). - Astana, 2022.
2. Yeliseeva I.G., Ersarina A.K. Psychological and pedagogical accompaniment of children with special educational needs in the public school: methodological recommendations. – Almaty: NNPC CP, 2019. –118 P.
3. Tolstosheyn V.M. Analysis of the understanding of "Psychological enhancement" in Russian literary / Psychological approaches to personality image in the system of "people - society": international accumulation of scholarly articles. – Sofia: Sveti Nicole, 2018. pp. 165-169.
4. Gaidarova E.I., Kuzmicheva T.V. Speciality of psychological and pedagogical support of inclusive education in preschool educational organizations / *Innovative research*. - M., 2021. № 4-2 (6). pp. 112-118. <https://doi.org/10.5281/zenodo.4782038>
5. Gorshkova E.V. Psikhologo-pedagogicheskoe soprovozhdeniye uchashchikh s osobennymi obrazovatel'nymi nezhnosti v usloviyakh inclusionii [Psychological and pedagogical support of students with special educational needs in the conditions of inclusion]. – 2016. – № 5-3. <https://eduherald.ru/ru/article/view?id=15950>
6. Basalaeva N.V., Kazakova T.V., Levshunova Zh.A.; edited by Zh.A. Levshunova. Krasnoyarsk: Sib. Feder. University, 2020. - 77 P.
7. Fetaliyeva L.P., Abdulatipova E.A. Psikhologo-pedagogicheskoe soprovozhdeniye detey s osobennymi vozmozhnostmi i obrazovatel'nymi potrebnoyimi inklyuzivnogo obrazovaniya [Psychological and pedagogical support of children with special opportunities and educational needs in inclusive education]. Moscow, - 2020. Page. 249-253.
8. Batrakova, M.A. Vozmozhnosti neiropsikhologicheskoy korrektsii v preodolenii uchebnykh trudnosti u mladshogo podrostka s sindrom defitsita vnimaniya i hyperaktivnosti [Possibilities of neuropsychological correction in overcoming educational difficulties in a younger teenager with a syndrome of attention deficit and hyperactivity]. 2022. № 20 (415). pp. 208-210. <https://moluch.ru/archive/415/91672/>

9. Semenovich A.V. *Programma korrektsionnoy raboty v shkole [Correctional work program at school]. Psychological and pedagogical support of the educational process. Moscow, Drofa Publ., 2015. 112 p. ISBN: 978-5-358-14570-2.*

10. Fotekova T.A. *Dinamika vysshikh psikhicheskikh funktsii v mladnom podrostkovom vozraste [Dynamics of higher mental functions in younger adolescence]. 2020. № 5. pp. 10–12.*

11. Tsvetkov A.V. *Metody neuropsikhologicheskoy korrektsii sindroma vneseniya s hyperaktivnosti [Methods of neuropsychological correction of attention deficit syndrome with hyperactivity]. 2010. № 4. pp. 33–40.*

12. Obidina O.K. *Metody neuropsikhologicheskoy diagnostiki [Methods of neuropsychological diagnosis]. Teaching aid. Bishkek: Kyrgyz-Russian Slavic University, 2017. 114 P.*

МРНТИ: 15.21.41

10.51889/2959-5967.2024.79.2.025

С.Ж. Өмірбек,¹ М.С. Татимова¹, А.С. Оспанова¹

*¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ АҚЫЛ-ОЙ КЕМІСТІГІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ЕСТЕ САҚТАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУҒА ҮШІН КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада зият бұзылысы бар балардың танымдық дамуында кездесетін қиындықтар туралы қысқаша талданды. Әсіресе, есте сақтау қабілеті бұл категориядағы балаларда өте төмен деңгейде. Абстрактілі ойлаудың қиындықтары: бұл балалар абстрактілі ұғымдарды түсінуде қиындықтарға тап болады және нақты және көрнекі мысалдарды қажет етеді. Шектеулі сөздік қоры: сөйлеудің дамуы баяулауы мүмкін, олардың сөздік қоры шектеулі және күрделі сөйлемдерді құруда қиындықтар болуы мүмкін. Назар аудару қиындықтары: Зият бұзылысы бар балаларда ұзақ уақыт бойы бір тапсырмаға назар аудару қиынға соғады. Эмоционалды және мінез-құлық ерекшеліктері: бұл балалар эмоционалды сезімтал болуы мүмкін және көңіл-күйдің күрт өзгеруіне ұшырауы мүмкін. Әлеуметтік ерекшеліктері: қарым-қатынастағы қиындықтар: Бұл балалар әлеуметтік байланыстарды орнатуда және сақтауда қиындықтарға тап болуы мүмкін, бұл әлеуметтік оқшаулануға әкелуі мүмкін. Әлеуметтік нормаларды түсіну проблемалары: Ақыл-ойы бұзылған балалар әлеуметтік нормалар мен ережелерді түсінуде және сақтауда қиындықтарға тап болуы мүмкін. Физикалық ерекшеліктері: қозғалысының баяулауы: Мұндай балалардың моторикасы құрдастарына қарағанда баяу дамуы мүмкін. Моторика қиындықтары: Олар қозғалысты үйлестіруде және ұсақ моторикада қиындықтарға тап болады.

Даму әлеуеті: қиындықтарға қарамастан, ақыл-ойы бұзылған балалардың даму әлеуеті бар және оқыту мен тәрбиеге деген дұрыс көзқараспен айтарлықтай жетістіктерге жете алады. Баланы қолдау мен дамытудың тиімді бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру үшін ата-аналармен және мамандармен (психологтар, логопедтер, дефектологтар) ынтымақтасу маңызды. Бұл ерекшеліктерді түсіну ақыл-ойы бұзылған балалардың әлеуетін барынша арттыруға ықпал ететін қолайлы білім беру және білім беру ортасын құруға көмектеседі.

Бұл қиындықтарды шешімін табуда компьютерлік технологиялардың маңызына тоқталдым. Компьютерлік технологияларды оқыту процесінде қолданудың артықшылықтары, маңызды аспектілері баяндалған. Компьютерлік технологияның ұтымды қолдануды жүзеге асыратын жолдар жайлы ақпараттар кесте түрінде берілді. Интерактивті оқыту бағдарламалары; жеке ықпал ету тәсілі; ойындар мен есте сақтау жаттығулары; мультимедиялық ресурстарды пайдалану туралы ақпараттар мысал ретінде келтірілді. Компьютерлік

технологияны қолдану зерде бұзылысы бар балалардың оқу процесін едәуір байыта алады, олардың когнитивті және эмоционалды дамуына ықпал етеді. Осы аспектілердің барлығын ескере отырып, мектепке дейінгі баланың қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Осы жастағы балалардың дамуын қолдау және ынталандыру олардың мектептегі, мансаптағы және жеке өміріндегі жетістіктері үшін ұзақ мерзімді әсер етеді.

Кілт сөздер: компьютерлік технология, мультимедия, интерактивті оқыту, мектепке дейінгі жас кезеңі, зият бұзылысы, есте сақтау, білім алуда ерекше қажеттілігі бар.

Омирбек С.Ж.¹, Татимова М.С.¹, Оспанова А.С.¹

¹Казахский национальный женский педагогический университет,
г. Алматы, Казахстан

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ КОМПЬЮТЕРНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ДЛЯ РАЗВИТИЯ ПАМЯТИ У ДЕТЕЙ С НАРУШЕНИЕМ ИНТЕЛЛЕКТА ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Аннотация

В этой статье кратко проанализированы трудности, с которыми сталкиваются дети с расстройством интеллекта в когнитивном развитии. В частности, память находится на очень низком уровне у детей этой категории. Трудности абстрактного мышления: эти дети испытывают трудности с пониманием абстрактных концепций и нуждаются в конкретных и наглядных примерах. Развитие речи может замедляться, у них ограниченный словарный запас и могут возникнуть трудности с построением сложных предложений. Трудности с вниманием: детям с расстройством интеллекта трудно сосредоточиться на одной задаче в течение длительного времени. Эмоциональные и поведенческие особенности: эти дети могут быть эмоционально чувствительными и испытывать резкие перепады настроения. Социальные особенности: трудности в общении: эти дети могут испытывать трудности с установлением и поддержанием социальных связей, это может привести к социальной изоляции. Физические особенности: замедление движений: моторика таких детей может развиваться медленнее, чем у сверстников. Проблемы с моторикой: у них возникают проблемы с координацией движений и мелкой моторикой.

Потенциал развития: несмотря на трудности, умственно отсталые дети имеют потенциал развития и могут добиться значительных успехов при правильном подходе к обучению и воспитанию. Для разработки и реализации эффективных программ поддержки и развития ребенка важно сотрудничать с родителями и специалистами (психологами, логопедами, дефектологами). Понимание этих особенностей может помочь создать благоприятную образовательную и образовательную среду, которая будет способствовать максимизации потенциала умственно отсталых детей.

Я остановился на важности компьютерных технологий для решения этих проблем. Излагаются преимущества, важные аспекты применения компьютерных технологий в процессе обучения. Информация о путях, осуществляющих рациональное применение компьютерных технологий, представлена в виде таблиц. В качестве примеров приводятся интерактивные обучающие программы; индивидуальный подход к влиянию; игры и упражнения на память; информация об использовании мультимедийных ресурсов. Использование компьютерных технологий может значительно обогатить процесс обучения детей с нарушениями интеллекта, способствовать их когнитивному и эмоциональному развитию. Дошкольный период играет важную роль в становлении ребенка. Поддержка и стимулирование развития детей этого возраста имеет долгосрочные последствия для их достижений в школе, карьере и личной жизни.

Ключевые слова: компьютерные технологии, мультимедиа, интерактивное обучение, дошкольный возраст, интеллектуальное расстройство, память, с особыми потребностями в обучении.

S.J. Omirbek¹, M.S.Tatimova¹, Ospanova A S.¹
¹Kazakh National Women's Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

PSYCHOLOGICAL ASPECTS OF USING COMPUTER TECHNOLOGIES FOR MEMORY DEVELOPMENT IN PRESCHOOL CHILDREN WITH INTELLECTUAL DISABILITIES

Abstract

This article briefly analyzes the difficulties faced by children with intellectual disability in cognitive development. In particular, memory is at a very low level in children of this category. Difficulties in abstract thinking: These children have difficulty understanding abstract concepts and need concrete and illustrative examples. Speech development may slow down, they have a limited vocabulary and may have difficulty constructing complex sentences. Children with an intellectual disability find it difficult to focus on one task for a long time. Emotional and behavioral characteristics: These children may be emotionally sensitive and experience sudden mood swings. Communication difficulties: These children may have difficulty establishing and maintaining social connections, this can lead to social isolation. Problems with understanding social norms: Children with mental disorders may have difficulty understanding and complying with social norms and rules. Motor problems: They have problems with coordination of movements and fine motor skills.

Development potential: despite the difficulties, mentally retarded children have the potential for development and can achieve significant success with the right approach to education and upbringing. To develop and implement effective child support and development programs, it is important to cooperate with parents and specialists (psychologists, speech therapists, speech pathologists). Understanding these characteristics can help create a supportive educational and learning environment that will help maximize the potential of mentally retarded children.

I focused on the importance of computer technology to solve these problems. The advantages and important aspects of the use of computer technology in the learning process are outlined. Information on the ways to implement the rational use of computer technology is presented in the form of tables. Examples include interactive training programs; an individual approach to influence; games and memory exercises; information on the use of multimedia resources. The use of computer technology can significantly enrich the learning process of children with intellectual disabilities, promote their cognitive and emotional development. Supporting and stimulating the development of children of this age has long-term consequences for their achievements in school, career and personal life.

Keywords: computer technology, multimedia, interactive learning, preschool age, intellectual disability, memory, with special learning needs.

КІРІСПЕ. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу, яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу. Бүгінгі күні өкінішке қарай білім алуда ерекше қажеттілігі бар балалар саны артып келеді. Бұл балалар категориясында біздің тоқталатынымыз, зият бұзылысы бар мектеп жасына дейінгі балалар.

Мектепке дейінгі жас – бұл баланың дамуындағы маңызды кезең. Мына төменде көрсетілген міндеттерді атап көрсетсек болады:

Білім беру және даму негіздері: мектепке дейінгі жаста білім беру және даму негіздері қалыптасады. Бұл балалар болашақта табысты оқу үшін қажетті негізгі дағдылар мен білімді игере бастайтын уақыт.

Әлеуметтік және эмоционалдық даму: бұл жаста балалар басқа балалармен және ересектермен қарым-қатынас жасауды, әлеуметтік бейімделу, эмпатия, ынтымақтастық және эмоцияларын басқару дағдыларын дамытуды үйренеді.

Моторика мен кеңістікке бағдарлануды дамыту: мектепке дейінгі жаста моторика мен қозғалысты үйлестіру дамиды, бұл денсаулық пен белсенді өмір салты үшін маңызды.

Тілді дамыту: бұл кезең сөйлеу және тілдік дағдыларды дамыту үшін өте маңызды. Мектепке дейінгі жас - балалар сөйлеуді, сөйлеуді түсінуді белсенді үйреніп, грамматика мен лексика негіздерін меңгере бастайтын уақыт.

Когнитивті дағдыларды дамыту: бұл жаста балалар зейін, есте сақтау, ойлау және т.б сол сияқты когнитивті дағдыларды дамыта бастайды. Бұл оларға жаңа білім мен дағдыларды үйренуге көмектеседі.

Тұлғаның қалыптасуы: бұл кезең баланың жеке тұлға ретінде қалыптаса бастауы, оның өзін-өзі бағалауы, өзіне деген сенімділігі, тәуелсіздігі мен жауапкершілігі қалыптасады.

Компьютерлік технологияны қолданудың артықшылықтары:

Интерактивті оқыту: компьютерлік ойындар мен бағдарламалар жарқын және қызықты. Бұл балалардың назарын аударуға және оқу процесін қызықты етуге көмектеседі.

Жедел кері байланыс: балалар өз әрекеттерінің дереу нәтижелерін алады, бұл оларға тапсырманың дұрыс орындалғанын түсінуге көмектеседі.

Бейімделу және даралау: жекелендірілген тәсіл: бағдарламалар баланың даму деңгейіне сәйкес тапсырмалар бере отырып, оның жеке қажеттіліктеріне бейімделе алады.

Оқу қарқыны: балалар материалды игеру үшін қажет болғанша тапсырмаларды бірнеше рет қайталау арқылы өз қарқынымен жұмыс істей алады.

Мотивация және ынталандыру: компьютерлік ойындардағы марапаттар мен жетістіктер жүйесі балаларды жаңа жетістіктерге жетуге және дағдыларын жетілдіруге ынталандырады.

Жарыстар мен қиындықтар: балалар виртуалды жарыстарға қатыса алады, бұл оларды нәтижелерді жақсартуға итермелейді.

Қол жетімділік және ыңғайлылық: бағдарламалардың кең таңдауы – білім беру мекемелерінде де, үйде де қолдануға болатын әртүрлі құрылғыларға (компьютерлер, планшеттер, смартфондар) арналған көптеген бағдарламалар мен қосымшалар бар.

Уақыт пен орынның икемділігі: сабақтар кез-келген ыңғайлы уақытта және кез-келген жерде өткізілуі мүмкін, бұл оқуды икемді және қол жетімді етеді.

ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ. Компьютерлік технологияны қолданудың маңызды аспектілері:

Бақылау және мониторинг: шамадан тыс пайдалану мен денсаулыққа теріс әсер етпеу үшін балалардың компьютерде өткізетін уақытын бақылау маңызды. Баланың үлгерімін үнемі бақылау білім беру бағдарламасын оның қажеттіліктеріне сәйкес реттеуге мүмкіндік береді. Оқытудың басқа әдістерімен интеграциялау: компьютерлік технологиялар дәстүрлі оқыту әдістерін алмастырмай, толықтыруы керек. Оларды ойын, жаттығу және әлеуметтік өзара әрекеттесу сияқты белсенділіктің басқа түрлерімен үйлестіру маңызды.

Ата-аналар мен тәрбиешілерді оқыту және қолдау: ата-аналар мен тәрбиешілер балаларға оқу процесінде тиімді көмектесу үшін компьютерлік технологияны дұрыс қолдануға үйретілуі керек.

Компьютерлік технологияны қолдану зерде бұзылысы бар балалардың оқу процесін едәуір байыта алады, олардың когнитивті және эмоционалды дамуына ықпал етеді.

Осы аспектілердің барлығын ескере отырып, мектепке дейінгі баланың қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Осы жастағы балалардың дамуын қолдау және ынталандыру олардың

мектептегі, мансаптағы және жеке өміріндегі жетістіктері үшін ұзақ мерзімді әсер етеді. Білім алуда ерекше қажеттілігі бар балалар категориясында зиятының бұзылысы бар балалар категориясын алып, талқылаймын.

Зият бұзылысы бар балалардың есте сақтау қабілетінің дамуындағы қиындықтарға мыналар жатады: шектеулі есте сақтау қабілеті – бұл үлкен көлемдегі ақпаратты бір уақытта есте сақтай алмайды және ақпараттарды саралау, өңдеуде қиналады. Бұл белгілі бір іс-әрекеттер жасауда немесе көптеген нұсқауларды есте сақтауды қажет ететін тапсырмаларды орындауда қиындықтарға әкелуі мүмкін. Балалар оқиғалар тізбегін немесе уақыт көрсеткіштерін есте сақтауда қиындықтарға тап болады. Мәтіндерін түсінуде және ондағы себеп-салдарлық байланысты таба алмайды. Кейіпкерлер, оқиға ретін есте сақтамайды. [1]

Бұл категориядағы балалардағы байқалатын тағы бір қиындықтар: жұмысқа қабілеттілігінің төмен болуы, яғни тез жалығады, импульсивті. Қиындықтардың шешімін табуда мектепке дейінгі жастағы зият бұзылысы бар балалардың есте сақтау қабілетін дамыту үшін компьютерлік технологияны қолданудың маңыздылығы зор.

